

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

Экология кафедрасы

Т.М. Блисов, Н.Е.Калимов, Т.И. Чехова

ТОПЫРАҚТАНУ ГЕОЛОГИЯ НЕГІЗДЕРІМЕН

Оқу - әдістемелік құралы

5B080100 - Агрономия мамандығы бойынша оқитын студенттеріне
арналған

Қостанай, 2015

ББК 40.3 (26,3)

Б 63

Авторлар:

Блисов Тілеубай Матайұлы, а.ш.-ғ.к., экология кафедрасының доценті
Калимов Ниязбек Ерханович, а.ш.-ғ.к., агрономия кафедрасының менгерушісі
Чехова Татьяна Ивановна, б.ғ.к., экология кафедрасының доценті

Пікір білдірушілер:

Ахмет А.З., а.ш.-ғ.к., агрономия кафедрасының профессоры
Дюсебаев Б.К., а.ш.-ғ.к., М. Дулатов атындағы ҚИПУ ауыл шаруашылық
технология кафедрасының доценті
Жемпийсов Ш. С., а.ш.-ғ.к., агрономия кафедрасының профессоры

Блисов Т.М., Калимов Н. Е., Чехова Т. И.

Б 63 Топырақтану геология негіздерімен: Оку - әдістемелік құралы - Қостанай:
А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2012. – 83 б.

Оқу әдістемелік құралында дәрістер курсы, бақылау сұрақтар және пайдаланылған әдебиеттер тізімі баяндалған. Дәрістер құрамында келесі тақырыптар туралы мағлұматтар көлтіріліп, олардың топырақтың түзілуіне, құрамы мен қасиеттеріне деген әсері сипатталған: геология пәні және жердің пайда болуы және құрылышы; топырақтану пәніне кіріспе; үгілу және топырақ түзілу процестері; топырақтың органикалық бөлігі; топырақ коллоидтары және топырақтың сініру қабілеті; топырақтың су, ауа, жылу қасиеттері және режимдері; топырақ құнарлылығы; тайгалы-орман және орманды дала аймақтарының топырақтары; қара топырақтар; қуаң дала, шөлді-дала, шөлді және тауалды-шөлді-дала аймақтарының топырақтары және интрааймақтық топырақтар.

5B080100 - Агрономия мамандығы бойынша оқытын студенттеріне арналған

ISBN 978-601-7322-55-7

ББК 40.3 (26,3)

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің оку-
әдістемелік кеңесімен, _____. _____. 2012 ж. мақұлданған № хаттамасы

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, 2015

Мазмұны

Алғы сөз.....	5
1 Тақырып Геологияға кіріспе. Жердің пайда болуы және құрылышы.....	7
1.1 Геология пәні, оның міндеттері және негізгі салалары.....	7
1.2 Геологияның ғылым ретінде қалыптасуы, даму сатылары.....	8
1.3 Жердің пайда болуы жайындағы түсініктер. Жердің қысқаша даму тарихы.....	8
1.4 Жердің пішіні, құрылышы, физикалық қасиеттері.....	9
2 Тақырып Топырақтану пәніне кіріспе.....	11
2.1 Топырақтану пәні және оның міндеттері	11
2.2 Топырақ ерекше табиғи деңе.....	12
2.3 Топырақтың табиғаттағы, адам өміріндегі алатын орны және маңызы.	13
2.4 Топырақтың экологиялық қызметі.....	15
2.5 Топырақтанудың басқа ғылымдармен байланысы, оның басты ғылыми салалары.....	16
2.6 Топырақтану ғылымының даму тарихы.....	17
2.7 Қазақстан топырақтарын зерттеу тарихына қысқаша шолу.....	22
3 Тақырып Үгілу және топырақ түзілу процестері.....	23
3.1 Үгілу, үгілу типтері.....	23
3.2 Топырақ түзу жыныстары.....	27
3.3 Топырақ түзілу процесінің жалпы схемасы, геологиялық, биологиялық және биогеохимиялық айналымдар.....	30
3.4 Топырақ құрылу процестері және құбылыстары.....	32
4 Тақырып Топырақтың органикалық бөлігі.....	39
4.1 Топырақтың органикалық бөлігінің көздері.....	39
4.2 Органикалық қалдықтардың топырақта өзгеру процестері.....	40
4.3 Гумустың құрамы.....	41
4.4 Топырақтың гумустық жай-күйінің көрсеткіштері.....	42
4.5 Гумустың топырақ түзілу, топырақ құнарлығы және өсімдіктердің қоректенуіндегі рөлі.....	43
5 Тақырып Топырақ коллоидтары және топырақтың сіңіру қабілеті.....	44
5.1 Топырақ коллоидтары, олардың құрылышы, қасиеттері және құрамы.....	44
5.2 Топырақтың сіңіру қабілеті және оның түрлері.....	45
5.3 Топырақтың сіңіру сиымдылығы және әртүрлі топырақтардағы алмасу катиондарының құрамы.....	46
5.4 Топырақтың сіңіру қабілетінің маңызы.....	47
5.5 Топырақ қышқылдығы, сілтілігі.....	47
5.6 Топырақтың буферлігі.....	49
6 Тақырып Топырақтың су, ауа, жылу қасиеттері және режимдері.....	49
6.1 Топырақ ылғалының маңызы. Топырақ ылғалының категориялары...	50
6.2 Топырақтың су қасиеттері:су ұстасу қабілеті, су өткіштілігі.....	51
6.3 Су режимі және оның түрлері.....	52
6.4 Топырақта ылғал жио және сақтау шаралары.....	53

6.5 Топырақ ауасы, оның құрамы, агрономиялық маңызы.....	54
6.6 Топырақтың ауа қасиеттері.....	55
6.7 Топырақтың жылу қасиеттері.....	55
6.8 Топырақтың жылу режимі және оны реттеу шаралары.....	56
7 Тақырып Топырақ құнарлылығы.....	58
7.1 Топырақ құнарлылығы ұғымы.....	58
7.2 Топырақ құнарлылығының категориялары және түрлері.....	58
7.3 Топырақ құнарлылығының факторлары.....	59
7.4 Әртүрлі топырақтар түрлерінің құнарлылығы.....	60
7.5 Топырақ құнарлылығын арттыру шаралары.....	61
8 Тақырып Тайгалы-орман және орманды дала аймақтарының топырақтары.....	61
8.1 Тайгалы-орман топырақтары.....	61
8.2 Қоңыр орман топырақтары.....	64
8.3 Сұр орман топырақтары.....	64
9 Тақырып Қара топырақтар.....	65
9.1 Қара топырақтардың түзілу жағдайлары.....	66
9.2 Қара топырақтардың пайда болуы және қара топырақтар кескінінің қалыптасуы жайындағы қазіргі түсініктер.....	66
9.3 Қара топырақтың құрылышы.....	67
9.4 Қара топырақтардың класификациясы (жіктеу).....	67
9.5 Қара топырақтың қасиеттері.....	68
9.6 Қара топырақтар құнарлылығын арттыру, эрозия және құрғақшылықпен құресу шаралары.....	68
10 Тақырып Қуанұн даңы, шөлді-даңы, шөлді және тауалды-шөлді-даңы аймақтарының топырақтары.....	68
10.1 Қара қоңыр топырақтар, құрылышы және қасиеттері.....	69
10.2 Құба (боз) топырақтар, құрылышы және қасиеттері.....	70
10.3 Қоңыр (бурые), сұршыл-қоңыр (серо-бурые пустынные) топырақтар, құрылышы және қасиеттері.....	72
10.4 Тақырлар.....	75
10.5 Қуанұн даңы, шөлді және шөлейт аймақтары топырақтарының құнарлылығын арттыру шаралары.....	76
11 Тақырып Интрааймақтық топырақтар.....	77
11.1 Кебірлер, құрылышы және қасиеттері.....	77
11.2 Сортандар, құрылышы және қасиеттері.....	79
11.3 Солодътар (кермекті топырақтар).....	80
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	82

Алғы сөз

Қазіргі кезде ауыл шаруашылық өндірісін дамытуда еліміздің жер ресурстарын ұтымды және интенсивті пайдалану ең негізгі мәселе болып саналады. Осыған орай жер ресурстарын пайдалануды жақсарту қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыруға бағытталған жалпы шаралар жүйесінде ең алдыңғы жоспар ретінде ұсынылады.

Жер – қоғамның байлық көзі, ол еңбек, су және биоклиматтық ресурстармен бірге өндіріс құралы болып саналады.

Табиғаттың ғаламат туындысы топырақ. Ол жер кабығының ең үстін алып жатқан құнарлық қабаты. Топырақтың ерекше қасиеттерінің әсері осы ортада өсімдік өніп, тамыр жүйесі дамып, өсіп жетіліп, фотосинтез арқылы органикалық заттар түзіп халыққа азық-түлік, өндіріске шикізат беруін қамтамасыз етеді. Сонымен бірге топырак табиғи экологиялық жүйелердің басты құрамды бөлігі болып келеді.

Жер, оның ең үстіңгі құнарлық қабаты топырақ жамылғысы, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, көлік және басқа да халық шаруашылығы салаларының дамуының негізі болып саналады. Адамның өмір сүру және өндірісте іс әрекет ету үшін қажетті материалдық жағдайлар ішінде жер өзінің топырақ жамылғысы, қазбалы байлықтары, ормандары мен суларымен ерекше орын алады. Осыған орай ол кезкелген өндірістік процестің бірінші жаршысы және табиғи негізі.

Ауыл шаруашылық дақылдарын өсіп-өндіруге пайдалынатын немесе осыған арналған ауыл шаруашылық алқаптарының топырақ жамылғысы, құрлықтың тек 10% ала отырып, адамзатты қоректік өнімдердің 88% және өндіріске қажет көптеген шикізатпен қамтамасыз етеді.

Өндірістің дамуымен оның төңірегіне табиғи қордың шоғырлану үлесі өсе береді, экономикалық, әлеуметтік, технологиялық, биологиялық процестердің өзара байланысы күшіне түседі. Өндіріс тек қана материалдық игілік жасаумен шектелмей, қоршаған ортаны қорғау, табиғатта экологиялық тепе-тендігін сактау тиіс. Осыған байланысты табиғат қорларын, соның ішінде топырақ жамылғысын қорғау ең бір маңызды экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мәселе.

Сол мәселелердің ішінде ең маңыздылары болып топырақтардың құнарлығын арттыру, су және жел эрозиясынан, қайта тұзданудан, құргаудан, өнеркәсіп шығарындыларынан ластанудан сактау және жерлерді бастапқы қалпына келтіру шаралары болып табылады. Бұл мәселелерді шешу үшін еліміздің жер қорларын сапалық жай-қүйі туралы толық, сенімді ақпарат жинақталуы және болуы керек. Сонымен қатар ғылыми негізде ұйымдастырылатын шаралар жер қорларының сапалық жай-қүйін жан-жақты зерттеу және есепке алуға негізделеді. Осыған орай бұл мәселелердің жоғары деңгейде шешілуі мамандардың, оның ішінде агрономдардың біліктілігімен тікелей байланысты.

Пәнді оқыту мақсаты – студенттерге топырақтану ғылымы туралы теориялық білім беру, ландшафттарда топырақтардың таралу және өзара

байланыс заңшылықтарын, олардың физикалық, химиялық, физико-химиялық және басқа да қасиеттерін зерттеу әдістемесін үйрету, топырақтармен (топырақ монолиттері, топырақ ұлгілірі және минералдар) жұмыс істеуге қажетті білім, дағдылар және машиналар жиынтығын қалыптастыру.

1 Тақырып Геологияға кіріспе. Жердің пайда болуы және құрылышы

Мақсаты: Геологияның міндеттері мен негізгі салаларын оқып білу, Жердің пішіні, құрылышы және физикалық қасиеттерімен танысу.

Дәріс сұрақтары:

- 1.1 Геология пәні, оның міндеттері және негізгі салалары
- 1.2 Геологияның ғылым ретінде қалыптасуы, даму сатылары
- 1.3 Жердің пайда болуы жайындағы түсініктер. Жердің қысқаша даму тарихы
- 1.4 Жердің пішіні, құрылышы, физикалық қасиеттері

1.1 Геология («geo»- грекше жер; «logos»-ілім, ғылым - бұл Жердің құрылышын, құрамын, пайда болуын, даму тарихын және оның үсті мен қойнауында өтіп жатқан түрлі құбылыстарды зерттейтін ғылым.

Жалпы геология Жердің асты-үстінде болып жатқан процестерді зерттейді. Геологияның зерттеу заты: тарихы, қасиеттері, құрылышы және Жердің «қатты» құрамы – жер қабығы және мантия.

Геологияны оның әртүрлі міндеттеріне қарай бірқатар пәндерге бөледі: минералогия, петрография, геохимия, қазба байлықтар туралы ілім, тарихи геология, палеонтология, геоморфология, геофизика және т.б.

Минералогия, петрография және геохимия Жердің минералогиялық құрамын зерттейді.

Қазба байлықтар туралы ілім – жер қыртысындағы қазба байлықтардың пайда болу ерекшелігін, таралуын зерттейтін геология саласы.

Тарихи геология – жер қыртысының уақыт аралығында және кеңістіктегі өзгерістерін зерттеп, органикалық әлемнің жер қыртысының дамуымен байланысын анықтайды.

Палеонтология - өткен геологиялық кезеңдерде жерде болған және қазба қалдықтар ретінде сақталған жануарлар және өсімдіктер әлемін зерттейтін ғылым.

Геоморфология – жер бедерін (рельеф), түрлерін, пайда болуын және даму зандалықтарын зерттейтін ғылым.

Геотектоника – жер қыртысының жылжуды және демормациясын, жердің даму үрдесінде тау жыныстарымен қарым-қатынасын зерттейтін ғылым.

Гидрогеология – жер астындағы суларды, олардың пайда болуын, құрамы мен құбылысын, таралуын, олардың жер қыртысындағы механикалық және химиялық әсерін зерттейтін ғылым.

Геофизика – Жер шарын зерттеуге физикалық әдістер қолданатын ғылым.

Сонымен, геология жаратылыстанудың күрделі сұрақтары – Жердің пайда болуы және материктер мен мұхиттар, таулар мен кеңістік, минералдар, тау жыныстары және әртүрлі пайдалы қазбалардың жарапуын қарастырады және Жердің әлпетін түбегейлі өзгеретін процестердің өзгеше іс-әрекетін көрсетеді.

1.2 Геологияның ғылым ретінде аяғына тұруы 18 ғасын мен 19 ғасырдың басына жатады. Геологиялық ғылымның негізін қураушылардың бірі болып М.В.Ломоносов саналады.

Жаратыстануда прогрессивті ілімдердің дамуына ат салысқан И.Кант (1755) болды. Ол Жер мен Күн жүйесінің өзінің даму тарихы бар екенін айтқан болатын. Кейіннен бұл көзқарасты Англия ғалымы Д. Геттон (1795) дамытты, ол Жердің ішкі күштеріне көп көңіл аударған (плутонизм, Плутон көне римдіктердің жер астының құдайы болып саналатын).

Бұл көзқарастарға қарсы неміс ғалымы А.Г.Вернер (1750-1817) жердің барлық құрамындағы заттар су ерітіндісінен пайда болды, олай болса Жердің өзгеруінде су негізгі фактор (нептунизм, Нептун – теңіз құдайы). А. Вегнердің айтуынша Жерді су басқан, сол судан біртіндеп гнейстер, граниттер пайда болды деген, осыған байланысты оны минералогияның негізін қалаушы деп санайды.

19 ғасындың басында Ж. Кювьеңің апattар ілімінің орнына геологияда Ж. Б. Ламарк, Ч. Лайель, Ч. Дарвиннің эволюциялық ілімдері пайда болы.

Эволюциялық көзқарастардың дамуына біраз атсалысқан ғалымдар Э.Зюсс және орыс ғалымдары - А.П.Карпинский, В.А.Обручев, И.В.Мушкетов, А.П.Павлов, сонымен қатар А.Е.Ферсман, А.Д.Архангельский, И.М.Губкин.

Қазақстанда 20 ғасырда геология ғылымының дамуына, еліміздің жер қойнауындағы табиғи қазбаларды барлап, аса бағалы кен орындарын тауып, өндіріс орындарын ашу жұмыстарының қарқынды жүруіне қазақтың тұнғыш инженер – геолог ғалымы, академик Қ. И. Сатпаеворсан зор еңбек сінірді.

1.3 Жердің пайда болу проблемасы көне заманнан-ақ талайларды толғантқан. Көне гректерде біздің әраға дейін екі-үш жүзжылдықта бұл проблемаға байланысты біріне-бірі қарама қарсы екі көзқарас болған болатын. Солардың бірінде Күн жүйесі геоцентрлі құрылған, әлемді жаратушы ортасында қозғалмайтын Жер, ал Күн жүйесінің қалған планеталары, күннің өзі және басқа да жұлдыздар Жерді айналып жүреді. Екінші көзқарас бойынша әлемді жаратушы ортасы - Күн.

16 ғасырдың ортасында поляктың ұлы астрономы Н. Коперник (1473-1543 г.г.) гелиоцентрлік теорияны математикалық түрғыдан дамытты. Коперниктің ізбасарлары болып Дж. Бруно, Г.Галилей, И. Кеплер, И.Ньютоң саналады. Күн жүйесінің пайда болуын түсіндіру үшін И. Кеплердің (1571-1630 ж.ж.) планеталардың қозғалысы туралы және И. Ньютоңның (1643-1727 ж.ж.) бүкіләлемдік тартылыс заңдарының маңыздылығы өте зор болды. Жердің пайда болуы жайында көптеген ғылыми тұжырымдар ұсынылған болатын.

18 ғасырдың ортасында М.В.Ломоносов Жердің дамуының геологиялық процестерін ашты, ол Жердегі барлық құбылыстар тұрақсыз, уақытқа байланысты дами отырады деп қарастырды. Ол күнді – балқыған дене, ал Жерге бұл өткен саты деп санады. Жердің пайда болуы жайындағы проблеманы шешуде М.В.Ломоносовтың Жердің қысылуы оның салқындауы немесе сууына байланысты және сүйық ядроның болуы күмәнді деген идеясы маңызды.

Күн жүйесінің пайда болуы жайындағы бірінші ғылыми тұжырымды айтқан немесе философы И. Кант (1724-1804 г.г.) болатын. Бұл тұжырым 1755 ж жаратылыстану ғылымдарында метафизикалық көзқарастар үстем болған кезде айтылған болатын.

И. Кант теориясының немесе ғылыми тұжырымының (гипотеза) негізіне ақиқатты физикалық күштер – тартылыс немесе өзіне тарту және итеру салынған. Күн жүйесі ретсіз немесе бейберекетсіз жай-күйіндегі алғашқы шаңтәріздес материядан немесе бөлшектерден пайда болған. Бұл мөлшерлері әртүрлі бөлшектер бүкіләлемдік ауырлық (тартылыс) заңы бойынша қозғалысқа келеді де әртүрлі жүлдүзды ұйысыпқалғандарға айналады, соңынан олар өте ұсақтарын өздеріне қосып алады. Осылай ірі ұйысыпқалғандар немесе қоюланғандар пайда болады, олар соңынан оңашаланған жүлдүздар болып саналады.

Тура сондай ғылыми болжамды өз бетімен «Аспан механикасы» (1797 ж.) деген еңбегінде француз математигі П. Лаплас (1749-1827ж.ж.) жазды. Сондықтан бұл болжам кейде Кант-Лаплас болжамы деп аталады. Оның пікірінше, Күн жүйесі Фарыш кеңістігінде бұлттай ұшып жүрген қызған тұмандықтың біртіндеп қоюлануынан жараптады. Орталықтан тепкіш күштердің тегеурінен қою тұмандық біртіндеп сақиналарға бөлшектене бастайды, соңынан сақина бойындағы тозаң-түйіршіктегі өзара жабысып бірігеді, тығыздалады да олпардың ең ірісі Күнге айналады, кішілері планеталарға айналады. Сондықтан да олардың бәрі жазықтықтағы орбитамен бір бағытта қозғалады.

Сонымен, жаратылыстануда ең бірінші И.Кант және П.С. Лаплас Күн жүйесінің дамуы ешқандай тыс күш – құдайдан емес табиғи күштердің әсерінен пайда болды деп тұжырымдаған.

Қазіргі кезде, сонымен қатар, академиктер О. Ю. Шмидт және В.Г.Фесенковтардың космогендік гипотезалары көпшілікке таныс ең бірінші.

1.4 Жер – күн жүйесінің басқа да планеталарына ұқсаған шар тәрізді пішіні бар, бірақ полюстер жағынан сөл қысылған дене. Бұл пішінді сфераид дейді, бірақ жер тек полюстер жағанан қысылуын ғана емес сонымен қатар жер бедерінің тегіс еместіктігі де ескеріледі де оның дұрыс емес геометриялы пішінін геоид деп атайды.

Жер құрамы бір текті емес, қалындығы да әртүрлі бірнеше сферадан тұрады. Сыртқы сфералары - атмосфера, гидросфера және ішкі – жер қабығы, аралық қабық немесе мантия және ядро немесе жер өзегі.

Атмосфера – Жердің газды сферасы. Жердің сыртқы қабаттарына атмосфера, гидросфера және биосфера жатады. Атмосфераның жерге жақын қабатында 78,08 % азот, 20,95 % оттегі, 0,9 % аргон, 0,03 % көмір қышқыл газы бар, ал қалған бөлігінде (0,04%) неон, гелий, су буы, шаң және басқа заттардан қаралған.

Атмосфера бірнеше қабатшаларға бөлінеді: тропосфера (8-15 км биіктікке дейін), стратосфера (8-15 дең 100 км-ге дейін) және одан әрі ионосфера.

Гидросфера – Жердің үзілмелі су қабығы. Құрамына мұхиттар, теңіздер, өзендер, көлдер және мұз жамылғылары жатады.

Гидросфераның негізгі бөлігін мұхиттар мен теңіздердің тұзды сулары құрайды, ал тұщы сулар барлық гидросфераның тек 0,3 % ғана алады.

Биосфера – Жердің тірі организмдер қоныстанған қабаты. Академик В. И. Виноградский биосфераны өмір аймағы деп атаған, оның қалындығы шамамен 30 км.

В.И.Вернадский биосфераның негізгі белгілері деп мыналарды санады:

- 1) тірі зат;
- 2) тір заттың қоршаған ортамен тығыз байланысы;
- 3) оның ғарышпен тұрақты материалды-энергетикалық алмасуы;
- 4) қозғалыстағы динамикалық тепе-тендік.

Тірі заттың әсерімен әртүрлі процестер жүреді. Тірі заттардың іс-әрекеттерінен оттегі, көмір қышқыл газы жиналады, топырақ жамылғысы қалыптасады, топырақтың үстіңгі қабатында гумус, минералдық заттар мөлшері артады.

Топырақ жамылғысы литосфераның ең аздаған бөлігін – педосфераны құрайды. Ол Жерде тіршілікті қамтамасыз етеді.

Жер қыртысы. Жер қыртысы деген Жердің сыртқы қатты қабаты. Геофизикалық мәліметтерге сүйенсек жер қыртысында негізгі үш біртексіз қабатты бөлуге болады: 1) шөгінді – салыстырмалы жұмсақ, кейде борпылдақ қабатты жыныстардан құрылады, олар су және ауа әсерінен Жер бетінде шөгілу нәтижесінде пайда болған, қалындығы біркелкі емес: ол бірнеше метрден 10-15 кгे дейін ауытқиды; 2) гранитті – шөгіндіден тығыздылау, қалындығы тұрақты емес, ең қуатты қалындық-50-60 км қазіргі тау жоталарының астында (Памир, Альпы); 3) базальт қабаты - өте тығыз, қалындығы 5 км-ден 30 км-ге дейін ауытқиды, физикалық қасиеттері және химиялық құрамы базальтарға жақын.

Жер қыртысының бірнеше түрлері бар: континенттік – барлық үш қабаттан тұрады; мұхиттық – шөгінді және базальты қабаттардан тұрады; аралық немесе субконтиненталдық – аралдық доғалар мен құрлықтар шегінде кездеседі, оларда граниттік қабаты бірсыныра қысқарған да құрлықтан әкелінген шөгінділермен алмасыды.

Мантия және жер өзегі (ядро). Мантия жердің ең қалың қыртысы, онда бір қатар аймақтар бөлінеді: жоғарғы мантия (900-1000 кгे шейін), ортағы мантия және төменгі мантия (3000 км-ге шейін).

Ядроның радиусы шамамен 250 км. Өзінің құрамы жағынан темір метеориттеріне жақын. Ядроны екі аймаққа бөледі: сыртқы ядро және ішкі ядро.

Жердің күшті гравитациялық өрісі бар, осыған байланысты өзінің маңында күшті газ қабаты – атмосфераны ұстап тұрады. Жердің өзіне тән физикалық қасиеті - магнетизмі.

Әдебиет

6, с.3-30; 2, с. 15-20; 18, 24-46 б; 19, 3-46б.

Бақылау сұрақтары:

1 Геология нені зерттейді?

2 Геологияның негізгі салаларын атаңыз.

3 Геологияның дамуына қандай ғалымдар үлкен үлес қосты.

4 Күн жүйесінің пайда болуы туралы негізгі гипотезаларды атаңыз.

5 Жер планетасының пішіні қандай?

6 Жер қандай қабықтардан тұрады?

2 Тақырып Топырақтану пәніне кіріспе

Мақсаты: Топырақтанудың міндеттері, табиғаттағы орны мен маңызы, топырақтың экологиялық қызметі, топырақтанудың басқа ғылымдармен байланысы, ғылыминың даму тарихы.

Дәріс сұрақтары:

2.1 Топырақтану пәні және оның міндеттері

2.2 Топырақ ерекше табиғи деңе

2.3 Топырақтың табиғаттағы, адам өміріндегі алатын орны және маңызы

2.4 Топырақтың экологиялық қызметі

2.5 Топырақтанудың басқа ғылымдармен байланысы, оның басты ғылыми салалары

2.6 Топырақтану ғылыминың даму тарихы

2.7 Қазақстан топырақтарын зерттеу тарихына қысқаша шолу

2.1 Табиғаттың ғаламат туындысы топырақ. Ол жер қабығының ең үстін алғып жатқан күнарлы қабаты. Топырақтың ерекше қасиеттерінің әсері осы ортада өсімдік өніп, тамыр жүйесі дамып, өсіп жетіліп, фотосинтез арқылы органикалық заттар түзіп халыққа азық-түлік, өндіріске шикізат беруін қамтамасыз етеді. Сонымен бірге топырак табиғи экологиялық жүйелердің басты құрамды бөлігі болып келеді.

Топырақтың құрылышын, құрамын, қасиеттерін, пайда болуымен дамуының зандылықтарын, географиялық таралуын, қоршаған ортамен байланысын, табиғаттағы маңызын, топырақты жақсарту және құнарсызданудан қорғау, халық шаруашылығында тиімді пайдалану жолдары мен әдістерін зерттейтін - топырақтану ғылымы.

Топырақтану ғылыминың негізін XIX ғасырдың аяғында орыстың ұлы ғалымы Василий Васильевич Докучаев (1846-1903) қалады. Өткен ғасырдың басында топырақтану жаратылыстану ғылыминың жеке жаңа саласы болып қалыптасты.

Топырақ туралы ғылыми тұрғыдан дұрыс түсінік В.В. Докучаевтың жемісті еңбегінің нәтижесінде пайда болып, дами түсті. Ол 1879 жылы Санкт-Петербургте жаратылыстану қоғамында жасаған баяндамасында- «топырақ дегеніміз жердің үстіңгі, қабатында жатқан, қараширіндімен азды-көпті мөлшерде боялған, тірі ағзалардың, ауа райының, жер бедерінің өзара қарым-қатынасы әсерінен пайда болған минералды-органикалық жаралынды зат» - деп көрсеткен.

Топырақтану ғылыминың алға басып, дамуна ерекше әсер еткен жоғарыда көрсетілген ғалымның топыраққа берген анықтамасында келесідей үш үлкен мән бар. Біріншіден, топырак ерекше табиғи деңе ретінде қаралып,

оның басқа табиғи денелерден ерекшеленетін қасиеттері бар екендігі. Екіншіден, топырақтың жаратылу, даму жолы бар тарихи дene екені айқындалды. Үшіншіден-топырақтың қоршаған ортамен, басқа табиғи денелермен тығыз байланысы бар екенділігі көрсетілді, Топырақты агрономиялық бағытта зерттеуде орыс ғалымдары П. А.Костычев (1845-1895) және В.Р.Вильямс (1863-1939) үлкен еңбек атқарады, П.А.Костычевтың топырақты өсімдіктер өсу ортасы ретінде қараған бағытын дамыта отырып В.Р.Вильямс: « топырақ-өсімдіктің өніп-өсуіне жағдай туғыза алатын жердің қосыған үстіңгі қабаты»- деп аныктама берді. Қазіргі кезде жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектерін жалғастыра, дамыта отырып ғалымдар топыраққа төмендегідей аныктама береді.

Топырақ-тау жыныстарының бұзылу қабатының үстіне орналасқан, тау жыныстарының, ағзалардың, климаттың, жер бедерінің және уакыт ағымының өз ара қарым-қатынасы әсерінен түзілген құнарлылығы бар, қызметі алуан түрлі, құрделі құрамды, көп бөлімді ашық құрылымдық жүйе.

2.2 Егер жер бетіндегі табиғи денелердің тірі ағзаларға (жан-жануарлар, өсімдіктер) және жансыз денелерге (тау жыныстары, минералдар) бөлетін болсақ, онда топырактың осы екі топтағы денелердің аралығынан орын алатын ерекше дene екенін байқаймыз. Өйткені академик В.И.Вернадскийдің (1863-1945) аныктауы бойынша әрі тірі, әрі өлі денеден құралған.

Топырақты ерекше табиғи дene ретінде қарауымызға бірінші себеп оның құрамында әрі минералды, әрі органикалық заттардың және айрықша органикалық, органикалық-минералдық заттар тобының қарашіріндінің болуы. Ал, екінші себеп оның құрамында тірі ағзалар өсімдіктердің тамыр жүйесі, топыракта қоныстанған жәндіктердің және неше түрлі орасан көп микроорганизмдердің болуы, сөйтіп оның тірі бөлігін құрауы. Сонымен бірге, топырак көп бөлікті құрделі жүйе екенімен де ерекшеленеді. Топырақ қатты, сүйық, газ және тірі бөліктерден құралған. Топырақтың негізгі ерекше қасиеті оның құнарлылығы болып саналады.


Топырақ құнарлылығы дегеніміз, оның өсімдіктердің қажетті мөлшерде минералды элементтермен, сумен, оның тамырларын ауа және жылумен қамтамасыз етіп, өсімдіктің өсіп, өнім беруіне мүмкіндік бере алатын қасиеті.

Осы қасиетімен топырақ тау жыныстарынан, табиғаттың басқа туындыларынан ерекшеленеді.

Адамзат топырактың құнарлығын пайдаланып оны ауыл және орман шаруашылығында негізгі өндіріс құралы ретінде қолданады. Әртүрлі өсімдіктер егіп, мал жайып өнім алады. Топырақтың қолданғанда олар топырактың түзілу процесіне әсер етеді, оның құрамының, құрылымының және физикалық-химиялық қасиеттерінің өзгеруіне ықпалын тигізеді. Соңдықтан топырақ адамзат еңбегінің туындысы, жемісі ретінде де саналады. Сөйтіп, топыраққа адамзаттың қатынасы үш жакты больш келеді. Біріншіден - топырақ табиғи ерекше дene, екіншіден-ол негізгі өндіріс құралы, үшіншіден-ол адамзат еңбегінің туындысы, жемісі.

Топырақты негізгі өндіріс құралы ретінде пайдаланғанда оның келесідей ерекшеліктері бар екені анғарылады: топырактың орнына басқа табиғи денені ауыстырып колдануға болмайды; топырақтың межесі бар; көп көлемде орнынан козғап басқа жаққа ауыстыру болмайды; оның құнарлылығы бар.

2.3 Жердің планетарлық кабаттары-жер қабығы (литосфера), газ қабаты (атмосфера) және су кабаты (гидросфера) түйісіп, әрекеттесетін шегінде топырак жамылғысы (педосфера) орналасқан (1 сурет).



1 Сурет. Топырақтың жер геосферасында алатын орны

Топырақ кабаты жоғарыда көрсетілген планетарлық кабаттардың өзара қарым-катаинасының, осылардан туындаған ағзалардың әсерінен пайда бола отырып, жердің күрделі геосфералар жүйесінде айрықша қызмет аткарады.

Топырақ кеңістікте орналасуына, пайда болуына, дамуына байланысты әлемдегі күрделі табиғи жүйелер-биогеоценоздың, экологиялық жүйенің, биосфераның құрамды бөлігі болып саналады.

Жер ғаламшарында топырақ сан-алуан экологиялық қызметтер аткарады. Осылардың ішінде топырақтың атқаратын келесідей басты әлемдік қызметтері бар.

Бірінші және ең бастысы-топырақтың жер бетінде тіршіліктің негізгі өзегі болуы. Топырактан әуел баста өсімдіктер, су және коректік заттар сіңіріп өнім күрайды, ал олардан жануарлар және адамзат коректік заттарды алғып пайдаланады. Топырақта тіршілікке керек биофильды элементтер шоғырланады, өсімдіктердің тамырлары жайылады, онда көптеген жәндік түрлері және орасан көп микроағзалар қоныстанған. Топырақсыз табиғаттағы ағзалар кешенінің тіршілігі жоқ. Сонымен бірге айта кететін бір жай, топырақ өзі тіршілік салдарынан пайда болады және өзі тіршіліктің жалғасуына себепші болып келеді. Сөйтіп биосфералық процестердің диалектикалық бірлігін дәлелдейді.

Тонырақтың екінші әлемдік қызметі-табиғаттағы үлкен геологиялық және кіші биологиялық зат айналымының өзара қарым-қатынасының жүріп тұруына әсер етуі.

Жер бетіне шыққан тау жыныстары бұзылу процесіне ұшырайды. Осы бұзылу қабатының үстінде топырақ пайда болып, биофильды элементтерді шоғырландырады. Ал осы элементтерді өсімдіктер пайдаланады және бірнеше сатылы өзгерістен кейін олар кайтадан топыраққа оралады (биологиялық зат айналымы). Топырақ элементтерінің бір бөлігі жауын-шашын мен шайылып өзен-көлдер, мұхиттарға барып шөгінді тау жыныстарын құрайды. Олар геологиялық даму кезеңінде қайтадан жер бетіне шығады немесе басқа күйге көшеді (геологиялық зат алмасуы). Топырақ осы екі зат айналымның қарым-қатынасының реттегіш және байланыстыруышы бөлігі.

Топырақтың үшінші әлемдік қызметі-атмосфера мен гидросфераның химиялық құрамын реттеуші болуы. Топырақтың тыныстануы өсімдік фотосинтезіне және тірі ағзалардың тыныстануына, атмосфераның жерге жақын қабатының химиялық құрамының біркелкі болуына үлкен әсер етеді. Сонымен бірге гидросфераға құрлық бетінен бар жиналатын заттардың құрамы топырак жамылғысының әсеріне байланысты болып келеді.

Топырақтың төртінші әлемдік қызметі биосфералық процестерді реттеуші болуы. Соның ішінде халықтың жер бетіндегі тығыздығына әсер етуі. Топырақ құнарлығының өндірілуіне байланысты өсімдіктердің өніп-өсуіне қажетті жағдай пайда болады. Сондықтан құрлық бетіндегі тірі ағзалардың тығыздылығы, азды-көптілігі климат жағдайына және топырақ жамылғысының географиялық өзгеруіне байланысты болып келеді.

Топырақтың бесінші әлемдік қызметі-органикалық заттарды және олармен байланысқан химиялық энергияны жердің беткі қабатына шоғырландырып жинауы. Құрамында 4-6 % гумусы немесе қарашірінді бар, немесе гектарға шаққанда 200-400 т қарашірінді бар топыракта, 20 - 30 тонна антрацит көмір бойында бар энергия жиналған. Академик А.В.Ковда топырақтың энергия көзі ретінде маңызын айқындаған келе: «топырақ жамылғысы биосфераның құрамды бөлігі бола отырып, сонымен бірге жердегі әмбебап энергия жинағыш (аккумулятор) және табиғаттағы заттар алмасуымен айналымның үйлесімді жүруіне қажет, қарашірік құрамында бар тіршілікті қуаттаушы энергия көзінің үнемі жұмсаушысы»-деп атап көрсеткен.

Қорыта келгенде, топырақ өзінің ерекше қасиеттерінің арқасында Жер ғаламшарының ағзалар дүниесінде өте үлкен маңыз аткаратынын аңғарамыз. Табиғаттың туындысы және оның бір бөлігі бола отырып топырак әлемі табиғаттың дамуының негізгі ортасы болып табылады. Сонымен бірге атмосфера, биосфера, гидросфера және литосфера қабаттарымен үздіксіз зат және энергия алмасу процестеріне қатынасып олардың өзара қарым-қатынасының үйлесімділігіне әсер етеді, тіршіліктің сан қылы түрлерінің сақталуына жағдай туғызады.

Адам өмір суретін табиғи ортада, яғни экосферада топырақтың алатын маңызы өте зор. Өйткені топырақ көмегімен адамзат қолданатын азық-түліктің, өмірге керек өндірістік шикізаттардың басты бөлігі алынады.

Ғалымдардың есептеулері бойынша жер шары халықтарының пайдаланатын тاماғының 98 % жердің күнарлы қабаты арқылы жиналанатынын көрсетеді. Сонымен бірге топырақ күнарлығы арқылы өндіріске керек көптеген шикізат осы топырақта әр түрлі өсімдіктер өсіру және өсімдіктерді азық ретінде пайдаланатын жануарлардың жүні, терісі ретінде өндіріледі. Сондықтан топырақ ауыл шаруашылығында негізгі өндіріс құралы ретінде өте маңызды роль атқарады.

Адамзат қоғамына қатынастырылуына байланысты топырақ бір жағынан адам өмір сүретін табиғи орта, тіршілік кеңістігі болып саналса, екінші жағынан ол экономикалық негіз және негізгі өндіріс құралы.

Қорыта келгенде, топырақ табиғаттың өзі тудырған ерекше денесі, оның адамзат өмірінде, табиғатта алатын орыны айрықша маңызды. Топырақ баға жетпес халық байлығы, халық қазынасы. Сол себепті барша адамзат оны ауыл шаруашылығында тиімді де, дұрыс пайдалануы керек, оны құнарсызданудан, жойылудан сақтап, қорғау қажет. Келесі ұрпақта топырақты тоздырмай, ластамай, құнарлы калпында жеткізу әр адамның парызы деп есептеуге болады.

2.4 Экологиялық пәндер катарына жататын топырақтану ғылыминың қазіргі кезде маңызы өте үлкен. Өйткені топырақтың экологиялық қызметі алуан түрлі және оның экожүйелермен жер биосферасында атқаратын қызметі ерекше маңызды.

Топырақтың жалпы және ең басты бірінші экологиялық қызметі – жер бетіндегі тіршіліктің табиғи ортасы больш, тірі ағзалардың, жан-жануарлардың өмір сүруіне жағдай жасауы болып саналады. Топырақтың ғажайып ерекшелігі, оның бойында тіршілік ететін организмдердің өте тығыз орналасуы. Біздің планетамызда құрлықтардың бет ауданы теңіздер мен мұхиттардың бет ауданынан 3 есе кем екеніне қарамай, құрлықтағы қалыптасқан экожүйелердің биологиялық массасы, суда қалыптасқан биомассадан жүздеген есе көп. Сонымен бірге құрлық өсімдіктерінің және жануарларының түрлері сулы ортаны мекендегендегерге қарағанда көп басым. Осы салыстырулар атмосфераға, гидросфераға және литосфераға қарағанда топырақ құрлымы жағынан жоғары дәрежеде дамыған тіршілік ортасы екенін дәлелдейді. Топырақта әрі қатты, әрі сұйық, әрі газ бөліктерінің болуы осында жайғасқан ағзалардың тіршілігіне кажетті, қолайлы жағдай туғызады. Топырақтың бойындағы органикалық-минералдық заттар автотрофты, гетеротрофты ағзалар мен ацидофил және алколофилдердің дамуына оң әсерін тигізеді.

Топырақтың екінші маңызды экологиялық қызметі – құрлық биогеоценозында өтіп жататын геологиялық және биологиялық заттар мен энергия айналымдарының сыйбайластырының орталық буыны болады. Фотосинтез арқылы түзіліп жиналған органикалық заттар топырақтың минералды заттарға ыдырап, қайтадан тіршілік сатысының құрамына қосылады. Топырактың осы қызметімен оның құрамындағы организмдер және өсімдіктер фотосинтезі қосылып оның биологиялық өнімділігі негізін жасайды. Сөйтіп жер үстіндегі тіршіліктің кезекті сатысының жүруінің негізі болады.

Ауыл шаруашылығы тұрғысынан қарағанда топырақтағы биологиялық өнімділікті, яғни өсімдіктердің өнімін қалыптастыруына жағдай жасауы, оның құнарлығы болып есептелінеді. Топырақтың құнарлылығы оның келесі басты экологиялық қызметі болып саналады. Өйткені адамдар өміріне азық-түліктің барлығына дерлік және өндіріске қажет көптеген шикізаттар топырақтың құнарлығы арқылы алынады.

Топырақ басқада көптеген экологиялық қызметтер атқарады. Олар мыналар: организмдерді сумен қамтамасыз етуі, атмосфера және жер асты сулармен келген заттарды сініруі, өсімдік тұқымдарын сақтауы, гидротермалды өктем күбылыштарды бәсендештуі, топырақтағы тірі организмдердің саны мен құрамын реттеуі, биогеоценоздардың даму тарихының айғағы ретінде өз кескінінде қалдықтарды жинақтауы, сақтауы.

Қорыта келгенде, топырақ-табиғаттың қымбат байлығы, құрлықтағы биоценоздар тіршілігінің арқауы. Аты әлемге әйгілі эколог Ж.Дорст топырақтың маңызын төмендегідей сипаттаған: «Топырақ біздің ең қымбат байлығымыз. Ол құрлықтағы табиғи және жасанды биоценоздар кешенінде баянды ортасы. Сайып келгенде тіршілік жердің ең бетінде орналасқан жұқа қабатына тәуелді».

2.5 Топырақтану кең ауқымды жаратылыстану ғылымы. Бұл ғылым топырақты және жер планетасының топырақ жамылғысын зерттеу мәселесі кезінде басқадай жаратылыстану ғылымдарымен байланысты, олардың әдістемелерін және жетістіктерін қолданып отырады.

Қазіргі топырактану геология ғылымынан дамып, бөлініп шыққан және әліде геологиямен тығыз байланысты болып келеді. Топырақтанудың шығу тегін, дамуын, топырақ жамылғысының жер шарында таралу ерекшеліктерін, оның минералдық құрамын зерттеуде геология ғылымының үлкен маңызы бар.

Топырақты және оның құнарлығын зерттеу барысында топырақтану ғылымы үшін микробиология, биохимия, өсімдіктер физиологиясы, өсімдіктану, жануартану, экология ғылымдарымен байланысының кажеттілігі туады.

Сонымен бірге топырақтың химиялық құрамын, физикалық қасиеттерін анықтауда, зерттеу барысында алынған мағлұматтарды статистикалық жолмен сұрыптаپ, математикалық болжамды мөлшерлік үлгі (модель) жасау үшін химия, физика, математика, информатика ғылымдарының алатын орыны айрықша.

Топырақтану ғылымының өрістеп-дамуы басқада жаңа ғылым салаларының пайда болуына ьқпалын тигізді. Олар биохимия, геоботаника, биогеоценология, ландшафттану, экология ж.б. В.В. Докучаевтың әдістеме жүйесін колдана отырып, оның оқушысы және жолын қуушы академик В.И.Вернадский биосфера және ноосфера туралы ілімнің негізін қалады. Қазіргі экология және қоршаған орта жайлы ілімдердің дамуына В.В.Докучаевтың дамытқан ғылыми тұжырымдары (концепциялары) қомақты үлес косты.

Топырақтанудың кең ауқымды түрде басқа ғылымдармен қатынасының тығыз болуы топырактың ерекше табиғи дene екендігіне және алуан түрлі ғылымдар зерттейтін жер геосфераларының тоғысқан межесінде топырақтың пайда болып, оның дамуының әрі карай жүріп жатқандығында. Топырактану ғылымы дами отырып казіргі кезде әр-алуан ғылыми бағыттағы тарауларға бөлінеді.

Бастапқыда бұл ғылымды екі үлкен топқа жіктеуге болады. Біріншісі - жалпы топырактану (іргелі), екіншісі-арнайы топырактану (қолданбалы).

Жалпы топырақтану бағытында ғалымдар топырақтың негізгі қасиеттерін, пайда болуын, таралуын, жіктелуін зерттейді. Ал арнайы топырақтану бағытында ғалымдар топыракты пайдалану барысында туатын мәселелерді зерттеп, анықтайды.

Іргелі топырактану ғылымының дамыған салалары: топырақ морфологиясы, топырак физикасы, топырақ минералогиясы, топырақ географиясы, топырак тарихы, топырак құнарлығы, топыракты корғау, топырақ картографиясы ж.б.

Арнайы топырактану бағытында осы ғылымның салалары-ауыл шаруашылық топырақтануы, орман шаруашылығы топырақтануы, инженерлік топырақтану, мелиорациялық топырақтану, экологиялық топырақтану болып келеді. Топырактану ғылымы жоғары дәрежеде ауыл шаруашылығымен, оның ішінде егіншілік саласымен тығыз байланысты.

Топырақтану ғылымы топырақтың дамуын, құрамын, қасиеттерін, оның бойында жүріп жаткан өзгерістерді зерттеу үшін әр саладағы ғылымдардың озық әдістемелерімен бірге келесідей зерттеу әдістерін кеңінен қолданады:

- географиялық салыстырмалы әдіс топыракты пайда болу жағдайлармен қатар зерттеп, оның қасиеттерімен құрамының топырақ түзуші факторлармен корреляциялық байланысын анықтау;
- далалық тәжірибелерде, орнықты түрде топырақтың қасиеттерін, режимлдерін зерттеу әдісі;
- топырақтың тік кескінін зерттеу әдісі;
- топырақтағы өзгерістер процестерінің моделін жасау арқылы зерттеу жүргізу әдісі ж.б.

2.6 Топырақ туралы алғашқы білімнің дами бастауы өте ерте заманнан, жер бетінде адамдардың егіншілікпен шұғылдана бастаған уақытымен сәйкес басталып, одан кейін егіншілік туралы білімнің әрі карай дами түсуімен байланысты болып отырды. Бірақ ертеде көптеген уақыт бойы адамдар топырақ туралы тек қана жекелеген мағлұматтар жинап, оның қасиеттеріне бақылау ғана жүргізіп отырды.

Антикалық ежелгі кезеңдерде-ақ топырақ туралы алғашқы ілімдерді егіншілер айта бастаған. Ежелгі грек философтары Аристотель, Теофраст жердің суреттемелерін берген, таңғажайып, жақсы, құнарлы, құнарсыз, кедей, өте жақсы деп айтқан. Бірақ топырақтану ғылым ретінде одан біраз уақыттан кейін дамыды. XУШ-ХІХ ғ. бірінші жартысында Батыс Европада топырақ туралы 2 бағыт болды: агрогеологиялық және агрокультурхимиялық.

Бірінші бағыттың өкілдері (Фаллу, Берендт, Рихтгофен және т.б.) топырақты қосыстылған тау жынысы ретінде қарастырған, оны қатты тау жыныстарының үгілуі нәтижесінде түзіледі деп айтты, өсімдіктерге тек пассивті рөль берілді, олар тек қоректі элементтерді пассивті жолмен ұстап алушылар деп қарастырылды.

Агрокультурхимиялық бағыт өкілдері А. Тәер, Ю. Либих еңбектерімен байланысты. А.Тәер өсімдіктер топырақтың органикалық заттарымен қоректенеді деген гипотеза шығарды (гумус теориясы). 1840 жылы Ю.Либих өзінің «Химия в приложении к земледелию и физиологии растений» еңбегінде өсімдіктер топырақтан минералды коректі қосылыстарды сініреді дейді. Ю.Либих топырақты табиғи құрылым сияқты емес, тек қарапайым масса ретінде қарастырады, оны шығу тегімен және дамуымен байланыстырмайды.

Сонымен, агрогеологиялық және агрокультурхимиялық бағыттар топырақтану негізін құра алмады, өйткені топырақтың табиғи және тарихи қалыптасқан дene ретінде пайда болғанын дәлелдемеді.

Ресейде де топырақтану ғылым ретінде пайда болды, осында топырақтанудың ғылыми негіздері мен зерттеу тәсілдері қаланды. Топырақтың алуантүрлілігі мен байлығы, егіншіліктің кең орын алуды топырақ зерттелуіне үлкен жол ашты.

1725 жылы Ресейде Ғылым Академиясы ашылды, осыдан кейін орыс ғалымдары Паллас, Гюльденштед және М.В.Ломоносов өздерінің зерттеулерін бастады. М.В.Ломоносов топырақтың шығу тегі мен қасиеттері туралы маңызды пікір айтты: « Тас тауларда жас мұқтер кездеседі, содан кейін олар қарайып, жер болады, жер ұзақ уақыт қалыптасып, басқа өсімдіктер мен ірі мұктің өсуіне себеп болады». М.В.Ломоносов алғашқы рет топырақтың түзілуі тау жыныстарына уақыт және өсімдіктердің әсері болатыны тұжырымдаған.

Топырақ зерттеулері «Бос экономикалық қоғам» (1765) ұйымы ашылғаннан кейін одан сайын күшейді. 1765 жылы ашылып, осы қоғам Ресейде ауыл шаруашылығын зерттеуді мақсат етті. Пайдалынылатын жерлерді бағалау үшін топырақты зерттей бастады.

XIX ғекінші жартысында Ресейдің Европалық бөлігінің алғашқы топырақ карталары шықты. XIXғ. екінші жартысында орыс ғылымының басты өкілдері профессор В.В.Докучаев, П.А. Костычев, Н.М. Сибирцевтің арқасында топырақтану ғылым ретінде дамыды.

В.В. Докучаев (1846-1903) топырақтану ғылымының негізін қалады, жаратылыс тарихы немесе генетикалық топырақтанудың жаратушысы болды. Көп жылдар бойы В.В.Докучаев егіс танабында кара топырақты зерттеді, осының нәтижесінде оның классикалық еңбегі «Орыс қара топырағы» (1883ж) шықты. Онда қара топырақтың шығу тегі теориясы, оның қасиеттері, анализдердің нәтижесі, морфологиялық сипаттамасы, географиялық таралу ерекшеліктері, құнарлылығын көбейту жолдары қарастырылды.

Қара топырақ мысалында В.В.Докучаев негізінде басқа да топырақтардың пайда болуы туралы түсінік берді, арнайы тарихи - жаратылыс құрылым екенін көрсетті.

Топырақ - жеке табиғи дене, жануар, өсімдік, минерал секілді, ол да үздіксіз уақыт пен кеңістікте өзгеріп отырады. В.В.Докучаев топыраққа алғаш рет дәл анықтама берді. Топырақтың қалыптасуы қурделі процесс, онда 5 табиғи фактор қатысады: жер бедері, өсімдік және жануар әлемі, топырақ тұзуші жыныстар, елдің жасы (уақыты).

В.В.Докучаевтің айтуы бойынша топырақтың түзілуінде тірі және өлі табиғат қатысады. Осы анықтамалардан табиғат аймақтары туралы ілімі де шығады, яғни тірі және өлі табиғаттың өзара қатысатын ортасы туралы ілім. Табиғат аймақтары туралы ілім топырақтанудан да басқа ғылымдарға терең әсерін тигізді: геоботаника, физикалық география, ормантану, геохимия.

В.В.Докучаев солтүстік жер шарының топырақтарының классификациясын ұсынды. Оларда бұлардың әрқайсысы өзіне тән топырақтың дамуына, желденуіне, климаттық жағдайларға, өсімдіктер түрлеріне, флора мен фаунаға, бедерлерге әсер етеді деп көрсетті.

В.В. Докучаевке топырақтанудың қалаушысы ретінде осы зерттеу тәсілдерінің нұсқауларының әзірлемешісі болды, топырақтану заңдылықтарын және негіздерін белгіледі, құнарлылықты тиімді көтерудін практикалық шараларын әзірледі. В.В.Докучаевтің топырақ туралы ілімі геология, геохимия, минералогия, геоботаника, ормантану, өсімдіктану, география дамуына айтарлықтай әсерін тигізді.

В.В.Докучаев Ресейдің табиғи жағдайларын, ауыл шаруашылығын терең білді, осының бәрі оған топырақтануды ғылым ретінде жоғары деңгейге коюына ықпал етті.

В.В.Докучаев елдің дала аймақтарындағы құрғақшылыққа назар аударып, дала аймақтарының су режимін жаксарту және құрғақшылықтан зардал шекпейтін шараларды ұсынды, яғни дала аймақтарын егін аймақтарына ауыстыруды қарастырды. В.В.Докучаев үлкен әдеби мұра калдырды. Оның 225 тіркелген және басылған жұмыстары бар. Оның ең басты еңбектері: «Орыс қара топырағы» (1883), «Табиғи аймақтар туралы ілім» (1899ж), «Нижегород губерниясының жерлерін бағалау туралы» (14 жұмыс, 1884-1886жж.), «Полтава губерниясының жерлері туралы материалдар» (18 жұмыс, 1889-1894жж), «Орман департаментінің шығарған экспедициясының еңбектері» (18 жұмыс, 1884-1898), «Орыс топырақтарын зерттеу туралы материалдар» (10 жұмыс, 1885-1886жж), «Біздің дала бұрын және қазір»(1889ж).

1899 жылы В.В.Докучаев «Топырақтану» журналын шығара бастайды, ол казіргі кезде де шығады.

В.В.Докучаев жаратылыстану мен агрономияның қалаушысы. Оның еңбектері орыс және Кеңес Одағының топырақтануының деңгейін барлық әлемге паш етті.

Н.М.Сибирцев (1860-1900) В.В.Докучаевтің оқушысы және ізбасары. Өзінің еңбектерінде ол В.В.Докучаевтің топырақтанудағы ілімдерін әрі карай жалғастырып, П.А.Костычевтің да топырақ-ауылшаруашылық дақылдарының өсу ортасы деген ілімдерін жалғастырды. Н.М.Сибирцевтің негізгі зерттеулері топырақтың жіктелуіне, топырақты зерттеу тәсілдеріне, құрғақшылықпеп күреске және топырақты бағалауға байланысты болды. Ол В.В.Докучаевтің

көмекшісі болды, Нижегород губерниясына топырақты зерттеуге онымен бірге экспедицияға (1882ж) шықты, орман департаментінің ұйымдастырған экспедициясында болды.

Н.М.Сибирцев топырақ абиотикалық және биотикалық факторлардың тау жыныстарына әсерінен пайда болады деген. Н.М.Сибирцев 1894 жылы Ново-Александрийск ауыл шаруашылық институтының топырақтану кафедрасының бірінші басқарушысы болды, 1899 жылы Н.М.Сибирцев топырақтану оқулығын шығарды.

П.А. Костычев (1845-1895) Сибирцевтің айтуы бойынша «Топырақтанудың» екінші қалаушысы болды. Оның жұмыстары агрономиялық топырақтанудың негізін салды. Оның ауылшаруашылығын жақсы білуі топырақ пен өсімдіктерді бір-бірімен байланысын зерттеп, топырақтану мен жертауда бірқатар маңызды теорияларын ұсынды.

П.А. Костычев топырақты жердің үстіңгі қабаты деп білді, оның терең қабатында өсімдіктердің тамырлары жинақталған, олар топырақ түзуде үлкен роль аткарады деп тұжырымдаған. Ол алғашқы рет топырақтың қарашірігінің түзілуі микроағзалардың тіршілігімен байланысты екендігі туралы қағиданы шығарды.

П.А. Костычев өсімдік қалдықтарының ыдырау жылдамдығына температура, ылғалдылық, топырақтың физикалық қасиеттері, әктің әсері бар екенін дәлелдеді. П.А.Костычев топырақтың өнімділігіне судың үлкен маңызы бар екенине назар аударды. Ол агротехника тәсілдерін топырақтың қасиетімен байланыстыруды, климаттық жағдайларды ескере отырып, өндөу жолдарын өзгерту қажет екенін, тіпті бір территория болса да, онда бірнеше ауа-райының болуы мүмкіндігіне назар аударды.

1886 жылы «Ресейдің кара топырақ аймақтары» жұмысында ол қарашіріктің пайда болу негіздерін қарастырып, өнімділікті көбейтудегі шараларды хабарлады. П.А.Костычевтің жұмыстарында топырақтану мен жер егістерінің арасындағы байланыстарды жариялау болды.

XIX ғасырдың соңғы онжылдығында және XX ғасырдың басында топырақтану тарихында топырақты генетикалық ілімнің негізінде зерттей бастады. Жалпы жаратылыстану пәндерінің- химия, физика, биологияның дамуы топырақтануға да өз әсерін тигізді. Осы кезде топырақ химиясы, физикасы, биологиясы деген салалар пайда болды.

Топырақтың шығу тегі мен класификациясын зерттеуде К.Д.Глинки, С.С.Неуструева, Л. И. Прасолова деген ғалымдар көп еңбек сінірді.

К.Д.Глинка (1867-1927) I академик-топырақтанушы. Оның басшылығымен бірнеше топырақ зерттеу экспедициялары құрылды, әсіресе Ресейдің азия бөлігі зерттелді (1908-1915ж).

К. Д. Глинка 1908 жылы топырақтанудың фундаменталды оқулығын шығарды, ол 6 басылымда шықты. К.Д.Глинканың тау жыныстарының үгілуі және топырақтың шығу тегі мен жіктемесі туралы көптеген еңбектері жарық көрді.

1900 жылдан бастап К.Д.Глинка Новоалександрийск, Воронеж, Ленинград ауыл шаруашылық институттарында кафедра басқарушысы

болды, ол топырақ комитеті және В.В.Докучаев атындағы топырақ институтының ұйымдастырушысы болды.

П.С.Коссович (1862-1915ж) топырақтың физикалық, химиялық, агрохимиялық қасиеттерін эксперимент жүзінде зерттеуші болды. Өзінің «Топырақ туралы ілім»(1911), «Топырақтану курсы» (1903), «Генетикалық топырақ жіктемесіндегі топырақ түзуші процестердің маңызы» (1910) еңбектерінде ол топырақтар туралы ақпаратты жітілдіріп қана коймай, топырақ жіктемесі, эволюциясы, топырақ түзушілік туралы көзқарастарын қости.

С.С.Неуструев (1874-1928) ең үлкен үлесі Докучаевтің топырақ түзушілік туралы түсініктерін терен зерттеу болды. Ол алғашқы рет топырақ географиясы курсында топырақ түзілуі ел ландшафтының ерекшеліктермен байланыстырыды, топырақты «қандай болса да табиғи ландшафт топырақтың ерекше қасиеттеріне байланысты» деді.

Л. И. Прасолов (1875—1954) өз елінің топырақтарының географиясы туралы бірқатар классикалық жұмыстар жазды, әсіресе Поволжье, Приазовье, Забайкалье аймақтарының, топырақ картографиясының негізін қалады, әлем және өз елінің топырақ карталарын басып шығарды.

В.Р.Вильямс (1863-1939) - белгілі Кеңес Одағының ғалымы, академик, топырақтанушы, агроном. Ол топырақтанудың жаңа биологиялық бағытын қалыптастырыды, ол В.В.Докучаевтің генетикалық топырақтануы мен Костычевтің агрономиялық топырақтануын бір-бірімен байланыстырыды.

В.Р.Вильямс заттардың үлкен және кіші биологиялық айналымдары, топырақтың өнімділігі, гумус, құрылымы жөнінде маңызды концепцияларды түсіндірді.

Б.Б.Полынов (1877-1952) - ірі кеңес одағының топырақтанушысы, академик. Үгілу және топырақ түзушілікте биогеохимиялық жағдайлары туралы маңызды түсінік енгізді.

Кеңес Одағы кезінде топырақтың географиясы, картографиясы, физикасы, химиясы, биологиясы, минералогия және мелиорациясы сияқты жеке бөлімдері қалыптасты. Бұл жағдайларға өз үлесін К.К.Гедройц, А.Н.Соколовский, И.Н.Антипов-Каратеев қости.

К.К.Гедройц (1872-1932) - белгілі ғалым, академик. Ол топырақ сіңіргіш қасиеттерін зерттеді, кейіннен ол химиялық анализдің көп тәсілдерін ашты, оның «Топырақтың химиялық анализі», «Топырақтың сіңіргіш қасиеті туралы ілім», «Сортан жер және олардың шығу тегі» сияқты ғылыми еңбектері бар.

И.В.Тюрин (1892-1962) - академик, экспериментатор, топырақтың географиясы мен химиясын, сондай-ақ топырақтың химиялық анализ әдістерін тауып шығарған автор ретінде белгілі. Оның монографияларында қарашірік туралы концепциялар берілді. И.В.Тюрин ұсынған қарашірікті және топырақтың органикалық заттарының топтық құрамын анықтау әдістемесі баршаға мәлім. И.В.Тюрин топырақтануды халықаралық жолға койып, өз елінің топырақтану ғылымын әлемге паш етті.

Қазіргі кезде топырақтану ғылымының барлық бөлімдерінде теоретикалық зерттеулермен қатар, топырақты есепке алу, бағалау, картография жұмыстарының үлкен масштабымен ерекшеленеді. Топырақтанушылар жер

өнімділігін көбейту мен жоғары деңгейде пайдалануға үлкен үлесін қосып отыр. Қазіргі таңда топырақ процестерін және тәртіптерін зерттеу үшін стационарлы қондырғылар үлкен рөль аткарады.

2.7 Қазақстанның географиялық жағдайы туралы мағлұматтар көне дәуірден жинақтала басталған. Кейіннен еліміздің табиғи қоры туралы қытайдың және арабтардың жиһанкездерімен елшілері сипаттап жазған. Біздің дәуірге шейінгі II ғасырда қытай елшісі Чан-Цун: «Жетісу өнірінің тегіс жерінде шөптесін есімдіктер бар, ал тау ішінде ағашы көп, орнықты халқы егіншілікпен айналысады», - деп жазған. XVIII-XIX ғасырлар аралығында Қазақстанның табиғатымен топырақ жамылғысын атақты ғалымдар И.И.Лепихин (1795), С.Г.Гмелін (1806), Э.А.Эверсман (1840), Ш.Ш.Уалиханов (1855ж), П.П.Семенов-Тяньшанский (1856,1857), Ф.Рупrecht (1866), Г.И.Танфильев (1902) өз еңбектерінде сипаттап жазды. Ш.Ш. Уалиханов (1855) қолжазбаларында Балхаш көлі маңындағы сор топырактарды, Семей өнірінің кебір топырақты құрғақ даласын сипаттап өткен. Тянь-Шань тауы бөктерінде казақ дихандарының өзендерден арықтар арқылы егіс танаптарына су көтеріп тары, бидай себетіндерін сөз еткен.

1903 жылдың жарық көрген «Ресей. Отанымыздың толық географиялық сипаттамасы» атты көп томдық еңбектің 18 томында Қазақстанның географиялық жағдайы, соның ішінде топырақ жамылғысы туралы мағлұмат жарияланды.

Ресейдің Азия бөлігінің есімдіктерін және топырактарын зерттеуді 1907-1916 жылдары К.Д.Глинка ұйымдастырып, басқарды Осы жылдары Қазақстан топырағын зерттеуге С.С.Неуструев, А.И.Бессонов, Р.И.Аболик, Л.И.Прасолов, И.В.Ларин және т.б. катысты. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесі негізінде К.Д.Глинканың (1909, 1926), Л.И.Прасоловтың (1926), А.И.Безсоновтың (1910) бірнеше кітаптары басылып шығып, оларда еліміздің топырақтары туралы мәнді мағлұматтар жарияланды.

1939 жылдың 1 қараша айында Қазақстан Республикалық Фылым академиясының қазақ филиалы құрамында топырақ зерттеу бөлімі ашылып, оның негізінде 1945 жылдың 1 қараша айында Қазақстан Республикалық Фылым академиясының топырақтану институты құрылды. Осы топырақтану институтын 1945-1968 жылдары аралығында белгілі топырақ танушы Өмірбек Оспанұлы Оспанов басқарды. Ө.О. Оспанов (1906-1993ж.ж.) Қазақстанда топырақтану ғылымының негізін қалаушы ұлттымыздың алғашқы топырақтанушы маманы. Ол 1932 жылдың 1 қараша айында Қазақстан Республикалық Фылым академиясының топырақтану және агрохимия мамандығы бойынша бітіріп, ҚСРО Фылым академиясының В.В. Докучаев атындағы топырақтану институтының аспирантурасында білімін жалғастырды.

Қазақ Фылым академиясының президенті Қ.И.Сатпаевтің орынбасары ретінде қызмет атқара жүріп ол еліміздің топырақтану ғылыми зерттеу институтының ашылуына, Қазақстан топырақтарын тың игеру жылдары ұтымды зерттеуге, топырақтанушы ғалымдарымыздың ғылыми жұмыстарының әлемдік деңгейге сай жүргізуіне аса зор үлес қосқан ғалым.

Сол кездерде онымен бірге жұмыс істеген топырақтанушы ғалымдар К.Ш.Фаизов, И.В.Матышук, П.И. Тимошин, Ш.А.Шолақов, А.М.Дурасов, Н.П.Панов.

Кейінгі жылдары елімізде топырактану ғылымы одан әрі алға басып дамып келеді.

Әдебиет:

1, с.5-17; 37-45; 2, с. 6-14.; 42-61; 9, 5-12; 29-32; 11, 2006.

Бақылау сұрақтары

- 1 Топырак деген не?
- 2 Топырақты неге ерекше табиғи дene деп қараймыз?
- 3 Топырақтың табиғаттағы басты қызметтері қандай?
- 4 Топырақтың негізгі экологиялық қызметтерін атап көрсетіңіз.
- 5 Топырақтанудың негізгі салаларын атап өтіңіз.
- 6 Қазақстан топырақтарын зерттеу тарихына қысқаша сипаттама беріңіз.
- 7 Топырақтанудың негізгі даму сатыларын атаңыз.
- 8 Топырақтану ғылымының дамуына В. В. Докучаев үлесі қандай?
- 9 Топырақтану қандай ғылыми және тәжірибелік міндеттерді атқарады?

3 Тақырып Үгілу және топырақ түзілу процестері

Мақсаты: Студенттерді топырақ түзілу процесінің маңызымен, үгілу типтері мен осы процеске әсер етуші экологиялық және биологиялық факторлармен таныстыру.

Дәріс сұрақтары:

- 3.1 Үгілу, үгілу типтері
- 3.2 Топырақ түзу жыныстары
- 3.3 Топырақ түзілу процесінің жалпы схемасы, геологиялық, биологиялық және биогеохимиялық айналымдар
- 3.4 Топырақ құрылу процестері және құбылыстары

3.1 Топырақ тау жыныстарынан үгілу процестерінің нәтижесінде түзіледі. В.В.Докучаев топырақ пен тау жынысының арасындағы шекті анықтайды, тау жынысы судың, ауаның, әр түрлі органикалық түрлерінің әсерлеріне ұшырауынан ғана топыраққа айналады.

Үгілу тау жыныстарын топырақ түзуге дайындайды және олардың қалыптасу процесіндегі ең маңызды бөлімі болып табылады.

Үгілуді тау жыныстары минералдарының химиялық өзгеруі мен механикалық бүліну деп түсіндіріледі.

Тау жыныстарының үгілу процесі өтетін сыртқы горизонттары үгілу қабаты деп атайды. Мұнда 2 зона ажыратылады: беткі зона немесе осы заманғы үгілу және терең зона немесе ғасырлық үгілу.

Топырақ түзілу процесі өтетін осы заманғы үгілу қабатының қалындығы бірнеше см-ден 2-10м аралығында ауытқиды.

Үгілудің бірыңғай процесінде басым әрекеті бойыша факторлардың 3 түрін ажыратады. Олар: физикалық, химиялық және биологиялық.

Физикалың үгілу деп –тау жыныстарының әр түрлі көлем мен формадағы минералдардың химиялық құрамының өзгермей, механикалық бөлшектерге бөлінуін айтамыз. Физикалың үгілу процесінің жүруіне температураның өзгеруі, судың қатты және сұйық қүйі, жел, басқа факторлар әсер етеді. Күндіз тау жынысының беткі қабаты қызып, соның нәтижесінде процесі ұлғайтып, ал ішкі қабат төмен жылу өткізгіш күшінен азырақ жылынады, нәтижесінде беткі және ішкі жыныс қабатында түрлі молекулярлық тарту пайда болып, үстіңгі жарықтармен параллель жазылады. Түнде жыныстың беткі қабаты салқынданады, ол ішкі қабат беткі қабатпен салыстырғанда төмен жылу өткізгіш күші әсернен біркелкі жоғары температурада болады. Түнгі салқындау нәтижесінде жыныста тік жарықтар пайда болады.

Үгілу үстіңгі қабаттан басталып, осы жерде тәуліктік және мерзімдік температураның үлкен градиенті пайда болады. Үгілу процесі біртіндеп жыныстың тереңдеу қабаттарына еніп, тұрақты температура белдеуінде сөнеді.

Физикалың үгілу ерекше қарқынмен температура тербелісінің ең үлкен амплитудасында жүреді. Мысалы ыстық шөл аймағында жыныстың беткі қабаты кейде $60-70^{\circ}\text{C}$ дейін ысып, ал түнде шамамен 0°C дейін сууыйды. Физикалың үгілу тау жыныстарының жарықтарында болатын судың әсерінен тездетіліп, үлкен күштің капиллярлық қысымын тузызады (жарықтарда 1мк көлемі шамамен $1,5\text{кг}/\text{см}^2$ қысымды құрайды, жарықтарда 1ммк $1500\text{кг}/\text{см}^2$ дейін). Судың бұзушы күші қату кезінде көп байқалады. Су қату кезінде өзінің көлемінен 7 есеге ұлғайтып, тау жыныстарының жарықтар қабырғаларында $890\text{ кг}/\text{см}^2$ және одан да көп қысым көрсетеді.

Құрғақ климат аймақтарында аналогиялық рөлді жарықтарда кездесетін және сонда кристалданатын тұздар атқарады, сонымен ангидрид (CaSO_2) сумен байланыса отырып, гипске ($\text{CaSO}_4 \cdot 2\text{H}_2\text{O}$) айналады, 33% көлемге көбитеті. Физикалық үгілу нәтижесінде тау жынысы ауа мен суды өткізгіш және судың кейбір мөлшерге ұстап қалатын қабілеті бар жұмсақ массамен жабылады.

Химиялық үгілу - тау жыныстары мен оның минералдарының химиялық өзгеру процесінде жаңа минералдар және қосылғыштардың түзілуі. Химиялық үгілуге газ тәрізді оттегі мен судың жетіспеуінен пайда болатын, қысым мен жоғары температура жағдайында қалыптасқан магмалық жыныс қатысады. Жердің беткі қабатында бұл жыныстар мұлде басқа жағдайда болады: төмен температура мен қысым, оттегі және сұйық қүйіндегі судың көп мөлшері бұл жынысты химиялық тұрақсыз етеді. Химиялық үгілудің маңызды факторы болып су, көмірқышқыл газы және оттек болып табылады. Су тау жыныстары мен минералдардың еріткіші.


Минералдардың сумен ыдырауы температура жоғарлағанда және көмірқышқыл газына қаныққанда күшнейеді. Соңғысы суда минералды талқандаушы әсерін күшнейтетін қышқыл реакцияны көбейтеді.

Минералдардың химиялық ыдырау жолына температура әсер етеді. Температураны 10^0 С көтерген сайын химиялық реакция 2-2,5 есеге тездетіледі.

Мұнымен химиялық үгілудің экваторлық аймақтағы қарқындылығы мен полярлық аймақтағы бәсенділігі түсіндіріледі.

Химиялық үгілу процестеріндегі маңызды рөлді оттегі атқарады, ол тау жыныстарының айтарлықтай түбіне еніп, тотығу процесін қамтамасыз етеді. Химиялық үгілу процесінде бірнеше қатарлар ажыратылады, олардың ішіндегі ең маңыздылары: еру, гидролиз, гидратация және тотығу процестері.


Тау жыныстарының көмірқышқыл газымен басқа қосылыстардан тұратын сүмен еру процесі табиғатта кең тараған:



Құрамында хлорлы тұзы бар суда минералдардың ерігіштігі артады.

Судың магмалық жыныс минералдармен әрекеттесуінде негізгі химиялық реакция-гидролиз болып табылады. Гидролиз реакциясы сілтілік және жер сілтілік металдардың диссоциаланған су молекуласы-сутек иондарының кристалл торлары катиондарынң алмасуына әсер етеді.


Бұл реакцияны ортоказ үшін схемалық түрде көрсетуге болады:



Түзілген KOH кремнезем бөлімінің ыдырауымен кристалдық тордың бұзылуы және калонит түзілуі жүретін сілтілік реакция ерітіндісіне себепші болады. Мысалы:



KOH CO₂ – мен бірге карбонаттың түріне ауысады.




Тропикалық және субтропикалық климат жағдайында байқалатын жоғары температурамен үйлескен судың көп мөлшері мен CO₂ газының қатысында аллюминий мен кремнезм тотықтыруши бос гидраттар түзетін гидроилз каолиниті байқалады. Мысалы:



Силикаттардың гидроилзі нәтижесінде жер бетінің үгілуінің термодинамикалық жағдайында химиялық тұрақты жаңа өнімдер түзіледі.

Сонымен қатар гидратацил су қызметтеріне байланысты, яғни су бөлшектерінің минералдар бөлшектерімен химиялық бірігу процесі.


Мысалы:



Құрамы күрделі минералдар – силикаттар мен алюмосиликаттарда гидратация байқалады. Олар қоршаған ортаның су ерітіндісі, газдар және үгілудің басқа факторларымен өзара әрекеттестігін қамтамасыз етіп, минералдар бетінің борпылдақтануы әкеледі.

Тотығу-үгілу зонасында өте кең таралған реакция. Тотығуға құрамында шала тотыққан темір бар қөптеген минералдар немесе тотығуға қабілетті басқа да элементтер қатысады. Мысалы ретінде сұйық ортағы молекулярлы оттектің сульфидтерімен әрекеттесуін айтуда болады.

Пириттің тотығуы кезінде сульфаттар және темір тотығының гидраттары қатар жаңа минералдар түзуге қатысатын күкірт қышқылы қалыптасады:



Тотығу процесі кезінде тау жыныстарының бастапқы реңі өзгеріп, сары, қошқыл, қызыл түстер пайда болады. Қатты тотыққан жыныстар әдетте топырақты қеуекті құрылымға әкеліп соктырады (үгілудің қызыл түсті қабығы).

Химиялық үгілу нәтижесінде физикалық күйі мен минералдардың кристалдық торларынң бұзылуы жүреді. Жыныс жаңа минералдармен байытылып, ылғал сыйымдылық, сініру қабілеттеріне ие болады.

Биологиялық үгілу – тау жыныстарының ағзалардың тіршілік әрекеті мен олардың өнімдері әсерінен механикалық бұзылу процесі. Жердің беткі қабатындағы тау жыныстарының бұзылу процесі ағзалардың белсенді қатысумынан өтеді. Абиотикалық үгілу жерде өмір пайда болғанға дейін жүреді. Биологиялық үгілу кезінде ағзалар құрылышына қажетті минералдық заттарды жыныстан алады, топырақ түзілу және топырақтың қалыптасуына жағдай жасай отырып, жыныстың беткі горизонттарына шоғырланады. Ағзалардың тау жынысына шоғырлануынан олардың үгілуі бірталай қүшнейеді. Өсімдік тамырлары мен микроорганизмдер тіршілік әрекеті процесінде сыртқы ортаға минералдарды жоятын көмірқышқыл газы мен әр түрлі қышқылдарды бөліп шығарады. Нитрификация процесінде азот қышқылы пайда болады, күкіртбактериялар мен тион бактериялардың әрекеті қүкірт қышқылының түзілуіне әкеледі. Бұл қышқылдар қөптеген минералдық қосылыстарға ерігіштік әрекет көрсетіп, үгілу процесін қүшнейеді. Диатомды балдырлардың кремнеземнен тұратын сауыты алюмосиликаттарды бүлдіруге қабілетті екендігі экспериментальды дәлелденген. *Megatherium* туысына жақын силикат бактериялардың шырышты бөлінісі далалық шпаттарды бүлдіруге қабілетті. *Penicillium* туысына жататын саңырауқұлактар біріншілікті минералдардың бұзылуына қабілетті гумустың фульвоқышқылына ұқсас зат бөледі.

Улкен жыныстарды бұзатын қыналар көмірқышқылы мен ерекше қына қышқылын бөледі. Қыналар жыныстарды тек химиялық емес, механикалық бұзады, олар сонымен қатар біріншілікті минералдардың түйіршіктеріне бірге жазықтығы бойынша гифалардың енуін қамтамасыз етеді. Жануарлар өсімдіктер сияқты тау жыныстарын механикалық қосытып, өздерінің бөліністерімен өзгеріске ұшыратады. Үгілу кезіндегі тау жыныстарының бұзылу сипаты минералдық құрамнан жынысқа өтетін орта жағдайларына байланысты. Соңғысы үгілу өсімдіктерінің құрамында байқалады. Қышқыл жыныстардың үгілуінде құм мен күмдәк, ортасында саздақ және негізгісінде – ауыр саздақ пен саз түзіледі.

Үгілу типтері. Үгілу процесі тау жыныстарының құрамы мен сипатына ғана емес, олардың өтетін ортасына байланысты.

Концентрация және ерітіндінің тұзды құрамы, реакция, тотығутотықсыздану жағдайлары маңызды роль атқарады. Үгілу процестері көп жағдайда климатпен байланыстырылады. Үгілудің ерігіш өнімдері құрғақ климат жағдайында қорғалып, ылғал климат жағдайында жуылады.

Үгілу процесінің қарқындылығы бойынша 2 негізгі түрін ажыратады: **аллитті және сиаллитті.**

Үгілудің сиаллитті түрі екіншілікті алюмосиликат пен ферросиликат түзілетін орташа мөлшердегі ылғалды қоныржай климат жағдайында дами алады. Осыған орай үгілу процесінде тау жыныстары физикалық және химиялық төзімді келіп, өсімдіктер өмірі үшін қолайлы жаңа қасиеттерге ие болады.

Үгілудің аллитті типі ылғалды тропикалық климат жағдайында дами алады, онда гидролиз және кремний, алюминий және темір тотықтары гидраттарының пайда болу процестері қарқынды жүреді.

Сонымен үгілу кезінде тау жыныстары терең физикалық және химиялық өзгерулерге шалдығады және тау жынысы өсімдіктер тіршілігіне қолайлы жаңа қасиеттерге ие болады.

3.2 Тау жыныстарының топырақ түзілетін беткі горизонттары топырақ түзілуі немесе аналық жыныс деп атайды. Жер қыртысын қосып тұратын тау жынысы шығу тегі бойынша – **магмалық, шөгінді, метаморфтық** болып 3 топқа бөлінеді.

Магмалық жыныс – жер қабатының ішіндегі балқыған сүйек массаның суу немесе жер бетіне лава қуйінде шығу кезінде түзіледі. Бұл жыныстардың бәрі кристалдық құрылымға ие. Улкен тереңдіктері магманың баяу суу кезінде жыныстар ірі, жақсы ажыратылатын кристалдардан түзіледі (Мысалы, гранит). Магманың жылдам және тұрақсыз салқындауы кезінде жеке, ірі кристалдардың қосылуынан жасырын кристалды немесе ұсақ кристалды жыныстар түзіледі.

Магмалық жыныс литосфераның 95 %-ын құрай отырып, топырақ түзілуі жыныс ретінде шектелген таралымға ие және ең бастысы таулы аймақтарда кездеседі (Кавказ, Орал).

Шөгінді жыныс – жер бетінде үгілу жолымен және магманың, метаморфтың үгілу өнімдерінің немесе әртүрлі организмдер қалдықтарының ыдырауынан түзіледі.

Шөгінді жыныс 3 топқа бөлінеді:

- 1) сынғыш
- 2) сазды немесе балшықты
- 3) химиялық және органикалық шығу жынысы

Сынғыш немесе кластикалық жыныстар түрлі жыныстар өнімдерінің механикалық бұзылуын көрсетеді. Сынықтардың көлемі мен пішіні және қасиеттену дәрежесі бойынша олар тірі сынықты (псефиттер), құмды (псаллитті) және алевритті жыныстар көлемі мен пішіні бойынша бөлімдерді құрайтын бірнеше топтарға бөлінеді.

Құмды жыныстар құрылышы бойынша борпылдақ-құм және цементtelген құмдақ болып бөлінеді. Құмды жыныстардың минералдық құрамы әр түрлі болады. Олардың арасында мономикті, олигомикті және полимикті сияқты айырмашылықтарды ажыратады. Мономикті жыныстар кварц пен басқа минералдардың аздаған қоспаларынан тұрады. Олигомикті жыныстарда минералдардың 75 – 45 % -ы кварц, ал қалғандары домалақ шпаттар слюдалар. Полимикті жыныстарда кварц, далалық шпаттар немесе түсті минералдар түйіршіктері кездеседі.

Алевритті жыныстар немесе алевриттер мөлшері 0,1-0,01мм болатын жінішке түйіршіктерден тұрады. Олар құм мен саз арасындағы аралық орынды алады. Оларға құмдақ, саздақ және сары топырақ жатады.

Сазды жыныстар - <0,01мм шамадағы бөлімдерден тұратын, олардың ішінде <0,001мм бөлімдерге ие шөгінді жыныстар тобы. Саздың түсі өзінің құрамындағы минералдар мен қоспаларға байланысты.

Нығыздалу нәтижесінде түзілген тығыз, өте қатты сазды жыныстар және иілімді саздардың дегидраттану мен цементтенуі аргиллиталар деп аталады.

Шөгінді жыныстар арасында химиялық және органикалық пайда болуына қарай келесі негізгі топтарды ажыратады: карбонатты, кремнийлі, құқіртқышқылды және галлоидты (гипс, тасты, тұз, т.б.), темірлі, фосфорлы және каустобиолит—органогенді жанғыш жыныстар (шымтезек, көмір, мұнай және т.б.).

Топырақ түзуші жыныстардың қалыптасуында химиялық және органикалық пайда болған шөгінді жыныста маңызды рөлді карбонатты шөгінді алады. Карбонатты жыныстардың ішінен әктастарды, мергелдер, доломиттер және борды бөледі.

Метаморфтық жыныстар үлкен қысым мен жоғары температура өсерінен жер қыртысының терең қабаттарында магмалық және шөгінді жыныстарда түзіледі. Оларға әртүрлі тақтатастар (сазды, слюдалы, кремнийлі), мраморлар (ізбестен түзілген), кварцтар (құмдақтан түзілген) жатады.

Метаморфтың жыныстың үгілу өнімдері топырақ үшін аналық жынысты сирек пайдаланады, олар магмалық жыныс сияқты таулы аймақтарда кездеседі.

Барлық тау жыныстарын жасына қарай 2 үлкен топқа бөлуге болады:

- 1) көне немесе түпкілікті, көбіне тығыз жыныстар.

2) төрттік немесе осы заманғы, ең континентальдық немесе теңізден пайда болған борпылдақ шөгінді жыныс.

Бірінші топ жыныстары түрлі геологиялық дәуірлер мен кезеңдердегі магмалық, шөгінді және метаморфтың тау жыныстарының бұлдіру өнімдері болып табылған. Олар таулы аймақтарда кең таралған, ал жазықтық жерлерде салыстырмалы сирек кездеседі.

Біздің еліміздің, әсіресе Европалық бөлігінің жазық кеңістікте түгелдей дерлік топырақ қалыптасатын 2-топтың мықты тұнба қабаттарымен жабылған.

Топырақ түзуші жыныстар шығу тегі бойынша келесі негізгі категорияларға бөлінеді: **элювиальды, делювиальды, пролювиальды, аллювиальды, көлдік, мұз, теңіз.**

Элювиальды жыныс немесе **элювий** – тау жыныстарының үгілген жерінде пайда болған үйінділері. Осы заманғы элювиальды жамылғыны көп жағдайда «үгілу қабаты» деп атайды. «Элювий» және «үгілу қабаты» терминдері синоним ретінде қолданылады. Элювиальды жыныстар денудация процесі немесе қатты нашарлаған жазық су айратын кеңістіктерде біршама дамыған. Беткейлерде элювиалдар болмайды немесе аз мөлшерде дамиды. Элювий борпылдақ жыныста құрамы мен қасиеті бойынша соңғы жыныстан аз ерекшеленеді.

Тығыз жыныстардағы элювиальды түзіліс механикалық және минералдық құрамы бойынша біркелкі емес. Олар әдетте соңғы жыныстардың түрлі көлемдегі сынықтарын құрайды. Элювил түсі қатты құбылғыш және соңғы жыныс пен үгілу сипатына тәуелді.

Элювияның өзгеше белгілері соңғы жыныс пен үгілу өнімдерінің тығыз генетикалық байланысы және вертикальды қабатты бақылау кезіндегі оған біртіндеп өтуі болып табылады.

Элювийдің механикалық құрамы құмды, құмбалшықты, балшықты және қырышық тасты болып келеді. Қазақстандағы үлгісі – Бетпақ дала.

Делювиальды шөгінді немесе делювий жаңбыр мен қар суларының шайылу нәтижесінде қыраттардың беткейлері мен етегінде және аздаған суайрықтарда үгілген тау жыныстарының жиналуды.

Делювиальды шөгінділердің белгілері қабаттану және кейбір жабысқан механикалық бөліктерінің іріктелуі: біршама ірілері беткей бойынша жоғары шөгеді, ал біршама ұсақтары беткейдің етек жағында.

Делювийлердің механикалық әртүрлі-құмды, құмдақ, саз және саздақ болады. Бұл шаоды төндіретін жыныстың механикалық құрамына және олардың делювиальды тасқындарының іріктелу дәрежесіне байланысты болады.

Барлық жағдайда делювий ақырғы жынысқа қарағанда ұсақ түйіршікті болып келеді. Делювий шөгінділер беткейлерде негізінен шлейф түрінде жиі кездеседі, ені бойынша ұлғайып көрші шлейфтермен құбылады. Олар бөктер бойынша жоғары көтеріліп, біртіндеп ұлғайып, делювий құрамы бойынша өзіне жақын элювиймен біріге отырып, су айрыққа жетеді.

Элювий мен делювий арасындағы шекті жүргізу қын жерлерде оларды жалпы атаумен біркітіреді.

Пролювиальды шөгінді. Таулы аймақтарда уақытша күшті тасқындар ұсақ топырақтармен бірге іріктелмеген түйіршікті материалдардың көптеген мөлшерін алғып кететін күшке ие. Тау аралық алқаптарда өзен сағаларының алқаптарында және сай-салалы жүйеде жиналған борпылдақ шөгінді жыныс, ерекше конустар түзе отырып, оны тау етегінде шөгеді. Осы тасқындардан қалыптасқан шөгінділерді пролювит немесе пролювиальды шөгінділер деп атайды.

Аллювиальды шөгінді немесе аллювий – тау жыныстары үгінділерінің өзен бойында немесе аңғарларында белгілі бір арнамен ағатын су тасқындарының әрекетінен түзілетін шөгінділері (малта тас, қырышық тас, құм). Аллювиальды ағынды көлдердің тұптік шөгіндісі мен өзендердің атыраулық шөгіндісі кіреді. Әртүрлі механикалық құрамдағы аллювиалдың түрлілігі айқын, бөліктердің түрлілігі бойынша материалдарды жақсы іріктеуімен ажыратылады.

Осы шөгіндердің арасында шымтезек линзалары, өсімдік пен жануар организмдерінің қалдықтары, судағы және жердегі молюскалардың, кейде омыртқалылар сүйектері кездеседі.

Аллювийдің бірнеше типтері ажыратылады. Бұл аллювиальды типтері су тасқынының гидрологиялық сипатына қарай әртүрлі көрінеді. Өзендердің тегіс территориясында аллювияның барлық типтері дамыған.

Көлді шөгінділері – қазіргі және бұрынғы (көне) геологиялық кезендерде көл табандарында шөккен жыныстар. Жаратылысына қарай механикалық (малта тас, қырышық тас, құм, лай, құмайт, балшық), химиялық (көл боры, табиғи сода, ас тұзы, гипс, мирабилит) және органикалық (шымтезек, сапропель, диатомит) түрлері болады.

Жамылғы құмбалшықтар (покровные суглинки) және балшықтар – суаралық қеңістікте мұздардың еру жерінде үйілген тараған құрылышы біркелкі, тығыз, орта және женіл шанды құмбалшық. Тобыл-Обаған өзендерінің арасында көрінеді.

Лессстер және лесс тәрізді құмбалшықтар – біртұтас құрамды және дақ қуысты сарғыш – қоңыр немесе жалын түсті, шөгінді тау жынысы. Лесс қабаты өте қалың (он шақты метр) жар бағаналары бөлшектенеді. Суда жақсы өткізеді, шөгу қабілеті жоғары. Лессте көбінесе құнарлы қара және құба топырақтар дамиды. Үлгісі – Қаратаудың маңайындағы тегістік.

Эол шөгінділері – жел әсерінен жер бедері формаларында (құм төбелер, дөңдер, шағыл құмдар-барханы) қалыптасқан борпылдақ жыныс. Құргақ аймақтарда тарайды.

Мұздакты морендік шөгінділер - мұздардың массаларымен ауыстырылып орныққан және үйілген тау жыныстарының угілу өнімдері.

3.3 Топырақ түзілу процесі – жер планетасында тіршілікке ең маңызды процесс, үйткені жердің үстінгі қабатында жансыз тау жыныстарынан топырақ түзілу нәтижесінде құнарлығы бар жаңа табиғи дene – топырақ қалыптасады.

Сонымен, топырақ түзілу бес факторы бөлінеді:

- тау (аналық) жыныстары;
- тірі организмдер;
- климат;
- жер бедері (рельеф);
- уақыт.

Топырақ түзілу процесінің теориялық негізін қалаушы орыс және шет ел ғалымдары В.В. Докучаев, П.А. Костычев, Н.М. Сибирцев, В. Р. Вильямс, К.Д. Глинка, Г. Йенни, Ф.Дюшофур болды. Кейінгі жылдары осы бағытта топырақтану ғылымына үлкен үлес қосқан ғалымдар И.П. Герасимов, В.А. Ковда., Б.Б. Полынов., И.В. Тюрин., А.А. Роде т.б. Табиғатта, топырақтың құралуы-өте ұзаққа созылатын құбылыс. Ол биологиялық, физикалық, химиялық процестердің қатысуымен жүреді. А.А.Роденің анықтамасы бойынша топырақ түзілуі процесі дегеніміз оның қабатында өтіп жататыш заттармен энергияның өзгеру және жылжу құбылыстарының жиынтығы.

Топырақ тау жыныстарының ұзақ геологиялық мерзім ішінде физикалық, химиялық жолдармен үгілген, мұжілген және табиғи күштер арқылы жылжып шөккен тау жыныстарына тірі ағзалардың коныстанып, олардың биологиялық мұжілуі байқалған уақыттаң бастап дами бастайды. Осы топырақ құралудың бастапқы кезеңінде оның құралуына бактериялар, балдырлар одан кейін қоныстаңған саңырау-құлақтар және төменгі сатыда дамыған өсімдіктер әсер етеді. Тау жынысы құрамы осы ағзалардың қалдықтары түсіп, оның құрамында органикалық заттар пайда болған. Осылай дайындалған ортада жоғары дәрежедегі дамыған өсімдіктер қоныстанып, олардың жаксы дамыған тамыр жүйесінің және көп мөлшері органикалық қалдықтарының әсерінен топырак құрау процесі үдей түскен. Осы кезеңде топырақ кабатында жәндіктер мен жануарлардың жануарлардыңда әрекеті молайған. Өсімдіктер мен ағзалардың әрекетінің әсерінен топыракта органикалық заттар қоры және карашірінді немесе гумус жиналған. Олардың құрамында қоректік заттар қоры шоғырланған. Осыған байланысты топырақтың физикалық және басқа да қасиеттері жақсара түскен. Сөйтіп, құнарсыз тау жынысынан бірте-бірте топырақ пайда болады.

Топырақтың құралу және даму құбылыстары жер шарында өтіп жататын әр түрлі күрделі заттар және энергия айналымдарына араласып қатынасады. Ол айналымдардың бастылары геологиялық, биологиялық және биогеохимиялық.

Геологиялық зат айналымы тау жыныстарының үлкен кеңістікте байқалатын және ұзақ уақытқа созылатын геологиялық ауқымды құбылысы. Топырактану ғылымы түрғысынан алғанда академик В.А.Ковда геологиялық зат айналымына келесідей анықтама береді: «геологиялық зат айналымы дегеніміз, жер қыртысының, магмалық және шегінді тау жыныстарымен минералдардың, жер қыртысының кабаттарға бөлініп, үгілу қабатының жер бедерінің пайда болу құбылыстарының және үгіліп-мұжілудің сұйық, қатты және химиялық заттары ағымының құралуы, жер үсті, жер асты суларымен, желмен олардың шоғырланып шөгу құбылыстарының жиынтығы».

Үлкен геологиялық зат айналымының жалпы схемасы 2-суретте келтірілген. Геологиялық зат айналымы арқылы тау жыныстары үгіліп шөгіп топырак түзілуіне қолайлыш жағдай туады.



2-сурет. Үлкен геологиялық зат айналымының жалпы схемасы

Биологиялық зат айналымы дегеніміз қоршаған орта және өсімдіктер мен жан-жануарлар арасындағы қайталанып отыратын заттар және энергия алмасуы. Биологиялық зат айналымының өзіне тән өзгешіліктері бар және ол топырак түзілуге үлкен ықпал жасайды. Биологиялық зат айналымы кезіндегі тірі организмдер алғашқыда тау жынысынан, кейіннен топырақтан қоректік заттарды іріктеп сініреді.

Одан соң ол заттар биологиялық өнім құрамына енеді. Организмдердің қалдықтары жер бетіне түсіп және топырақ ішінде ыдырағанда қоректік заттар оған қайтадан оралады.

Осы айналымның нәтижесінде топырақтың жоғарғы қабатында биофильды элементтер шоғырланады.

Биогеохимиялық айналымы өзара келісімді жүйе ретінде кеңістікте және белгілі бір уақыт аралығында топырақтың тірі немесе өлі бөлігінде сатылап жүретін заттардың өзгерістерімен жылжу құбылыстары.

Бұл зат айналымның өзгешілігі оның жер бетіне келіп түсетін құн нұры радиациясының жыл мезгілі ішінде өзгеруіне, өсімдік дүниесінің өсіп дамуының кезеңдеріне сәйкес құбылуды яғни кезеңденіп журуі.

3.4 Табиғатта топырақтың құралуы күрделі жағдайда жүреді. Сондықтан топырақтың құралуын, оның даму кезеңдерін шартты нұсқа (модель) түрінде қарап пайымдауға ғана болады.

Топырақтың құралу процесінде келесідей басты буындар бар деп есептеленеді:

- тау жыныстары минералдарының, кейіннен топырақ минералдарының өзгерістерге ұшырауы;

- топырақта органикалық заттардың шоғырлануы және олардың өзгерістерге үшірауы;
- топырақтағы минералды және органикалық заттардың әрекеттесіп күрделі органикалық- минералды қосылыстар түзуі;
- топырақтың үстінгі қабатында біршама қоректік заттар мөлшерінің шоғырланып жиналуы;
- топырақ құралуы кезінде пайда болған заттардың ылғалдың әсерімен онын тік бойында және үстінгі бетінде жылжуы.

Аталаң өткен топырақ құралу процесінің негізгі буындарының жүру карқыны топырақтың пайда болуы, дамуы кезінде әр түрлі болып келеді. Соңдықтан топырақтың пайда болуын үш кезеңге бөлуге болады:

Бірінші - топырақ құралуының алғашкы кезеңі.

Екінші - топырақтың даму кезеңі.

Үшінші - топырақтың кемелденіп жетілген кезеңі.

Топырақ құралуының алғашкы кезеңі тау жыныстарына тірі ағзалардың қоныстануынан басталып, топырақ түзілүіне себепкер факторлардың катысуымен жүреді. Осы алғашқы кезеңінде заттардың биологиялық айналымы қалыптасады. Бірак бұл айналымның көлемі шамалы болады. Әйткені тау жыныстарына ең бірінші қарапайым өсімдіктер (саңырауқұлактар, қыналар, балдырлар), микроорганизмдер қоныстанады. Осы кезеңде физикалық, физикалық-химиялық, химиялық процесстер (заттардың еруі, шөгуі, булану, конденсациялануы, сінуі т.б.) жүреді. Осы құбылыстардың әсерінен заттардың өзгеруімен козғалып жылжуы байқалады. Биогеохимиялық зат айналымы әлі қалыптаспаған болады. Топырақ құралуының алғашкы кезеңі барысында оның қатты бөлігінін көптеген белгілері болмайды. Топырақ әлі қалыптаспаған, тек оның құралуына дайындықтар жүріп жатқан кезең болып есептелінеді.

Топырақтың даму кезеңінің басталуы жер бетіндегі экожүйелердің биологиялық өнімінің ұлғаю кезеңінен басталады деп есептеуге болады

Осы кезеңде жоғары сатыдағы өсімдіктердің әрекетінің көлемі жоғарыладап, биологиялық зат айналымның мөлшері ұлғаяды. Биологиялық зат айналымның әсерінен топырақта жаңа қосылыстар пайда болады және олар ағзалардың келесі тобына тиімділігі жақсы болып, келесі биологиялық айналымның көлемінің тағыда ұлғая түсіне мүмкіндік туғызды. Осы кезеңде топырақта қоректік заттардың жинақталған қоры түзіледі. Биогеохимиялық зат айналымы қалыптасады. Физикалық қасиеттері өзгеріп, топыраққа тән қасиеттер эпайда болып, оның заттық құрамы айқындалады. Сонымен катар осы кезеңде топырақтардың әр типіне тән қасиеттер де пайда болады. Соңғы бұл сатыда топырақ өзіне тән ерекшеліктерінің барлығын өз бойына қалыптастырып, топырақ түзілді деп атай аламыз.

Топырақтың даму сатысы күрделі құбылыс және ол үзак уақыт аралығында байқалып, одан әрі қарай жалғаса береді. Топырақтың даму сатысы тіршілік көзі құрығандаған токталады деп есептеуге болады.

Топырақтың кемелденіп жетілген кезеңіне көшуіне келесі себептер себептер бар. Топырақтың дамуы барысында бір мезгілде

табиғаттың, коршаған ортаның жағдайлары ұзақ жылдар бойы бір қалыпты болуы ықтимал. Сол себепті топырақтың коршаған ортамен байланысы оның қасиеттері өзгермей, ондағы құбылыстардың тұрақтылығымен сипатталады. Табиғи жағдайдағы биогеоценозда биологиялық зат айналымның кезекті сатысы, онын алдындағы айналымдарына сәйкес және оған қатысатын косылыштар алдыңғы айналымдарына қатысқан болып келеді. Сонымен бірге тау жыныстарының минералдарынан зат айналымына қосылатын элементтер өте шамалы болады. Көрсетілген себептердің салдарынан топырақтың құрамы, негізгі қасиеттері көп уақыт бойы тұрақты болып қалыптасады. Сондықтан топырақты кемелденіп жетілген кезеңіне жетті деп санаймыз.

Топырақтың кемелденіп жетілген кезеңінде топырақ бойында түрлі құбылыстар өзара үйлесімді қеңістікте және белгілі бір уақыт аралығында өтіп, заттардың биогеохимиялық айналымын құрайды. Оның әсерінен топырақтардың қасиеттерінің ұдайы толысып отыруы байқалады. Сөйтіп топырақтың қасиеттерінің бір қалыпты, оның экожүйеде қалыптасуының тұрақты болуын камтамасыз етеді.

Топырақты агроэкологиялық жүйеде пайдаланғанда ондағы үйлесімді қатынастар бұзылып, оның қасиеттері өзгереді. Топырақтың оның қасиеттеріне, пайда болу заңдылықтарына, аймақтың топырақ құралу жағдайларына сүйене отырып, оны жаксарту шараларын қолданатын мәдени агроэкологиялық жүйелерді жүзеге асырған жағдайда топырақтың құнарлылығы ұдайы жоғарылай түседі.

Жер бетінде топырақ құралу факторларының өзара қарым-қатынасының алуан түрлі болып үйлесім табуы әсерінен табиғатта түрлі топырақ құралу процестері жүріп түрлі топырактар қалыптасады. Солай бола тұрса да әдемдегі барлық топырақтардың типтері құралуы кезінде бір-бірінен аздаған өзгешеліктері бар, бірақ жалпы бағыты ұқсас процестер жүреді. Топырақ құралуының негізін қарама-қарсы бағытталған және бір-бірімен тығыз байланыста болатын биохимиялық, химиялық, физикалық, физикалық-химиялық процестер тірі организмдердің коршаған ортадан минералды элементтерді сіңіруі және коршаған ортаға өздерінің, сонымен бірге, өнімдері мен қалдықтарының тигізетін әсері аныктайды. Топырақ құралу процестері үш топқа бөлінеді. Олар:

- қарапайым микроурдістер немесе процестер
- топырақ түзілуінің құрамды процестері (элементарные почвенные процессы)
- жалпы макропроцестер.

Қарапайым микропроцестерге қарама-карсы бағытта жүретін келесідей құбылыстар жатады:

- тірі организмдердің топырақтан минералды заттарды сіңіруі және органикалық заттарды синтездеуі. Организмдердің топыраққа және атмосфераға органикалық және минералды заттарды бөліп шығаруы;
- органикалық заттардың ыдырауы мен минерализациялануы. Органикалық және минералды заттардың гумусты заттардың пайда болуы;

- топырақ ерітіндісінің кышқылдануы. Топырақ ерітіндісінің бейтараптануы;
- топырақ тұзуші тау жыныстарының бастапқы минералдарының ыдырауы. Туынды минералдардың және органикалық-минералды кешендердің пайда болуы;
- коллоидтардың коагуляцияға ұшырап, тұрақты түйіршіктер қурауы. Коллоидтардың пептизацияға ұшырап, түйіршіктердің бұзылуы;
- минералды қосылыстардың сумен қосылуы. Осы заттардың судан арылуы;
- тотығу құбылыстары, тотықсыздану құбылыстары;
- еріген заттардың топырақтың үстіңгі қабаттарына көтеріліп, шоғырлануы. Ерітіндінің топырақтың астынғы қабаттарына жылжып, ерігіш заттардың шайылыш кетуі;
- топырақтың газдарды өзіне сіңіруі (адсорбция) және топырақтан газдардың бөлініп шығуы (десорбция);
- топырақтың әр түрлі қабаттарының жіктеліп пайда болуы. Топырақ қабаттарының әр түрлі әсерлер нәтижесінде бұзылуы.

Қарапайым микропроцестер топырақтың белгілі ерекше морфологиялық белгілерін, қасиеттерін қалыптастыра алмайды.

Жалпы макроурдістер белгілі бір топырақты (типін, типшесін) қалыптастыруға қатысады. Оларға кара топырақ түзілу үрдістері, генетикалық қабаттардың қалыптасуы, күлгін топырақ, кебірлер түзілу процестері т.б. жатады. Топырақ типтері (мысалы, қара топырақ, күлгін топырақ, немесе кебір) топырақ түзілуінің құрамды процестерінің бірнешеуінің қосарлана жүргі әсерлерінен пайда болады.

Топырақ түзілуінің құрамды процестері - топырақтың пайда болуына басты себебін тигізетін, топырақта үйлесімді, өзара байланысты жүретін биологиялық, химиялық және физикалық құбылыстар. Олар топырақтың басты белгілерін қалыптастыруға қатысады. Мысалы: гумусты қабаттың немесе кебірленген қабаттың пайда болуына себепші болатын құбылыстар. Қазіргі уақытта топырақ түзілу құрамды процестерінің толық тізімі қалыптасқан жок. Фалымдардың осы мәселеге кез карасы әр түрлі болып отыр.

И.П.Герасимов, М.А.Глазовская топырақ түзілуінің құрама процестерін (1960) 10 түрін атап, оларды үш топка бөлді.

I топ – топырақтың минералды бөлігінің өзгерістерге ұшырауға қатысты процестер: бастапқы карапайым топырак құралу; топырақтың балшықтануы; латериттену.

II топ – топырақтың органикалық бөлігінің өзгерістерге ұшырауға қатысты процестер: гумус жиналу; шымтезек жиналу.

III топ- топырақта пайда болған минералды және органикалық өнімдердің өзгерістерге ұшырауымен жылжуына қатысты процестер: сортандану, кебірлену мен шақаттану; қопалану мен кеңдену; шайылу, күлгіндену.

А.А. Роде (1971), И.П. Герасимов (1973,1980) жоғарыда көрсетілген процестерге тағыда бірнеше процестер түрін қости.

Топырақтағы органикалық заттардың өзгерістерге ұшырау процестері. Фотосинтез арқылы және микроорганизмдер жан-жануарлардың өсімдіктерді пайдалануы кезінде қалыптасқан органикалық заттар биоценоздың құрамды бөліктерінің өнімдері ретінде топыраққа қайтарылады. Олар мен бірге фотосинтез әсерінен шоғырланған энергия, биогенді элементтер және қараширінді құралуына қажет органикалық заттар топыраққа түседі. Осы органикалық заттар топырақ түзілу процесі кезінде екі бағытта өзгерістерге ұшырайды. Олар минералдану және қараширінді немесе гумус түзілуі.

Минералдану құбылысы кезінде күрделі органикалық заттар әр түрлі микроорганизмдердің қатысуымен қарапайым химиялық қосылыстарға дейін ыдырайды (су, көмірқышқыл газы, түрлі аниондар мен катиондарға). Органикалық заттардың 80-90% минералдану құбылысына ұшырайды. Пайда болған өнімдер топырақ ерітіндісі құрамына көшіп өсімдіктер үшін қайтадан қоректік зат болып биологиялық зат айналымына қосылады.

Гумус түзілу құбылысы барлық топырақ типтері қалыптасу кезінде байқалады. Бұл топырак құралуының басты көрсеткіші, осы құбылыс әсерінен топыраққа түскен органикалық қалдықтардың бір бөлігі ерекше зат қараширіндігे немесе гумуске айналады. Қараширінді тек топырақтарға ғана тән зат. Топырақ құралуы кезінде минералдану мен қараширінді түзілуі құбылыстары оңтайлы жағдайда жүргенде топырақта қараширінді қабаты түзіледі және оның қалындығының артқаны байқалады. Топырақта қараширінді мөлшері арткан сайын оның құнарлылығы молайып, касиеттері жақсара түседі. Қоршаған ортаның жағдайлары, топырак түзуші факторлар қолайсыз болған жағдайда топырақтағы қараширінді түзілуі, жиналу процестерінің қарқыны бәсендейді, қараширіндінің және басқа органикалық аттардың минералдануының артуы байқалып, құнарсыз топырақтар түзілуі ықтимал.

Шымтезек түзілу құбылысы – ылғалдылық артық жағдайда анаэробты ортада әлсіз ыдыраған органикалық қалдықтардың жинақталуымен сипатталады. Бұл процесс әсерінен топырақта шымтезек қабаты қалыптасады. Батпақты топырақтар түзілу процесіне қатысады.

Топырақтың минералды бөлігінің өзгерістерге ұшырауына қатысты процестер қатарына бастапқы топырақ құралу, шымдану, балшықтану, грейлену ж.т.б. жатады.

Бастапқы топырақ құралу жалаңаш аналық тау жыныстары үстінде өтеді. Бұл күрделі, кешенді бір уақытта жүріп жататын биологиялық, физикалық және химиялық процестер жиынтығы. Тау жыныстарына қарапайым организмдер қоныстануынан басталады және олар тау жыныстарының минералдарының ыдырауына, үгілуіне әсер етеді. Кейінірек бірте-бірте майда үгінділер, биогенді элементтер мен гумустың жиналуы байқалады. Бұл құбылыс әсерінен өте жұқа қабатты, әлсіз дамыған топырақтар түзіледі.

Шымдану процес - -шөптесін есімдіктер қалдықтары ыдырау әсерінен гумустың, азоттың және күлді элементтердің топырақтың үстіңгі қабатына шоғырлануымен, топырақтың дәнше-кесекті құрылым қалыптасуымен

сипатталады. Шымдану процесі әсерінен топырактың потенциалды құнарлылығы қалыптасып, өсімдіктердің өсіп-өнуіне қолайлы жағдай туады.

Балишықтану процесі - топырақта туынды балшықты минералдар: монтмориллонит, гидрослюдадар, каолин, вермикулит т.б. түзілуі құбылыстармен сипатталады. Олар бастапқы, кейде туынды минералдардың үгілуімен, ыдырауынан пайда болады. Бұл құбылыс биогеохимиялық процестер қатарына жатады. Балшықты минералдардың түзілуіне биологиялық үгілудің үлкен әсері бар.

Глейлену үрдісі (қопалану) топырақта шала темір тотығы (FeO), темір және марганецтің тұздары $FeCO_3$ сидерит, $Fe_3(P0)^4 \cdot 8H_2O$ вивианит қосылыстары бар балшықты минералдардың артық ылғалдылық және оттегі тапшылығы қалыптасқан анаэробты жағдайда түзілуімен айқындалады. Жоғарыда көрсетілген қосылыстар топырақта глейленген (қопа) қабатын немесе глей дақтарын түзейді. Бұл дақтар ақшылт-жасыл, көкшіл-жасыл, көкшіл-қара түсті больш келеді. Қопа түзілу процесі батпақты, артық ылғалдылығы бар аймақтар топырақтары құралуы құбылыстарына тән болып келеді.

Аллиттену (ферралиттену) үрдістері үгілу және топырак түзілуі кезінде топырақта темірдің және алюминийдің тотықтары минералдарының (гетит, гидрогетит, лимонит, гидрогелит, гиббсит), туынды каолиниттің жиналуы, ал басқа тотықтардың, кремнеземнің кемуі байқалатын құбылыс. Бұл процесс тропикалық және субтропикалық ылғалды аймақтарда байқалады. Қызыл және сары топырақтар түзілуі құбылыстарына катысады. Аллиттену (ферралиттену) процестері әсерінен қалыптасқан топырақтар қызыл немесе сары түс болады, бұлар темірленген микрокұрылымды, аз сіңіру қабілеті бар, біріккіштігі немесе иленгіштігі жақсы және ылғалданғанда өте ісінетін болып келеді.

Латериттену процесіне топырақта темірлі, темірлі-кварцты болып қатқан түйіршіктермен қабаттардың (жабындының) пайда болуы құбылыстары жатады. Бұл процесс топыракқа темір және алюминий қосылыстары бар сулардың әсері арқылы жүреді. Латериттену зат айналымынан көп мөлшерде темір қосылыстарын ығыстырады. Бұл процесс мерзімді ылғалды тропикалық аймақтар топырақтарында байқалады.

Топырақта пайда болған өнімдердің өзгерістерге ұшырау процестеріне келесідей құбылыстар жатады:

Шайылу-сілтілі және жер сілтілі металлдары қарапайым түздарының топырақ қабаттарынан аластатылуы (шайылуы). Түздардың топырақтың қабаттарынан біржола шайылуы жауын-шашын түсетін, топырақта шайылмалы су режимі қалыптасқан аймақта байқалады. Топырақ құралуы кезінде түзілген немесе аналық жынысында болған натрийдің, калийдің, кальцийдің және магнийдің түздары шайылу әрекетіне жиі ұшырайды. Шайылуға төзімді түздар қатарына кальций карбонаты (Ca_2CO_3) жатады, ал бикарбонатқа ($(HCO_3)_2$) айналған тұз тез шайылады.

Сортандану – топырактың үстінгі қабаттарында ерігіш түздың жиналуы процесі. Бұл процес жауын-шашын мөлшерінен ылғалдың булануы артық болған жағдай да, топырактың бусану су режимі аумақтарда қалыптасады. Ыза

судың деңгейі биік болғанда (0,5 м терендікте) ол ыстық ауа райы әсерінен булаңып, топырактың бет қабаттарына тұзы бар ағы су көтеріліп, тұздар үстіңгі топырақ қабаттарына шоғырланады. Сортанданған топырақтардың физикалық, химиялық қасиеттері нашар және оның құнарлылығы өте төмен болады.

Кебірлену - топырақтың қабатында алмаспалы натрий иондарының шоғырлану процесі. Топырақ құралуы кезінде пайда болған немесе аналық тау жыныстарымен ыза су құрамында болған натрий тұздарының иондарының бір бөлігі топырақтың сініру кешені құрамына көшіп жиналады. Бұл процесс нәтижесінде кебір және кебірленген топырақтар түзіледі. Бұл топырақтардың физикалық-химиялық және басқа қасиеттері нашар болалы, топырақ ортасының реакциясы сілтілі болып қалыптасады, өсімдіктердің өнімділігі күрт төмендейді.

Құлғіндену-тайгалы орман ішінде ағаш жапырақтары ыдырап қышқылды өнімдер қалыптасып, топырақтың минералдарын ыдырататын мол жауын-шашиң суымен еріген заттардың үстіңгі қабаттардың астыңғы қабаттарға шайылуы нәтижесінде топырақта қоректік заттар кедей, құрамында қышқылдарға тәзімді кремний тотығы жиналған қышқыл реакциясы бар қабаттың пайда болу процесі.

Лессиваж-топырақ түзілуі кезінде балшықты бөлшектердің құрамын өзгертуелі су ағысымен топырақтың астыңғы қабаттарына көшуі. Нәтижесінде топырақтың үстіңгі қабаттарында балшықты-тозанды бөлшектер кемиді, ал астыңғы иллювиалды қабатта осы бөлшектер мөлшері молаяды, яғни топырақтың үстіңгі қабаттарында құнарлылықты арттыратын маңызды бөлшектер мөлшері кемиді.

Қорыта айтқанда, топырақ құралуы кезінде оның бойында әр түрлі процестер қалыптасады және олардың қарқындылығы, косарлана журуі топырақтың түрлі қасиеттерін, морфологиялық белгілерін қалыптастырады. Топырақтың белгілі бір түрінің түзілуіне ықпал жасайды.

Әдебиет:

1, 5-17; 37-45; 2, с. 15-20, 22-61; 6, с.3-30; 9, с.13-29, 40-44; 11, 2006; 15, с. 51-57, 173-226; 18, 27-39 б; 19, 71-160б.

Бақылау сұрақтары:

- 1 Топырақтың үгілуін қалай түсіндіруге болады?
- 2 Топырақтың үгілу факторларын атаңыз.
- 3 Физикалық, химиялық және биологиялық үгілу дегеніміз не?
- 4 Аналық жыныстар дегеніміз не және олардың топтарын атаңыз.
- 5 Магмалық, шөгінді және метаморфтық жыныстарға сипаттама беріңіз.
- 6 Геологиялық, биологиялық және биогеохимиялық заттар айланымының анықтамасын және ерекшеліктерні атап көрсетіңіз.
- 7 Топырақ түзілу процесі дегенімз не?
- 8 Топырақ түзілу факторларын атаңыз.
- 9 Топырақ түзілу процесінің негізгі буындарын атаңыз.

10 Топырақ түзілуінің қандай кезеңдері бар? Олардың негізгі ерекшеліктерін сипаттаңыз.

11 Топырақ құралу процестерінің негізгі топтарын атаңыз және оларға жататын құбылыстарды сипаттаңыз.

4 Тақырып Топырақтың органикалық бөлігі

Мақсаты: топырақтың органикалық бөлігінің пайда болуы, көздері, оның құрамы мен қасиеттері, әртүрлі топырақтарда гумустың пайда болуы, гумустың топырақты түзілу және оның топырақтың құнарлылығындағы рөлін оқып білу.

Дәріс сұрақтары:

4.1 Топырақтың органикалық бөлігінің көздері

4.2 Органикалық қалдықтардың топырақта өзгеру процестері

4.3 Гумустың құрамы

4.4 Топырақтың гумустық жай-күйінің көрсеткіштері

4.5 Гумустың топырақ түзілу, топырақ құнарлығы және өсімдіктердің қоректенуіндегі рөлі

4.1 Топырақтың органикалық бөлігін үш құрауыштар (компонент) құрайды: тірі организмдер (өсімдіктер, жануарлар микроорганизмдері), органикалық қалдықтар және олардың ыдырау өнімдері, сонымен қатар топырақ түзілу кезінде пайда болған ерекше зат - гумус.

Гумустың көзі болып жоғары сатыдағы өсімдіктермен топырақты мекендейтін микроорганизмдер мен жануарлардың органикалық қалдықтары саналады.

Шөпті өсімдіктер астында гумустың негізгі көзі тамырлар, ал ормандағы топырақтарда төсеніш саналады, оның мөлшері аймақта, құрамына, жасына және екпелердің жиілігіне, сонымен қатар өсімдік мен мүкттер жамылғысының дамуына байланысты болады. Ағашты өсімдіктердің тамырлары көп жылдықтар, олардың гумус түзілуіндегі рөлі шамалы.

Жасыл өсімдіктер биомасса қалдықтарының шамамен 1/3 бөлігін микроорганизмдердің органикалық қалдықтары құрайды. Топырақ фаунасының органикалық қалдықтары өте аз мөлшерде жиналады - 100-200 кг/га құрғақ зат.

Соынмен, гумусты құрайтын бірінші немесе бастауыш және негізгі көзі болып жасыл өсімдіктердің жердегі тұсулер (опад) мен тамырлар түріндегі қалдықтары саналады.

Өсімдіктер қалдықтарының химиялық құрамы әртүрлі болады, негізгі бөлігін (75-90%) су құрайды. Құрғақ затқа көмірсулар, белоктар, лигнин, липидтер, балауыздар (воски), шайырлар (смолы), илік (дубильные) және басқа да заттар кіреді. Органикалық қалдықтардағы заттар топтарының ара қатынасы әртүрлі болады. Мысалы, бактериялардың негізгі массасы белоктар, сүректе (древесина) және қылқанжапырақта лигнин, шайырлар, және иліктер көп, ал белок аз болады және олардың ыдырауы баяу жүреді. Шөптер белокқа бай болады да тез ыдырайды.

Органикалық қалдықтар құрамында ылғайына күлдік элементтер: калий, магний, кремний, фосфор, күкірт, темір және басқалардың біршама мөлшері болады. Суректің күлділігі өте төмен, күлдік элементтер шөптің қалдықтарында көп болады.

Жыртылатын топырактарда гумустың көзі болып мәдени өсімдіктердің аныздық және тамырлар қалдықтары, сонымен қатар органикалық тыңайтқыштар (көң, компостар және тағы с.с.) саналады.

4.2 Топыракта органикалық заттардың гумусқа айналуы микроорганизмдер, жануарлар, оттегі мен судың қатысуымен жүреді.

Жер үстіне немесе топыраққа түсетін жасыл өсімдіктер қалдықтарын микроорганизмдер ыдыратады, өнімдерін олар қоректену, энергия көзі реті қолданады. Үйдірау процесінде бұл қалдықтар анатомиялық құрылышынан айрылады, оларды құрайтын заттар жылжымалы көбірек және қарапайым қосылыстарға айналады. Бұл қосылыстардың бір бөлігі микроорганизмдермен толық минералданады, ал ыдырау өнімдері жасыл өсімдіктермен сіңірледі, ыдырау өнімдерінің бір бөлігін гететрофтық микроорганизмдер қайтара пайдаланады. Ақыр аяғында ыдылау өнімдерінің кейбір бөлігі курделі жоғары немесе үлкен молекулалы заттар – гумус қышқылдарына айналады. Бұл процесті гумификация процесі деп атайды, оның агенттері болып ауадағы оттегі, су және микроорганизмде ферменттері саналады.

Органикалық қалдықтардың гумусқа айналу процесінде топырақ жануарлары белсенді қатысады, олар органикалық қалдықтарды ұсақтайды, бар массаны араластырады, оларды қайта өндейді де экскременттерін (нәжістерін) топыраққа шығарып тастайды. Бұл арада топырақ құрттарының рөлі өте зор.

Сонымен, органикалық заттардың гумусқа айналу процесі (гумустың түзілуі) алғашқы органикалық заттардың ыдырау, микробтық плазманың қайта құрылған түрлерінің синтездену және олардың гумификациялану процестерінің жиынтығы болып саналады.

Гумустың құралу (түзілу) құбылышының ұзақтығы, сипаты топыраққа түсетін өсімдік қалдықтарының құрамына, мөлшеріне, ылғалдылыққа, ауамен қамтамасыз етілуіне, ортаның реакциясына, микробиологиялық ерекшеліктеріне, топырақтың химиялық, минералды және грануметриялық құрамына байланысты болып келеді. Аэробты жағдайларда ылғал жетікті және онтайлы температура ($25\text{-}30^{\circ}\text{C}$) болғанда органикалық заттардың ыдырауы қарқынды жүреді. Осындай жағдайларда аралық өнімдердің болсын, гумустың заттардың болсын минералдану процестері белсенді жүреді, топырақта гумус мөлшері шамалы жиналады да күлдік элементтер мөлшерлері көп болады. Топырақта тұрақты және кенет ылғал жетіспеген жағдайларда өсімдіктер қалдықтары аз жиналады, гумификация және минералдану процестері бәсендегіледі де гумус аз түзіледі.

Топырақта ылғал мөлшері тұрақты шамадан тыс болғанда, сонымен қатар температура да төмен болған жағдайларда гумификация процесі баяу жүреді. Органикалық қалдықтар анаэробты жағдайда ыдырайды да организмдердің

тіршілік әрекетін ауырлататын газтәрізді (CH_4 , H_2) заттар көптеп жиналады. Осының салдарынан ыдырау процесі өшеді, гумификация баяу жүреді дкке органикалық қалдықтар шымтезекке (торфқа) айналады.

Гумустың жиналуына ең қолайлы жағдайлар топырақта су және ауа режимдері оңтайлы және қайта-қайта құрғактану болғанда туады. Бұндай режим қара топырақтарға тән нәрсе.

Гумус түзілу процесінің бағыты мен жылдамдығына ыдырайтын қалдықтардың химиялық құрамы және олардың топыраққа түсү сипаты үлкен әсер етеді.

Шөпті өсімдіктер қалдықтарының ыдырауы, әсіресе бұршақтылар, топырақта негіздер мөлшерінің көп болуымен жүреді, бұндай жағдайда топырақтың минералдық бөлігін біркелкі шаншыған «жұмсақ гумус» пайда болады.

Белоктарға кедей, күлдік элементтер мөлшері шамалы, лигнин, балауыздар мен шайырларға қаныққан ағашты өсімдіктер қалдықтары төсенішті ылғыйына жауын-шашиңдар шаятын жағдайда ыдырайды. Төсеніш саңырауқұлақтардың қатысуымен ыдырайды да көп мөлшерде органикалық қышқылдар пайда болады. Топырақтың қышқыл реакциясы гумификация процесін тежейді және топырақтың үстінгі қабатында жартылай ыдыраған қалдықтары бар «қатты немесе дөрекі гумус» құрылады.

4.3 Гумус деп органикалық қалдықтардың ыдырау және гумификациялануынан құрылған органикалық қосылыстардың динамикалық комплексін немесе кешенін айтады. Топырақтағы гумус мөлшері 1-2-дан 12-15-ға % дейін құбылады және терендеген сайын кенет немесе бірте-бірте азаяды.

Гумустың құрамына кіретін заттарды 2 топқа ажыратады: ерекше және ерекше емес органикалық қосылыстар.

Топырақтағы ерекше емес заттар (белоктар, көмірсулар, липидтер, шайырлар және с. с.) мөлшері 10-15 %.

Ерекше (гумусты қосылыстар) заттар болып құрылышы циклі және қышқылды табиғаты бар жоғарымолекулалы құрамында азоты бар органикалық қосылыстар жүйесі саналады. Оларға жататындар: гумин және фульво қышқылдары, сонымен қатар гуминдер.

Гумин қышқылдары қоңыр түсті, өзінің құрылған жерінде жиналады, суда, органикалы және минералды қышқылдарда ерімейді, негіздерде шамалы ериді, топырақ кескінінде шамалы жылжиды. Бұл қышқылдар құрамында көміртегі (52-62 %), сутегі (2,8-5,8 %), оттегі (31-39 %) және азот (1,7- 5 %) бар. Гумин қышқылындағы бұл элементтердің мөлшері топырақтың түріне, ыдырайтын қалдықтардың химиялық құрамына және гумификациялану жағдайына байланысты болады. Қара топырақтардың гумин қышқылдарында көміртегі көп болады. Гумин қышқылдарының тұздары – гуматтар, олар топырақта жақсы құрылым қураушы болып саналады.

Фульвоқышқылдар –жоғарымолекулалы құрамында азот бар органикалық қышқылдар. Олар сары түсті, суда, қышқылдарда, негіздердің әлсіз ерітіндісінде жақсы ериді, фульфаттардың еритін тұздарын құрайды.

Фульбоқышқылдарының су ерітінділері өте қышқыл болады (рН 2,6 -2,8). Фульвоқышқылдары өзінің қышқыл реакциясына және суда жақсы еритіндігіне байланысты топырақтың минералды бөлігін белсенді бұзады. Топырақта неғұрлым гумин қышқылдары аз болса, соғұрлым фульбоқышқылдарының бұзушы әсері күштірек.

Гумин –гумин және фульбоқышқылдарының комплексі, топырақтың минералдық бөлігімен өте мықты байланған және әдеттегіше тәсілмен бөлінбейді..

Кезкелген топырақта гумустық заттар гумин және фульбоқышқылдары және олардың тұздарынан тұрады (гуматтар, фульваттар, алюмо- және теміргумусты қышқылдар). Бұл қосылыстардың бәрі топырақтың минералды бөлігімен әртүрлі күштегі байланыста болуы мүмкін.

4.4 Топырақтың гумустық жай-күйі, топырақта олардың жиналу деңгейін, оның кескін бойынша бөлінуі, сапалық құрамын көрсететін көптеген көрсеткіштердің жиынтығымен сипатталады.

Топырақты агрономиялық тұрғыдан сипаттау үшін келесі көрсеткіштерді пайдаланады.

1. Гумустық қабаттардағы гумус мөлшері (С,%):

өте жоғары > 10
жоғары 6-10
ортаса 4-6
төмен 2-4
өте төмен <2

2. Гумустың қоры (ЗГ, т/га) формула бойынша есептеледі:

$$ЗГ = C^* d_v^* h \quad (1)$$

Мұнда ЗГ – гумус қоры, т/га;

d_v – топырақтың тығыздығы, г/см³;

h – қабаттың қалындығы, см

0-20 см (0-100 см) қабаттардағы гумус мөлшері келесі шкала бойынша бағаланады, т/га:

өте жоғары >200 (>600);
жоғары 150-200 (400-600);
ортаса 100-150 (200-400);
төмен 50-100 (100-200);
өте төмен <50 (<100).

3. Гумустың метрлік қалықдықта кескін бойынша бөлінуі (кенет азаятын, бірте-бірте азаятын, біркелкі және б.).

4. Гумус түрі (тип) гумин және фульвоқышқылдар қатынасымен анықталады ($C_{ГК}:C_{ФК}$):

гуматтық >2;
фульватты-гуматтық 1-2;
гуматты-фульваттық 0,5-1;
фульваттық <0,5;

5. Гумустың азотпен қанығуы С:N атомдық қатынасымен бағаланады:
өте жоғары >5;
жоғары 5-8;
орташа 8-11;
төмен 11-14;
өте төмен <14.

4.5 Гумус топырақ түзілу және топырақ құнарлылығының дамуында үлкен рөль атқарады..

1. Гумуста өсімдіктер мен микроорганизмдерінің қоректенуіне қажетті барлық негізгі элементтер жиналады және ұзақ сақталады. Оның бірте-бірте минералдануынан барлық элементтер минералды түрге айналады және өсімдіктермен пайдаланылады.

2. Гумус пен органикалық қалдықтар ыдырау кезінде көмірқышқыл газы көп мөлшерде бөлінеді, олар жер бетіне жақын орналасқан ауа қабатын көмір қышқылы газымен қамтамасыз етіп, өсімдіктердің көміртегімен қоректену көзі болады.

3. Гумустық заттар және органикалық қалдықтар ыдырауының аралық өнімдері топырақ түзілу процесінің бірінші сатысында белсенді қатысады – минералдардың биологиялық мүжілу және тау жыныстарының бұзылуы. Минералдар әсіресе фульвокышқылдар арқылы бұзылады және олардан организмдерге қажетті қоректік элементтер алынады.

4. Гумустың топырақ кескінін қалыптастырудың үлкен рөлі бар. Гумин қышқылдары көп деңгейдегі топырақтардың гумустық қабаты жақсы көрінеді. Егер топырақта кальций көп болса, гумин қышқылдары кальций гуматын құрайды, суғатөзімді құрылым құрауда ол өте маңызды.

5. Егер гумус құрамында фульвокышқылдар көп болса, бұндай топырақтар кальций, магний, калий және басқа да негіздермен кедейленеді, топырақ реакциясы қышқыл болады, силикаттар мен алюмосиликаттар бұзылады. Бұл жағдайлар тұрақты және шамадан тыс ылғалданған топырақтарда байқалады.

6. Органикалық заттарға байланысты топырақтың көптеген микроорганизмдер мен топырақ жануарлары мекендейді, олармен әртүрлі күрделі биохимиялық процестер байланысты.

Әдебиет:

1, с.65-83; 2, с. 78-94; 9, с.58-73; 10, с.179-226; 11, 2006; 22, с. 275-279.

Бақылау сұрақтары:

- 1 Топырақтың органикалық бөлігі дегеніміз не?
- 2 Гумустың көздерін атаңыз.
- 3 Жыртылатын топырақтарда гумустың көзі болып не саналады?
- 4 Гумус дегеніміз не, ол қандай заттардан тұрады?
- 5 Әртүрлі топырақтардағы гумус мөлшерлері қандай?
- 6 Топырақтың гумустық жай-күйінің негізгі көрсеткіштерін атаңыз.
- 7 Топырақ түзілу және топырақ құнарлылығының дамуында гумустың рөлі қандай?

5 Тақырып Топырақ коллоидтары және топырақтың сініру қабілеті

Мақсаты: топырақ коллоидтары, құрылуды, құрамы, қасиеттері және топырақтың сініру қабілетін оқып білу.

Дәріс сұрақтары:

5.1 Топырақ коллоидттары, олардың құрылуды, қасиеттері және құрамы

5.2 Топырақтың сініру қабілеті және оның түрлері

5.3 Топырақтың сініру сиымдылығы және әртүрлі топырақтардағы алмасу катиондарының құрамы

5.4 Топырақтың сініру қабілетінің маңызы

5.5 Топырақ қышқылдығы, сілтілігі

5.6 Топырақтың буферлігі

5.1 Топырақ күрделі полидисперсті жүйе, әртүрлі мөлшердегі бөлшектерден тұрады. Топырақтың ең дисперсті бөлігі коллоидтар (бөлшектердің мөлшері немесе көлемі 0,0001 мм-ден төмен) түрінде болады. Олар топырақ салмағының 1-2 пайыздан 30-40 пайызға дейін, бірақ олардың топырақтың қасиеттері мен құнарлылық деңгейіне деген әсері өте үлкен.

Коллоидтар – екі фазалы жүйе және дисперсті фазамен (коллоидті бөлшектер массасы) дисперсті ортадан (топырақ ерітіндісі) тұрады.

Топырақ коллоидтарының ерекшеліктері болып өте үлкен жалпы және сыбағалы үлесті бет ауданы, сонымен қатар дисперсті фазамен дисперсті ортаның бөліну шекарасында иондардың қос электрлік қабатының болуы.

Жалпы және үлесті үлкен бет ауданы жоғарғы дәрежедегі дисперстілікпен қамтамасыз етілген, соңдықтан коллоидтің массасы оның бетіне қарағанда үлкен емес. Бұл ерекшелік коллоидтардың реакциялық қабілетін анықтайды.

Вигнердің ұсыныс бойынша коллоидты бөлшекті **мицелла деп атайды**.

Мицелланы схема түрінде былай көрсетуге болады:

Өзегі немесе ядросы – қатты бөлшек, заттар молекулаларының үйіткышынан тұрады. Өзектің үстінде иондардың қос электрлік қабаты қалыптасқан, ол коллоидтың потенциалын анықтайтын өзекпен тығыз байланысқан ішкі қозғалмайтын иондар қабаты және иондардың қарсы зарядты қабатының орнын толтыратын сыртқы қабаттан тұрады. Өзекпен потенциал анықтайтын иондар қабатын **гранула** деп атайды. Орнын толтыратын қабаттағы иондардың бір бөлігі қозғалмайтын болып келеді, үйткені иондардың ішкі қабатымен тығыз байланысқан, ал екінші бір бөлігі қозғалмалы келеді де сыртқы немесе диффузды қабатты құрайды, бұл қабатта алмасу реакциясына қабілеті бар иондарды құрайды.

Потенциалын анықтайтын қабаттағы иондардың құрамына байланысты ацидоидтар, базоидтар және амфолитоидтарды ажыратады

Ацидоидтар – теріс зарядты коллоидтар, потенциал анықтайтын қабатта аниондардан тұрады, ал диффузиялыда – катиондар.

Базоиды – он зарядты коллоидтар, потенциал анықтайтын қабатта катиондардан тұрады, ал диффузиялы қабатта – аниондар.

Амфолитоиды – қоршаған ортасын реациясына байланысты өзгермелі коллоидтар, олар өздерін базоидтар немесе ацидоидтар түрінде көрсетуі мүмкін.

Топырақтағы коллоидтардың негізігі массасы - ацидоидтар.

Сұйық фазаға байланысты коллоидтар гидрофильді және гидрофобты болады. Гидрофильді коллоидтар суды мол сініріп тұтады, ал гидрофобтылардың қасиеті керісінше, шамалы.

Коллоидтар топырақта золь (коллоидтік ерітінді) және гель (коллоидтік тұнба) күйлерінде кездеседі және олар бір күйден екінші күйге көше береді.

Коагулация – коллоидтің ерітіндіден тұнбага көшуі, ал керісінше, тұнбадан ерітіндіге көшуін *пептизация (бытырау)* деп атайды.

Золь күйінда коллоидтар топырақтың қабаттарында жылжып, жиылады, ал гель күйінда топырақта бекіп қалады. Яғни, коллоидтар құрамындағы қоректік заттар жылжижы және бекиді. Сонымен бірге коллоидтар гель күйіне көшу барысында топырақ түйіршіктілігін қалыптастырады.

Коллоидтардың адсорбтық қасиеттерінің – топырақ ерітіндісіндегі заттардың катиондар, аниондар және тұтас молекулаларын сору маңыздылығы ете зор.

Коллоидтар топырақта үш түрде *минаралды, органикалық, органикалы-минералды қосылыстар* түрінде кездеседі.

Минералды коллоидтар балшықты минералдар, кремний, темір, алюминий тотықтарының коллоидты түрінде кездеседі.

Топырақта органикалық коллоидтар ең алдымен гумусты қышқылдар мен олардың тұздары (гуматтар, фульваттар) ретінде кездеседі. Олардың бәрі нақтылы ацидоидтар. Гумусты заттардың ерекшеліктері катиондардың алмасып сініру қабілетінің өте жоғары сиымдылығы, осыған орай олар топырақтың сініру қабілетіндегі рөлі өте зор.

Органикалы-минералды коллоидтар барлық топырақтардың үстіңгі қабатында көп тараған, олар гумусты заттардың балшық минералдарымен және үш валентті металл тотықтарының шөгінділерімен қосылыстар түзуі арқылы құрылады.

Органикалы-минералды коллоидтар ацидоидтар болып саналады және олардың да сініру қабілеті жоғары болып келеді.

5.2 Топырақтың сініру қабілеті деп топырақтың қоршаған ортадан қатты, сұйық заттарды, бөлшектер, молекулалар, иондар, микроорганизмдерді өз бойына сініріп ұстая қабілетін айтады.

К.К.Гедройц топырақтың сініру қабілетінің бес түрін бөліп көрсетті: механикалық, физикалық, физико-химиялық (алмаспалы), химиялық және биологиялық.


Механикалық сініру қабілеті – сумен не аумен топыраққа келіп түскен қатты бөлшектердің топырақтың қыстарынан төмен әрі қарай өте алмай оның бойында кептелініп сіңіп қалуы. Мысалы ретінде суару кезінде топырақтың фільтрленетін судағы заттардың бөлшектерін сініріп ұстап қалуы, немесе қатты нөсер жаңбырлардан кейін ылайлы судың топыраққа сіңуі кезінде байқалады.

Физикалық сініру қабілеті – топырақтың қатты бөлігінің сыртқы үстінде еріген заттардың, газдардың концентрациясының артуы топырақтың сініру қабілетін физикалық түрін аңғартады. Топырақтың қатты бөлігінің сыртқы молекулалық күші әсерінен газдардың, су буының, органикалық заттардың молекулалары осы қатты бөліктің үстіне қатпарланып орналасыды, бірақ олар топырақтың қатты бөлігінің ішкі құрамына араласпайды.

Топырақтың бұл сініру қабілеті ондағы дисперсті бөлшектерге, оның ішінде көбінесе коллоидтарға байланысты, топырақ бетіндегі бұл сініруді **адсорбция** деп атайды.

Физико-химиялық (алмаспалы) сініру қабілеті – топырақ ерітіндісіндегі катиондардың эквивалентті түрінің топырақтың қатты бөлігінің құрамындағы катиондардың бір бөлігінің орнына алмасып сіңуін аңғартады.


Алмаспалы сініруді келесі реакциямен сипаттауға болады:



TCK (топырақтың сініру комплексі) – топырақ құрамындағы сініру құбылыстарына қатынасатын заттар қосындысы немесе жиынтығы, оның басты бөлігін топырақ коллоидтары құрайды.


Химиялық сініру қабілеті (хемосорбция) – топырақ құрамындағы заттардың өзара химиялық әрекеттерге ұшырап оның құрамында ерімейтін тұрақты тұздар түзілуінде болып келеді.

Тұздар түзілу реакциясы әсіресе фосфор қышқылының иондарын сініруде өте маңызды. Мысалы:



Бұл реакция топырақ ерітіндісіндегі реакциясы бейтарапқа жақын жағдайда жүреді.

Реакциясы қышқыл топырақтарда былай жүреді:



Химиялық сініру қоректік элементтердің бір қатарының өсімдіктерге сініру жағдайын төмендетеді.

Биологиялық сініру қабілеті – топырақ құрамындағы өсімдіктер тамырлары және микроорганизмдерге байланысты сініруін аңғартады, немесе олардың топырақ ерітіндісінен әртүрлі заттарды сініру қабілетіне байланысты.

5.3 Топырақтың сініру сиымдылығын К.К.Гедройц былай түсінген: топырақтың алмасу-сініру күйінда ұстап тұра алатын катиондардың

максималды мөлшері. Қазіргі уақытта бұл өлшемді катиондық алмасу сиымдылығы (**ЕКО**) деп атайды, мг. экв/100 г. топырақта есептеледі.

Алмаспалы катиондар құрамы әртүрлі топырақтарда бірдей емес және топырақтың түзілу түріне байланысты болады. Барлық топырақтардың сініру кешенінде кальций және магний болады. Кебірлерде натрий, ал қышқыл топырақтарда сутегі және алюминий болады. Қара топырақтарда кальций және магний өте басым болады.

К.К.Гедройц алмаспалы катиондар құрамына қарай барлық топырақтарды екі топқа бөлді: **негіздермен қаныққан топырақтар** (құрамында кальций, магний және натрий) және **негіздермен қанықпазан топырақтар (кальций, магний мен қатар сутегі және алюминий катиондары бар)**.

Алмаспалы катиондар құрамы топырақтардың барлық қасиеттеріне үлкен әсер етеді (реакциясы, коллоидтардың коагуляциялану түрі, физикалық қасиеттері, құрылым түзу қабілеті). Кальций және магниймен қаныққан топырақтардың реакциясы бейтарапқа жақын, құрылымы жақсы, физикалық қасиеттері оңтайлы келеді (қара топырақтар, шымды топырақтар).

Сонымен топырақтардың көптеген қасиеттері алмаспалы катиондардың құрамына байланысты болады.

5.4 Топырақтың сініру қабілеті оның ең бір негізгі қасиеті болып саналады. Ол топырақтың құнарлылығын қалыптастырады, өсімдіктер мен микроорганизмдердің қоректік заттар режимін реттейді, сонымен қатар топырақтың реакциясын, буферлік дәрежесін және су-физикалық қасиеттерін де реттейді. Топырақтың сініру қабілетінің жекеленген топырақ процестерінде де рөлі маңызды. Мысалы, топырақ түзілу өнімдерінің жиналу қарқындылығы, гумусты-аккумулятивтік қабатының қалыптастасуы және т. б.

5.5 Топырақтың сипатты қасиеті оның реакциясы, немесе топырақ ерітіндісінің реакциясы, ол Н және OH¹ иондар концентрациясының теріс (мөлшер) арасалмағы, оны pH мөлшерімен белгілейді: pH = 3-4-ке тең болса тым қышқыл, 4-5 қышқыл, 5-6 сәл қышқыл, 7- бейтарап, 7-8 сәл сілтілі, 8-9 аса сілтілі топырақтар деп саналады.

Топырақтың қышқылдылығы – оның топырақ ерітіндісін қышқылдандыру қабілеті.


Топырақ қышқылдығын **актуалды және потенциалды** деп ажыратады. Потенциалды қышқылдық топырақтың қатты фазасына тән.

Топырақ ерітіндісінің актуалды қышқылдығы онда бос қышқылдардың болуына, қышқылды түздар және олардың диссоциалану дәрежесіне байланысты.

Потенциалды қышқылдық табигаты күрделі келеді, оны тасушылар топырақ коллоидтарының сутегі және алюминийдің алмаспалы катиондары. Гумусты қабаттарда қышқылдықты қалыптастыру сутегі иондарына, ал минералдықтарда алюминийге байланысты болады.


Іғыстыру жағына байланысты потенциалды қышқылдықты екі түрге бөледі – алмасу және гидролитикалық.

Алмасу қышқылдылығы топырақты бейтарап тұздармен өндегенде байқалады:




Алмасу қышқылдылығы күлгін және қызыл топырақтарда айқын көрінеді.

Гидролитикалық қышқылдық топырақты гидролитикалық негіздердің тұздарымен өндегенде байқалады, мысалы CH_3COONa .




Гидролитикалық қышқылдық актуалды және потенциалды қышқылдықтардың қосындысы ретінде қарастырылады. Топырақтың қышқылдылығы оның теріс қасиеттерінің бірі болып саналады, ол мәдени өсімдіктердің көбінің өсіп-дамуын тежейді және минералдардың бұзылуын күштейтеді де күлгіндіру процесін дамытады. Сонымен қатар топырақ ерітіндісіндегі алюминий катионы өсімдіктерге улы зат болып саналады. Қышқылдықты жою үшін топырақты әктейді:



Топырақтың сілтілігі – топырақ құрамының сілті тарту қабілеті, оны актуалды және потенциалды деп ажыратады. Актуалды сілтілік топырақ ерітіндісінде гидролитикалы сілті тұздары (Na_2CO_3 , NaHCO_3 , $\text{Ca}(\text{HCO}_3)_2$) болғанда байқалады, сонымен қатар ол жалпы сілтілік және нормальды карбонатов және бикарбонаттар сілтілігі деп бөлінеді.


Потенциалды сілтілік топырақта сінірліген натрий болған жағдайда байқалады. Оны келесі реакциямен сипаттауға болады:



Топырақтың сілтілігі оның теріс қасиеттерінің бірі болып саналады, ол өсімдіктер мен микроорганизмдердің дамуын тежейді, коллоидтардың пептизациялануын арттырады және топырақтың қасиеттерін нашарлатады.

Сілтізденген топырақтарға кебірлер, қара қоңыр топырақтар, боз немесе құба топырақтар, тақырлап, шөлейттің қоңыр топырақтары жатады.

Сілтілікті жою үшін топырақты гипстейді:



5.6 Топырақ ерітіндісінің реакциясы өсімдіктер тамырларының көмір қышқылы мен сутегі иондарын органикалық қалдықтарды ыдырату кезінде бөлуі, сонымен қатар микроорганизмдердің нитрификациялық іс-әрекеті барысында азот қышқылының пайда болуынан өзгеруі мүмкін. Сонымен қатар топырақ реакциясы физиологиялық қышқыл және сілтілі тыңайтқыштарды енгізгенде де байқалады. Сонымен бірге реакцияның өзгеруі әртүрлі топырақтарда бірдей емес және бұл топырақтың буферлік қабілетіне байланысты.

Топырақтың буферлігі – топырақтың ортасын қышқыл немесе сілтімен өзгертуге қарсы тұру қабілеті, былайша айтқанда реакцияның өзгеруіне қарсы тұруы.

Топырақтың буферлігі оның химиялық құрамына, сініру және алмаспалы катиондар сиымдылығына, топырақ ерітіндісінің қасиеттеріне, органикалық заттардың мөлшеріне және топырақтың механикалық құрамына байланысты болады.

Әдебиет:

1, с.98-119; 2, с. 120-143; 9, с.73-94; 22, с. 275-279; 10, с. 227-278; 11, 2006.

Бақылау сұрақтары:

- 1 Қандай бөлшектерді коллоидтар деп атайды?
- 2 Коллоидтардың негізгі қасиеттерін атаңыз.
- 3 Коллоидтың бөлшектің құрылышы қандай?
- 4 Сініру қабілеті дегеніміз не? К.К.Гедройц сініру қабілетін қандай түрлерге бөлді?
- 5 ТСК дегеніміз не?
- 6 Әртүрлі топырақтардың алмаспалы катиондар құрамын атаңыз.
- 7 Негіздермен қаныққан және қанықпаған топырақтарды атаңыз.
- 8 Топырақтың қышқылдылығы мен сілтілігін сипаттаңыз және олар неге байланысты.
- 9 Ортандың реакциясын нейтралдау үшін қандай шаралар қолданылады?
- 10 Буферлік дегеніміз не және ол неге байланысты?

6 Тақырып Топырақтың су, ауа, жылу қасиеттері және режимдері

Мақсаты: Топырақтың су, ауа, жылу қасиеттері мен режимдері оқып білу.

Дәріс сұрақтары:

- 6.1 Топырақ ылғалының маңызы. Топырақ ылғалының категориялары
- 6.2 Топырақтың су қасиеттері: су ұсташа қабілеті, су өткіштілігі, су көтеруі
- 6.3 Су режимі және оның түрлері
- 6.4 Топырақта ылғал жио және сактау шаралары
- 6.5 Топырақ ауасы, оның құрамы, агрономиялық маңызы
- 6.6 Топырақтың ауа қасиеттері
- 6.7 Топырақтың жылу қасиеттері
- 6.8 Топырақтың жылу режимі және оны реттеу шаралары

6.1 Топырақ сұзы организмдердің тіршілігінде және топырақ түзілуде үлкен маңызы бар. Топырактағы су оның бойында өтіп жататын биологиялық, химиялық, физико-химиялық құбылыстардың белсенділігіне, заттардың жылжуына, ая, қоректік заттар, жылу режимдеріне және топырактың физикалы-механикалық қасиеттеріне үлкен ықпалын тигізеді. Топырақ сұзы органикалық заттардың ыдырау процестерінің қарқындылығын анықтайды. Топырақ сұзымен жиналған заттардың шығару, жылжу және жиналу процестері, генетикалық қабаттар мен жалпы топырақ кескінің қалыптасуы байланысты. Топырақ ылғалы оның жылу балансына да ықпал етеді. Топырактың үстінгі қабатында су жылжу кепзінде оны эрозияға шалдықтырады. Топыракта су шамадан тыс болғанда күлгіндену, батпақтану, ал капиллярлар бойынша көтерілуі судың булануына әкеліп соғады, тұзды сулар тұздану және кебірлену процестерін болдырады.

Топырақ ылғалдылығы оның агрофизикалық қасиеттеріне (тығыздығы, жабысқақтығы, ұсақтану және агрегаттар құру қабілеті – топырактың пісіп жетілуі) әсер етеді.

Топырақ ылғалын зерттеген және топырақ ылғалдылығы туралы ілімнің дамуына үлкен үлес қосқан ұлы ғалымдар: А.А.Измаильский, Г.Н.Высоцкий, П.С.Коссович, А.Ф. Лебедев, А.Г.Дояренко, А.А.Роде, Н.А.Качинский.

А.А. Роде топырақ ылғалының бес категорияның ажыратады:

1 Химиялық байланысқан су – жылжымайтын және заттарды ерітуге қатыспайтын су, топырактың қатты фаза құрамына кіреді, конституциялық (құрылдық) және қристалдық болып бөлінеді.

Конституциялық су – бұл гидроксильдік топ (OH), топыракта темір, алюминий, титан, марганец гидроксидтері, коллоидті-дисперсті балышық минералдары, органикалық және органикалы-минералдық қосылыстар құрамында болады.

Кристалдық су - бұлар тұтас су молекулалары, гипс ($\text{CaSO}_4 \cdot 2\text{H}_2\text{O}$), мирабилит ($\text{NaSO}_4 \cdot 10\text{H}_2\text{O}$) және басқа да минералдар кристалдарына кіреді.

Химиялық байланысқан суға өсімдіктердің қолы жетпейді (пайдалануы мүмкін емес).

1 Қатқан су – топыракта су қатқан кезде мұз түрінде қалыптасады.

2 Буланған су – топыракта бу түрінде ая құрамында болады, өсімдіктерді сумен қамтамасыз етуде қатысы жоқ, топырақ сәл салқындаған жағдайда конденсацияланы да сүйық суға айналады.

3 Физикалық байланысқан су (сорбцияланған) тығызбайланысқан және әлсізбайланысқан болып ажыратылады.

Тығызбайланысқан суды гигроскопиялық деп атайды. Ол топырактың қатты түйірлеріне (көбінесе колloidты) сырттық тарту қүшпен ауадан ұсталған су буының молекулалары, ал бұл қабілетті топырактың **гигроскопиялылығы** деп атайды.

Гигроскопиялық су түйірлерді 1-3 молекуладан тұратын жұқа пленкамен жабады. Гигроскопиялық судың ерекше қасиеттері бар: 78°C қатады, электролиттерді ерітпейді, тығыздығы ($1,5\text{-}1,8 \text{ г}/\text{cm}^3$) және тұтқырлығы (вязкость) жоғары, өсімдіктерге тиімсіз.

Тығызбайланысқан судың мөлшері ауаның ылғалдылығына және топырақ коллоидтарының саны мен сапасына байланысты болады.

Топырақтың буланған сұлармен қаныққан атмосферадан (шамамен 90-98 %) сініріп алатын гигроскопиялық судың максималды мөлшерін гигроскопиялық максималды ылғал деп атайды (M_G). M_G – бұл топырақтағы судың өлі қоры.

Әлсіз немесе осал байланған су – су қабығы, топырақтың коллоидті түйірлер бетінде сұйық сумен жұғысқан жағдайда су молекулаларын қосымша (M_G -ға қоса) сініруден пайда болады, жылжымалығы шамалы, өсімдіктерге тиімсіз.

4 Еркін немесе бос су – топырақ бөлшектерімен сорбциялық күштермен байланысы жоқ және капиллярлық (қылтұтікті) және гравитациялық күштермен жылжиды, екі түрге бөлінеді: капиллярлық нем есе қылтұтіктік және гравитациялық.

Капиллярлық су – топырақтың қылтұтіктегіндегі болады және өсімдіктерге тиімді, ең қолайлы ылғал. Бұл ылғалдың екі түрі бар: капиллярлық-ілінген және капиллярлық-тірелген. *Капиллярлық-ілінген* ылғал топырақтың үстінен ылғалдандырығанда, ал *капиллярлық-тірелген* жер асты суларымен ылғалданғанда немесе грунттық сулар көтерілгенде пайда болады.

Капиллярлық су заттарды еріту қабілеті бар, жылжымалы.

Капиллярлық-тірелген судың грунттық сулар жақын болғанда артық су ақканнан кейін қалған максималды мөлшерін *төменгі немесе ең аз су сиымдылығы* (N_B). N_B топырақтың механикалық құрамы, гумустылығы, құрылымдылығы және жайласуына (сложение) байланысты болады. Топырақтың оптимальды ылғалдылығы N_B -ның 70-100%-на сәйкесті.

N_B мен топырақтың нақтылы ылғалдылығының айырмасын ылғал тапшылығы (*дефицит*) деп атайды.

Гравитациялық су – топырақ агрегаттары арасында оның ірі қылтұтік емес кеуектері немесе күистарында (поры) суды ығыстыра орналасады, жердің тарту құші арқылы топырақтың кескіні бойынша төмен қарай қозғалады. Ол топырақ кескіні бойынша өсімдіктерге тиімді түздар, коллоидтар, тұндырмаларды (суспензия) ерітеді және жылжытады, бірақ анаэробты жағдай жасағанда өсімдіктерге қолайсыз жағдайлар жасайды, соңынан олардың жойылуына әкеліп соғады.

6.2 Топырақтың су қасиеттеріне жатады: су тұтқыш немесе су ұстай, су сиымдылығы, су өткізгіштігі, су көтеруі немесе көтергіштігі.

Топырақтың су тұтқыштығы – бұл топырақтың өзінің кескінінде суды сініру және ұстап тұру қабілеті, жердің тартылыс қүшінің әсерінен ағып кетпей.

Топырақтың су тұтқыштығын санды түрде су сиымдылығы сипаттайды. Топырақтың су сиымдылығы – бұл топырақтың суды (әртүрлі түрлерін) максималды мөлшерде сініріп топырақтағы сәйкесті күштермен ұстай алған қасиеті.

Ұсталған су түрлеріне қарай су сиымдылығы ажыратылады: максималды адсорбциялық (МАВ), максималды молекулалық (ММВ), капиллярлық (КВ), төменгі немесе ең аз (НВ) және толық су сиымдылығы (ПВ).

Су өткізгіштігі – бұл топырақтың суды өзіне сініріп және төмен қарай өткізу қасиеті.

Топырақтың су өткізгіштігі шаршы аудан бірлігінде белгілі бір уақыт бірлігінде фильтрацияланатын су көлемін өлшеу арқылы анықтайды. Топырақтың су өткізгіштігі оның механикалық құрамы, құрылымы және алмаспалы катиондар құрамына байланысты болады.

Су көтеруі немесе көтергіштігі – капиллярлық немесе қылтұтік құштері арқылы астыңғы қабаттардан жоғары қарай суды көтеруін сипаттайты. Суды көтеру биіктігі мен жылдамдылығы топырақтың механикалық құрамы, құрылымы, қуыстылығына байланысты болады. Капиллярлар бойымен суды көтеру биіктігі 0,5-0,8 м-ден (құмды топырактар) 3-6 м-ге дейін (құмбалшық және балшықты топырактар) құбылады..

Құмды топырактар суды биікке көтермейді, бірақ тез, ал балшықты топырактарда баяу көтеріледі.

6.3 Топырақтың су режимі – топыраққа ылғал түсі, оның таралуы, әртүрлі физикалық өзгерістерге ұшырауы және ылғалдың топырақтан шығындалу құбылыстарының жиынтығы.

Су режимін сандық өлшеммен сипаттау су балансы, ал су режимінің санды түрде көрсетілген элементтерін су режимінің элементтері деп атайды. Су балансының жалпы теңдеуі:

$$B_O + B_{OC} + B_{OP} + B_\Gamma + B_K + B_{PR} + B_B = B_{ISP} + B_T + B_I + B_{PC} + B_{BC} + B_1,$$

мұнда B_O – судың бастапқы қоры;

B_{OC} - атмосфералық жауын-шашынның қосындысы;

B_{OP} – суару кезінде түскен судың мөлшері;

B_Γ – груннтық судан түскен су мөлшері;

B_K - конденсацияланған судың мөлшері;

B_{PR} – жер үстінен келген судың мөлшері;

B_B – топырақ ішінде қапталдан (қабырғадан, жақтан) келген су мөлшері;

B_{ISP} -топырақтың үстіңгі қабатынан буланған су мөлшері;

B_T – десукция;

B_I - грунт астына инфильтрация;

B_{PC} – жер бетіндегі ағын;

B_{BC} – топырақ ішінде қапталдық ағын;

B_1 – зерттеу соңындағы соңғы су қоры.

Су балансын есептегендеге топырақтағы су қорын әр генетикалық қабатқа есептейді, содан кейін қосады. Су қорын келесі теңдеумен есептейді:

$$3B (\text{т/га}) = W^* dV^* h, \quad (2)$$

мұнда ЗВ – h қабатындағы су қоры

W – салмақталған ылғал, %

d_V – топырақ тығыздығы, г/см³

h – қабатың қалындығы, см.

Топырақтағы су қорын су бағанасының мм айналдыру үшін, м³/га·ғы су мөлшерін 0,1 көбейту керек.

Г.Н.Высоцкий ылғалдану коэффициентіне қарай су режимін 4 түрге бөледі: шайылымды, мерзімді шайылымды, шайылымсыз, тершу түрі.

Бұл су режим түрлеріне Роденің ұсынысы бойынша екі түр қосылды – тоңды түрі және иригациялық.

Шайылымды түрі – жылдық жауын-шашынның мөлшері буланушылығынаң артық болатын аудандарда (құлғіндер, шымды-құлғіндер, қызыл және сары топырақтар).

Мерзімді шайылымды түрі - жылдық жауын-шашынның және буланғыштықтың мөлшері шамамен бірдей жерлерге тән. Ілғалды және құрғақ жылдардың ауысып отыруы шайылымды және мерзімді шайылымды су режимдерін тудырады (сұр ормандық топырақтар, орманды дала аймағының құлғінденген және сілтісізденген қара топырақтар).

Шайылмайтын түрі – жылдық жауын-шашынның мөлшері топырақтың булануынан аз болатын аумақтарға тән, атмосфералық жауын-шашын грунтты суларға жетпейді (дала қара топырақтары, қара қоңыр топырақтар, шөлейттің қоңыр топырақтары, шөл топырақтары).

Тершу түрі – су режимінің шайылмайтын түрінде грунттық немесе жер асты сулары жақын орналасқанда кездеседі (гидроморфты сортандар).

Тоңды түрі – көпжылдар бойы (мәнгі) тоңданған аудандарда кездеседі. Жердің тоңданған қабаты әрі қарай суды жібермейді, үстінде артық ылғал байқалады, сонынан топырақ глайленеді (топырақ кескіні көкжасыл түсті, кейде қызылт дақты шұбарлау болады), сондықтан барлық топырақтар глайлі болады.

Иригациялық түрі суармалы топырақтарға тән.

6.4 Су режимін реттеу тәжірибесі егіншіліктің өзіндегідей ертеден келе жатқан тарихы бар, ол аумақтардың топырақ-климаттық жағдайлары мен дақылдардың биологиялық ерекшеліктеріне негізделген. Сонымен бірге агротехникалық, агромелиоративтік, гидромелиоративтік, ормандымелиоративтік және басқа да шаралар қолданылады.

Құрғақ дала және шөлді аймақтарда негізі шара – суару, ал ылғалдануы тұрақсыз аймақтарда өте аса қажетті шара – ылғал жинау және сақтау. Оларға қар тоқтату және қар суларын ұстау (ықтырма себу, беткейлерге көлденен өндеу, үзбелі қарық (борозда) жүргізу. Сонымен қатар су режимін реттеуде егін қорғау орманды жолақтары, таза парды енгізу және топырақты тығыздау және т. б. шаралар қолданылады.

Ілдалдылығы жеткілікті және шамадан тыс болатын аймақтарда негізі шара – артық суды әкету, ол үшін дренаждар құру және т.б.

6.5 Топырақ ауасы құрамы жағынан атмосфералықтан айырмашылығ бар, оның негізгі құрауыштары - азот, оттегі, аргон, көмір қышқыл газы, ал қалғандарының үлесі көлемінен тек 0,01 %. Атмосфералық ауаның құрамы тұрақты деуге болады. Топырақ ауасында атмосфералықпен салыстырғанда оттегінің мөлшері азырақ (үстіңгі қабатында 10-19%, ал төменгі қабаттарында 10-11% дейін кемиді) және көмір қышқыл газы көбірек (0,3%) болады, сонымен қатар онда азоттың мөлшері де өзгеруі мүмкін. Батпақты және батпақтанған топырақтардың ауасында NH_3 , CH_4 , H_2 байқалатын мөлшерлері болуы мүмкін. Топырақ ауасында ондағы микроорганизмдер тіршілігіне байланысты аздаған мөлшерде үшпайтын органикалық қосылыстар тұрақты болады (көмірсүтектердің майлы және ароматты қатары, күрделі альдегидтер, спирттер және б.).

Топырақ ауасындағы газдар ішінде ең өзгермелісі оттегі және көмір қышқыл газы, олардың топырақтың және ондағы микроорганизмдердің тіршілінде рөлі зор.

Топырақ ауасындағы оттегі мен көмір қышқыл газының мөлшері өте құбылады. Мысалы, жақсы аэрациясы бар топырақтың үстіңгі қабатындағы мөлшері атмосфералық ауадағы мөлшерге жақын, ал ауыр топырақтардағы мөлшері он және жүз есеге дейін азаюы мүмкін, ал көмір қышқыл газының мөлшері 20% дейін жетеді.

Топырақтағы ауа үш күйде болады. Олар еркін ауа, сінірлген (адсорбциялаған) және еріген ауа. Еркін ауа топырақтың қылтұтікті және қылтұтікті емес қуыстарында болып қозғалмалы келеді және атмосфера ауасымен алмасып тұрады. Адсорбцияланған ауа топырақтың қатты бөлігінің бетіне сіңген түрлі газдар. Оның мөлшері топырақтың гранулометриялық құрамына, гумус мөлшерінежәне ылғалдылығына байланысты. Гумусы мол, ауыр гранулометриялық құрамды құрғақ топырақта адсорбцияланған ауа мол болады.

Еріген ауа топырақ ылғалы құрамында кездесетін түрлі газдар. Олар көмір қышқыл газы, аммиак, оттегі, күкіртті газ.

Оттегінің өсімдіктер мен топырақтың тіршілігінде маңызы өте зор. Топырақта еркін немесе бос оттегі болмағанда өсімдіктердің өсіп-өнуі тоқталады, оптималды жағдай – шамамен 20% оттегі болғанда. Топырақта оттегі жетіспеген жағдайда өсімдіктерге улылығы бар қосылыстар пайда болады, қоректік заттардың мөлшері азаяды, топырақтың физикалық қасиеттері нашарлайды, осының салдарынан оның құнарлығы және өнімділігі төмендейді.

Топырақ ауасында **көмір қышқыл газы** концентрациясының жоғары болуы тұқымның өнуімен тамырлардың дамуына теріс әсер етеді. Көмір қышқыл газының біrsызыра мөлшерін өсімдіктер фотосинтез кезінде пайдаланады, оны тыныс алуы процесінде топырақ қамтамасыз етеді. Сондықтан CO_2 жаңадан белсенді пайда болуына және жақсы газалмасуына жағдай жасау өте маңызды.

Көмір қышқылының топырақтың минералдық бөлігінің мүжілуінде және қоректік заттардың жиналудында да үлкен мәні бар. CO_2 қаныққан топырақ ерітіндісі оның көптеген қосылыстарына ерітуші бағытта әсер етеді.

Ауа режимін жақсарту өсіреле топырақтың шамадан тыс ылғалданған аудандарда маңызды. Оңтайлы ауа режимін жасауда оның физикалық қасиеттері мен құрылымын жақсартудың үлкен маңызы бар.

6.6 Топырақтың ауа қасиеттеріне ауа сиымдылығы және ауа өткізгіштігі жатады.

Ауа сиымдылығы - бұл топырақтың ауамен толған бөлігі (сол уақыттағы ылғалдылықта), егер оның шамасы топырақ көлемінің 25% аспаса онтайлы аэрациясы қамтамасыз етеді.

Ауа өткізгіштігі - топырақтың өз бойынан ауаны өткізу қабілеті. Бұл топырақпен атмосфералық ауаның газ алмасуындағы негізгі шарт және ол неғұрлым толық байқалса, соғұрлым газ алмасуы жақсы, ал топырақта оттегі мөлшері көбірек, көмір қышқыл газы азырақ болады.

Топырақ ауасының атмосфералықпен алмасу процесін **аэрация немесе газ алмасу деп атайды**. Газ алмасуға әсер ететін факторлар: диффузия, топырақ температурасының өзгеруі, барометрлік қысым, топырақтағы ылғал мөлшері, желдің әсері, жер асты сулары деңгейінің өзгеруі.

6.7 Топырақтың негізгі жылу қасиеттері: жылу сініру қабілеті, жылу сиымдылығы, жылу өткізгіштігі.

Топырақтың жылу сініру қабілеті оның күн нұры энергиясын сініру қаситетінің мөлшерін сипаттайты. Оны **альбедо (A)** көрсеткішімен өлшайді.

Альбедо – топырақ бетіне жетіп түскен жалпы күн сәулесі радиациясының топырақ бетінен шағылысқан қысқа толқынды күн сәулесі радиациясы үлесін көрсетеді, ол пайызбен есептелінеді.

Идеалды немесе мінсіз шағылыстыратын бет 100% болады. Альбедоның мөлшері топырақтың түсі, ылғалдылығы, құрылымы, тегістігі және оның өсімдік жамылғысына байланысты.

Жылу сиымдылығы – топырақтың жылу сініру қасиеті, оны сыбағалық (үлестік) және көлемдік деп ажыратады. Сыбағалық жылу сиымдылығы – бұл 1 г құрғақ топырақты 1°C -қа қыздыру үшін қажетті жылу калориясы, ал көлемдік - 1 cm^3 құрғақ топырақты 1°C -қа қыздыру үшін қажетті жылу калориясы (джоуль).

Жылу сиымдылығы топырақтың гранулометриялық және минаралды құармына, органикалық заттар мөлшеріне, ылғалдылығына, құрамына байланысты.

Топырақтың жылу өткізгіштігі – оның өзіне жылуды өткізу қабілеті. Топырақта жылу әртүрлі жолдармен беріледі: бөлшектер немесе түйірлер бірімен-бірі түйісу кезінде қатты бөлшектерді бөлетін су немесе ауа арқылы.

Топырақтың жылу өткізу мөлшеріне оның химиялық және механикалық құрамы, ылғалдылығы, ауа мөлшері, тығыздығы және температурасы әсер етеді.

Гумусқа бай және аэрациясы жоғары қуыстылығына қарай жақсы құрғақ күйіндегі топырақ жылуды өте нашар өткізеді.

6.8 Жылу режимі – топырақта жылудың жиналу, таралу және жұмсалу құбылыстарының жиынтығы.

Топырақтағы жылу көздері – күн сәулесінің энергиясы (тура немесе тікелей, шашыранда, сонымен қатар атмосфералық радиация); аудан алатын жылу; органикалық заттар ыдырау кезінде пайда болатын жылу; топырақтағы радиоактивті процестер жылуы. Ең маңызды жылу көзі – күн сәулесінің энергиясы.

Топырақтың үстінгі қабатына түсетін күн сәулесінің энергиясы тәуліктік және жылдық мерзімділікке бағынады. Тәуліктік циклде топырақ күн шыққанан 14 сағатқа дейін қызады, содан кейін салқындай бастайды. Жылдық циклде ол наурыздан шілдеге дейін қызады, содан кейін салқындайды.

Топырақтың үстінгі қабаты оның қалған қалындығына жылу көзі болып саналады және бұл жағдайда оның жылу өткізгіштігі маңызды.

Жыл мезгілі ішінде жаз айларында жылу топырақтың үстінен астыңғы қабаттарына таралып, оның қызуы, ал қыс айларында, керісінше, жылу топырақтың астыңғы қабатынан үстіне қарай таралып, оның салқындануы байқалады. Қыскы бөлінуден жазға өту сәуірде, ал жаздан қыскса өту қыркүйек айында байқалады.

Топырақтың температуралық режиміне қар жамылғысының зор әсері бар. Қар жылуды нашар өткізеді, сондықтан оның топырақтан шағылуын және атмосфераға беруін төмендетеді, олай болса топырақтың салқындауын азайтады.

Жылу режимі жер бедеріне де байланысты. Беткейлердің экспозициясы (көрінісі) және олардың құлдилығы немесе құламалығы күн радиациясынан алатын жылу айырмасын анықтайды. Оңтүстік, онтүстік-батыс және онтүстік-шығыс беткейлеріндегі топырақтар солтүстік, солтүстік-батыс, солтүстік-шығыс беткейлеріндегі және су айрығындағы топырақтарға қарағанда жақсы қызады.

Өсімдік жамылған (куздіктер, шөптер, орман және т. б.) топырақтар жамылмағандарға қарағанда аз тоңданады.

В. Н. Димо (1972) бойынша жылу режимі:

Тоңды түрі – көпжылдық-«мәңгі» тоңданатын аймақтарға тән. Топырақтың жылуы оның еруімен, ал салқындауы көп тоңданған грунттың үстінгі шекарасына дейін тоңдануымен ілеседі. Топырақтың тоңазуы 5 айдан асады.

Мерзімді ұзак тоңазыйтын жылу режимі – жылу процесі алғашқы сатыда ерумен, ал салқындану тереңге тоңазуымен ілеседі. Тоңазу ұзақтылығы 5 айдан аспайды, теріс температуралы тереңдік 1 м-ден артық. Орташа жылдық температура он болып келеді. Среднегодовая температура обычно положительная.

Мерзімді тоңазыйтын жылу режимі – жылу процесі ең алдымен ерумен ілеседі, ал тоңазу тереңге емес тоңданумен. Теріс температураның тереңділігі 2 м-ден аспайды, мерзімді тоңазу бірнеше күннен 5 айға дейін болады. Орташа жылдық температура он болып келеді.

Toңазымайтын түрі – тоңазуы байқалмайды, теріс температура жоқтыңғасы немесе бірнеше күндей ғана болады.

Жылұлық жағдайлар микроорганизмдердің тіршілігіне үлкен әсер етеді, осыған орай өсімдіктердің қоректік заттармен қамтамасыз етілуіне, органикалық заттардың ыдырау жылдамдығына және гуминдік заттардың синтезіне. Температураның артуы судың бірқатар қасиеттерін өзгертеді. Мысалы, температура кенет төмендегендеге топырақтың үстіңгі қабатындағы су булары конденсацияланады, ал температураның төмендеуі газдардың – көмір қышқылы мен оттегі еруін қүштейтеді. Топырақ температурасының құбылуы ондағы газ алмасуымен топырақ ауасының құрамын жақсартады. Топырақтың тоңазуы оның физико-химиялық қасиеттеріне көп өзгерістер енгізеді.

Топырақтың жылу режимін реттеу мәдени өсімдіктердің тіршілік ету жағдайын жақсартуға бағытталған болу керек.

Топырақтың жылу режиміне белсенді әсер ететін шараларды олардың ықпал ету сипатына қарай бөледі және былай ажыратады: агротехникалық, агромелиоративтік және агрометеорологиялық.

Агротехникалық шаралар – терең қопсыту, тығыздау, жал жасау, аңыздарды қалдыру, топырақтың бетін жабу.

Агромелиоративтік шаралар – орман екпелері, құрғақшылықпен күресу, суару, құргату.

Агрометеорологиялық шаралар топырақтың үстіңгі қабатынан жылудың шағылуын азайту, үсік шалуды болдырмау және с. с. бағытталады.

Әдебиет:

1, с.137-153; 2, с. 154-166.; 9, с.117-133.с.134-139,158-165; 10, с. 350-406; 11, 2006; 171-185; 20, 46-70 б.

Бақылау сұрақтары:

1 Топырақ сұнының қандай категориялары бар және олардың өсімдіктерге деген тиімділігі қандай?

2 Су сиымдылығы дегеніміз не және олардың түрлерін атаңыз.

3 Су өткізгіштігі және су көтеруі неге байланысты?

4 Топырақтың су режимі және су балансы дегеніміз не?

5 Топырақтағы су қорын қалай есептеуге болады?

6 Су режимін реттеу шараларын сипаттаңыз.

7 Топырақ ауасының құрамы және оның атмосфералықтан айырмашылығы қандай?

8 Аяу өткізгіштіліктің маңызы неде?

9 Топырақ ауасындағы O_2 и CO_2 мөлшерлері неге байланысты?

10 Топырақ ауасындағы оттегі мен көмір қышқыл газының қандай маңызы бар?

11 Топырақта газ алмасуын анықтайтын жағдайларды атаңыз.

12 Топырақтың жылу режиміне анықтама беріңіз.

13 Температуралық режим түрлерін атаңыз және сипаттама беріңіз.

14 Топырақтың жылу режимін реттеу шараларын атаңыз.

7 Тақырып Топырақ құнарлылығы

Мақсаты: түрлері, факторлары және топырақ құнарлылығын арттыру шараларын оқып білу.

Дәріс сұрақтары:

- 7.1 Топырақ құнарлылығы ұғымы
- 7.2 Топырақ құнарлылығының категориялары және түрлері
- 7.3 Топырақ құнарлылығының факторлары
- 7.4 Әртүрлі топырақтар түрлерінің құнарлылығы
- 7.5 Топырақ құнарлылығын арттыру шаралары

7.1 Топырақтың құнарлылығы – топырақты оның бастапқы тау жынысынан айыратын тек оған тән қасиеті. Топырақ құнарлылығы оның генетикалық ерекшеліктерімен тығыз байланысқан, ал жыртылатын топырақтарға сонымен қатар ауыл шаруашылығында пайдалану сипатымен де.

Жер бетіндегі адамзаттың, жануарлардың, өсімдіктердің тіршілігі топырақтың осы қасиетімен тығыз байланысты. Өйткені, топырақ құнарлылығы жоғары болса, өсімдіктерден алатын өнім жоғары болып, адамзатқа қажет азық-түлік, жануарларға керек жем-шөп қоры молаяды. Сонымен бірге өсімдіктердің белсенді дамуыолардың атмосфера құрамынан өз бойына көмір қышқылы газын сініруін және ауаға оттегінің бөлінуін жақсартып, атмосфералық ауаның құрамының тенденстігін сақтауға әсерін тигізеді.

Қазіргі уақытта **топырақтың құнарлылығы** деп оның биосфераның құрауышы ретінде қоректік, су-ауалық, температуралық, тотығутотықсыздандыру және басқа да топырақтардың режимін анықтайтын жер факторлары мен жағдайларын қамтамасыз ету деп түсінеді.

Топырақ құнарлылығы жоғарғы дәрежедегі өзгерушілікпен ерекшеленеді және топырақ түзілу факторлары мен жағдайларының өзеруіне тез әрекеттенеді. Топырақтың құнарлылық деңгейіне өте күшті әсер ететін адамның іс-әрекеті.

7.2 Топырақ құнарлылығын келесі категорияларын ажыратады: табиғи немесе жараталысты; табиғи-антропогендік және жасанды.

Жараталысты немесе табиғи құнарлылық адам әсері тимеген, табиғи топырақ түзілу процесінің дамуы қамтамасыз еткен топырақтың қасиеттері мен режимдерінің күрделі өзара әрекеттестігімен анықталады. Табиғи құнарлылық таза қүйде тың жер топырағына тән және ондағы өсіп-өнген ценоздардың өнімділімен сипатталады.

Табиғи-антропогендік. Топырақты игеру оның процестері, режимдері және қасиеттерінің табиғи дамуына елеулі өзгерістер енгізеді. Бұл өзгерістер топырақты өндеу, тыңайтқыштар енгізу, әртүрлі мелиоративтік шараларды игеруге байланысты. Топырақ қасиеттері мен режимдерінің санды және сапалы өзгерістерін оның табиғи-антропогендік құнарлылығы сипаттайды.

Топырақты ауыл шаруашылығында пайдаланғанда табиғи топырақ түзілу процесі тасымалданады, былайша айтқанда топырақ адамның іс-әрекеті мен табиғи топырақ түзілу процесінің өзара әрекеттесуінен қалыптасатын құнарлылыққа ие болады. Құнарлылықтың бұл категориясы агроценоздарға тән.

Жасанды құнарлылық адамның іс-әрекеті нәтижесінде құнарлылықтың әртүрлі факторларын қысындастыру барысында қалыптасады. Ол таза күйінде оранжерея, жылыштар, парниктер және с.с. өсімдіктерді өсіруге жасалған субстраттарда байқалады, сонымен қатар жасанды топырақтарда (мысалы бақшалар).

Топырақ құнарлылығының әр категориясы екі түрден тұрады: потенциалды және тиімді.

Жасанды құнарлылығы табиғимен бірігіп тиімді немесе экономикалық құнарлылық болып анықталады. Ол ауыл шаруашылық дақылдарының өнімінде жүзеге асырылады.

Топырақта қоректік элементтердің белгілі бір қорлары бар, олар өнімнің қалыптасуында шығын түрінде жүзеге асырылады, осыдан топырақтың потенциалды құнарлылығы деген ұғым шығады.

Потенциалды құнарлылық өсімдіктердің қоректік заттарының жалпы қоры, олардың қосылыстарының түрлері және өсімдіктердің басқа да қажетті онтайлы жағдайлармен қамтамасыз ету факторлары оның тиімді құнарлылығының жоғары деңгейін қалыптастырады.

7.3 Құнарлылық факторлары болып қоректік элементтер, ылғал, ауа және жылу мөлшері есептеледі, яғни олар өсімдіктер өсіөнуінің жер бетіндегі факторлары. Ал құнарлылықтың қалыптасуының жағдайларына топырақтың қасиеттері және режимдері жатады. Ол қасиеттер мен режимдер келесідей:

- физикалық (топырақтың гранулометриялық құрамы, құрылымы, тығыздылығы, қеуектілігі, жылулық, ылғалдылық қасиеттері және режимдері);
- химиялық (гумус сипаттамасы, минералдық және химиялық құрамы, тиімді қоректік заттар мен зиянды заттар мөлшері);
- физико-химиялық (топырақ реакциясы, тотығу-тотықсыздану потенциалы, сіңіру көлемі, алмаспалы сіңген катиондар мөлшері және олардың құрамы және т. б.);
- биологиялық (микроорганизмдер мөлшері, нитрификациялау және азотты байланыстыру, топырақтың тыныс алуы, ферменттік белсенділігі, фитосанитарлық жағдайы).

Құнарлылықтың қалыптасуы топырақтың қасиеттері мен режимдерінің өзара күрделі қатынасы мен әсерінің мысалы ретінде топырақтың қоректік заттар режимін қалыптасуын алып қарауга болады.

Топырақтың қоректік заттар режимі оның құрамындағы минералды заттардың күрделі өзгерістерінің және органикалық заттардың минералдану және гумификациялану процестерінің, микроорганизмдердің белсенді қызметінің, ылғал, ауа және жылу режимдерінің өзар қатынасының әсерінен қалыптасады.

7.4 Топырақтардың әртүрлөрі түрлері оның әртүрлі құнарлылығын қалыптастырады.

Ең жоғары тиімді құнарлылықпен қара топырақтар сипатталады, ал құлғін (солтүстікке) және құба (оңтүстікке) топырақтарға қарай жылжитын болсақ оның құнарлылық деңгейі төмендей бастайды.

Орманды аймақтың құлғін және шымды-құлғін топырақтары құнарлылығының шамалы болуы құлғіндену процесінің әсерінен болады. Үйткені ол қышқыл топырақтарды қалыптастырады, онда улылық қасиеті бар алюминийдің жылжымалы түрлері болады. Сонымен қатар олар негіздермен қанықпаған, гумус мөлшерлері шамалы, агрофизикалық қасиеттері нашар және қоректік заттар мөлшері де төмен.

7.5 Топырақ құнарлығын ұдайы өндіру немесе арттыру қазіргі кезде екі тәсілмен, заттық және тенологиялық, жүзеге асырылады. Заттық тәсіл тыңайтқыштар, мелиоранттар, пестицидтер т.б. қолдануды қажет етеді, ал екінші тәсіл – ауыспалы егістерді, аралық дақылдарды, әртүрлі топырақ өндеуді, егу әдістерін т.б. қолдануды қажет етеді. Аталған әдістердің мақсаты бір болғанымен, оған жету жолдары әртүрлі болып келетіні түсінікті.

Топырақ құнарлығын оңтайландыру үшін талапқа үйлесімді құнарлылық моделін (ұлгісін) жасау керек. Топырақ құнарлылығының ұлгісі деп нақтылы топырақтық-климаттық жағдайда дақылдың белгіленген өнімділік деңгейіне сай келетін экспериментальды түрде анықталған агрономиялық маңызды қасиеттері ме режимдерінің жиынтығын айтады.

Топырақ құнарлығының технологиялық ұлгісі міндетті түрде экономикалық есептеулермен толықтырылып, оның тиімділігі дәлелденуі керек.

Егіншілік шаруашылығы дамыған Қазақстанның солтүстік аймағының топырақтарының құнарлылығын сақтап, оны арттырудың басты жолдары мыналар:

- егіншілктің топыракты қорғау жүйесін қолданып, оның басты буыныстопыракты жазықтілгіш құралдарымен өндеп, топырақ бетінде өсімдік қалдықтарын сақтау;
- жеңіл гранулометриялық құрамды топырақтарда дәнді дақылдарды, парды және көпжылдық шөптерді топырақ қорғау ауыспалы егісінле жолақтап орналастыру;
- органикалық тыңайтқыштарды және минералды тыңайтқыштарды қажетті мөлшерде енгізу;
- көпжылдық шөп егілген танаптар ауданын арттырып, оларды мерзімді түрде ауыспалы егістікке қосып отыру.

Әдебиет:

1, с.180-184; 2, с. 200-213; 9, с.183-189; 10, с. 441-448; 20, 17-78 б.

Бақылау сұрақтары:

1 Топырақтың құнарлылығы дегеніміз не?

- 2 Топырақ құнарлылығы категорияларын атаңыз.
- 3 Топырақ құнарлылығы факторларын атаңыз.
- 4 Аймақтық топырақтардың құнарлылығына сипаттама беріңіз.

8 Тақырып Тайгалы-орман және орманды дала аймақтарының топырақтары

Мақсаты: тайгалы-орман топырақтарының пайда болу жағдайлары мен процестері, құрылышын, қасиеттерін және қоңыр, сұр орман топырақтарын оқып білу.

Дәріс сұрақтары:

- 8.1 Тайгалы-орман топырақтары
- 8.2 Қоңыр орман топырақтары
- 8.3 Сұр орман топырақтары

8.1 Тайгалы орман аймағы батыстан шығысқа және солтүстіктен оңтүстікке өте үлкен ауданды қамтығандықтан оны табиғи жағдайлары да әртүрлі келеді.

Аймақтың **климаты** қоңыржай-салқын немесе бореалды. Жауыншашынның ең көп мөлшері жылдық температураларда өзара көрсеткіштіктерін анықтауда маңызды. Жауыншашынның өзекілдігінде мөлшеріндең оңтүстікке өте үлкен ауданды қамтығандықтан оны табиғи жағдайлары да әртүрлі келеді.

Тайгалы орман аймағында автоморфты топырақтар шайылмалы су режимінде қалыптасады, ал Шығыс Сібірде – тонды су режимінде.

Жер бедері. Тайгалы орман аймағында қыраттар және ойпаңды жазықтар кездеседі. Аймақтың Батыс Сібір бөлігінде ойпатында орналасқан және шамалы құрғатылатын жазықтық болып келеді. Қиыр Шығыста тау жоталары жазықтық участкерлері және ұлан-байтақ ойпартармен алмасады, оларға негізгі ауыл шаруашылық жерлерінің массивтері орайластырылған.

Топырақ түзуши жыныстар көбінесе мұздықтар және сулы-мұздықтар шөгінділері болып саналады, сонымен қатар басқа түріндегі тау жыныстары да кездеседі.

Өсімдіктер жамылғысы. Бұл аймақта негізгі өсімдіктер типі – тайгалы мүкті, мүкті-бұташа ағаштар, олар оңтүстікте жапырақты және жалпақ жапырақтылармен ауысады. Құрғақ және су жайылма шалғындарында шөптесін шалғын өсімдіктер кездеседі. Аймақтың көптеген жерлері батпақты ортада өсетін өсімдіктер бірлестігі алды жатады.

Табиғи жағдайлардың әртүрлігі топырақ түзілудің бірқатар процестерін қамтамасыз етеді, сонынан қасиеттері мен белгілері әртүрлі топырақтар қалыптасады.

Тайгалы орман аймағындагы негізгі процестер – күлгіндену, шымдану және батпақтану, ал негізгі топырақтары: күлгін топырақтар, шымды- күлгін топырақтар, батпақты топырақтар және шымды топырақтар.

Күлгін топырақтар

Күлгін топырақтар көбінесе тайгалы қылқан жапырақты ормандар жамылғысы астында уақытша шамадан тыс ылғалдану жағдайларында қалыптасады.

Негізгі топырақ түзуши процестер: күлгіндену және лессиваж.

Күлгіндену процесінің басты ерекшелігі топырақтың үстіңгі қабаттарында бастапқы және туынды минералдардың ыдырауы, пайда болған өнімдердің топырақтың тәменгі қабаттарына және жер асты суларына дейін шайылып кетуі.

Тайгалы ормандағы орман төсеніші ағашты және мұкті-қыналы өсімдіктердің түскен қалдықтарынан тұрады. Бұл қалдықтар құрамында кальций және азоттың мөлшері аз, ал ыдырауы қынға түсетін қосылыстар (лигнин, балауыздар, шайырлар және илік заттар) көп болады, олар ыдырағанда суда еритін органикалық қосылыстар (фульвоқышқылдар, құмырсқа қышқылы, сірке қышқылы, лимон қышқылы және б.) қалыптасады. Топырақта шайылмалы су режиміне және қышқыл қосылыстардың әсеріне байланысты топырақтың үстіңгі қабатынан кескіні бойынша жеңіл еритін заттар тәменгі қабаттарына шайылып жылжиды, содан кейін қышқылдардың әсер етуінен бастапқы және екінші минаралдардың төзімділігі жоғары қосылыстары бұзылады. Бұзылу кезінде пайда болатын өнімдер сумен оның тәменгі қабаттарына көшеді.

Сонымен қатар ұсақ тұнбалы бөлшектер су ағынымен топырақтың үстіңгі қабатынан тәменге көшеді, бұл процесті *лессиваж деп атайды*.

Осының нәтижесінде топырақ кескіні екіге (бөлікке) бөлінеді, үстіңгі бөлігінде күлгінді қабаты (A_2), ал тәменгіде – шайылған (тұнба қабаты) қабаты (иллювиальды – B).

Күлгін топырақтар кескінің құрылышы: $Ao - A_1 - A_2 - A_2B - B - BC - C$

Күлгін топырақтардың қасиеттері:

1. Күлгін топырақтардың кескіні тұнда (ил) мөлшеріне байланысты күлгінді қабаты кедей, ал иллювиальды қабаты байытылған.
2. Күлгінді қабаты аналық тау жынысына қарағанда темір және алюминий қосылыстарымен кедейлеу, ал кремнезем көбірек.
3. Күлгін топырақтарда гумус мөлшері шамалы, олар қалындығы үлкен емес қабатта (2-3 см) шоғырланған, фульвоқышқылдары басым болады.
4. Алмасу сиымдылығы жоғары емес (құмдыларда 2-4 мг-экв, ал құмбалшықтыларда 12-17 мг-экв), негіздермен төмен қаныққан (50% төмен), орта реакциясы қышқылды және буферлігі шамалы.
5. Күлгін топырақтар құрылымсыз, тығыздылығы үстіңгі қабаттан астына қарай артады. Иллювиальды қабатының тығыздылығы жоғары және құыстырылығы төмен.

Топырақтың қолайсыз қасиеттерінен (гумус мөлшері шамалы, қышқылды) белсенді мәденилендіру (органикалық тыңайтқыштарды енгізу, көпжылдық шөптерді себу, әктеу) арқылы айырылуға болады.

Шымды топырақтар

Шымды топырақтар шалғынды шөптөр қауымдастықтары астында немесе шөптесін өсімдігі мен мұкті-шөптесін өсімдігі бар карбонатты тау жыныстарында шымды процесс әрекеті арқылы қалыптасады.

Топырақ түзілу процесі шөпті өсімдіктер ықпалымен жүруіне байланысты гумус қабаты жақсы дамыған топырақтарды қалыптастыру процесін *шымды процесс* деп атайды. Оның ең елеулі ерекшелігі топырақтың үстіңгі қабатында гумустың, қоректік заттардың жиналуды және суға төзімді құрылым қалыптасуы.

Шымды топырақтар кескінінің құрылышы: $A_d-A_1-A_1B-B-C$.

Шымды топырақтардың қасиеттері:

1. Жақсы байқалатын гумусты қабаты бар, кесекті-дәнше құрылымды.
2. Күлгінденуі жоқ немесе шамалы байқалады.
3. Гумус мөлшері жоғары (от 3-4%-дан 15%-ға дейін).
4. Сіңіру сиымдылығы жоғары.
5. Топырақ ортасының реакциясы әлсіз қышқыл, бейтарап немесе әлсіз сілтілі.
6. Азот және қоректік заттар жалпы қоры жоғары.

Шымды-күлгін топырақтар

Шымды-күлгін топырақтар шөптесін немесе мұкті-шөптесін өсімдіктері бар ормандарда қалыптасады. Орман ішіндегі шөптесін өсімдіктер әсерінен бұл топырақтарда шымдану процесі жүріп, шым қабат қалыптасады. Күлгіндену және шымдану процестері бірдей жүруіне байланысты шымды-күлгін топырақтар қалыптасады.

Сонымен қатар бұл топырақтарда лессиважда байқалады.

Орман астындағы күлгін топырақтарда шөпті өсімдіктердің ұзақ дамуына қарамастан әдеттегіше гумус және қоректік затар көп жиналмайды. Бірінші себебі шымды процесіне күлгіндену процесі қарсы тұрады, екіншіден кедей күлгін топырақтарда өсіп-өнген шөпті өсімдіктердің органикалық қалдықтарында күлдік элементтер мен азот мөлшерлері шамалы болады. Күлдік элементтер, кальций, азот және магнийдің топырақтың өзінде және органикалық қалдықтарда аз болуы, ақырғының микроорганизмдермен минералдануын тежейді де қышқылды жылжымалы гумусты заттар түзеді. Тек оның аздаған бөлігі кальций, темір немесе балшықты минералдармен байланады.

Шымды-күлгін топырақтар кескінінің құрылышы: $A_d-A_1-A_2-A_2B-C$.

Шымды-күлгін топырақтардың қасиеттері:

1. Гумус мөлшері шамалы, гумус түрі фульфатты болады.
2. Топырақ ортасы қышқыл, негіздермен қынығуы күлгін топырақтарға қарағанда жоғары, ал алмаспалы негіздер құрамында негізінен кальций, магний аздау.
3. Шымды-күлгін топырақтар азот пен фосфордың жалпы қоры мен олардың жылжымалы түрлері аз мөлшерде деуге болады.
4. Құрылымы берікті немесе мықты емес.

8.2 Жалпақ жапырақты ормандардың қоңыр топырақтары суббреалды биоклиматтық белдеулерге жататын Батыс және Орталық Еуропа мен Қыры Шығыста тараған.

Ормандық қоңыр топырақтардың ең елеулі белгілері: топырақ қабаттарына бөлінуі шамалы, кескінінің түсі гумус және ашықталған күлгін қабатынан басқаларында қоңыр немесе сары-қоңыр, топырақ ортасының реакциясы қышқыл немесе әлсіз қышқыл, иллювиальды-карбонатты қабаты жоқ.

Ормандардың қоңыр топырақтары кескінінің құрылымы: Ao-A₁-Bt-C

Ормандардың қоңыр топырақтарының түзілу процесін қоңыртопырақтүзілу деп атайды. Оның негізіг құраушылыры гумусжиналу процесі, глейлену және лессиваж.

Глейлену – екінші ретті балшықты минералдардың қалыптасу процесі. Глейлену оң температура ұзақ мезгілді болғанда топырақ кескінін жеткілікті мөлшерді ылғалдануын, сонымен қатар белсенді жүретін заттардың биологиялық айналымын қамтамасыз етеді. Глейлену топырақ кескінінің орталық бөлігінде болады, үйткені онда онтайлы су және температуралық режим қалыптасады, осыған орай глейлі қабат қалыптасады - Bt.

Глейлену кезінде тұнба, темір, алюминий, марганец, фосфор, магний, кальций және басқада элементтер жиналады.

Ормандардың қоңыр топырақтары қасиеттері:

1. Тұнбамен өте қаныққан, әсіресе кескінінің орталық бөлігі (Bt қабаты).
2. Гумус құрамында ФК көбірек ГК-на қарағанда.
3. Топырақ ортасының реакциясы қышқыл немесе әлсіз қышқыл.

8.3 Орманды даланың ормандық сұр топырақтары орманды даланың солтүстігінде кездеседі. Бұл аймақтың климаттық жағдайлары табиғи ағашты және шөпті өсімдіктердің өсіп-өнуіне және ауыл шаруашылық дақылдарының көптеген түрлерін өсіп-өндіруге қолайлы. Климаттың ерекшелігі – жауыншашын мен булану арақатынсының бірдей деңгейде болуы (су режимінің мерзімді шайылу түрі).

Топырақ кескінінің құрылымы: A₁-A₁A₂-A₂B-B₁-B₂-BC-C.

Ормандық сұр топырақтар оңтүстік-тайғалы аймақтың шымды-күлгін топырақтарының орманды даланың қара топырақтарына өту жерінде орналасқан.

Олар шымды-күлгін топырақтарға қарағанда гумустілігі жоғары егер күлгіндену белгілері шамалы болған жағдайда.

Гумустену қарқындылығына мен күлгіндену белгілеріне қарай ормандық сұр топырақтар келесі үш типке бөлінеді: ашық-сұр, сұр жине құңгірт-сұр ормандық сұр топырақтар.

Ормандық сұр топырақтардың ең негізгі морфологиялық ерекшелігі – гумус қабатының 2 қабатқа анық бөлінуі – үстіңгісі гумустық түсі айқын - A₁ гумусты қабаты және гумус қабатының төменгі бөлігі, кремнийлік сеппе түрінде күлгендену белгісі көшпелі немесе гумусты-күлгінді қабаты - A₁A₂. Иллювиальды қабатының құрылымы жаңғақты немесе жаңғақты-призмалы болады.

Ормандық сұр топырақтардың қасиеттері:

1. Топырақтың үстінгі қабаттарында жартылай тотықтар шамалы және кремнийқышқылымен қаныққан, бұл құлденумен байланысты.
2. Шымды-күлгін топырақтарға қарағанда гумус мөлшері көбірек жәнеонда гумин қышқылдарының үлесі артады.
3. Топырақ ортасының реакциясы қышқылды, негіздермен қанықпаған, сініру сиымдылығы 14-18 м-экв.
4. Ормандық сұр топырақтардың агрофизикалық қасиеттері қолайсыз, әсіресе ашық-сұр топырақтарда.

Мәденилендіру барсында ормандық сұр топырақтардың агрономиялық қасиеттері жақсарады: қышқылдылығы азаяды, сініру сиымдылығы және негіздермен қанығуы артады, су және ауа режимдері жақсарады.

Орманды даланың еуропалық бөлігінде эрозия күшті дамыған, олай болса ормандық сұр топырақтарды ауыл шаруашылығында пайдаланғанда эрозияға қарсы шараларды қолдану керек, олар: топырақты өңдеуді беткейлерге көлденең жүргізу, жер қырқаларын немесе жалдарын жасау, таптарды (борозда) жасау және с. с.

Әдебиет:

- 1, с.315-418; 2, с. 231-257, 276-291; 3, 11-24; 40-54б; 276-291б; 8, с. 231-241;
- 9, с.227-287; 14, 152с.; 11, 200б; 17, 48-54б.

Бақылау сұрақтары:

- 1 Тайгалы-орман аймағында қандай топырақтар кездеседі және оларда топырақ түзілу процестері ұалай жүреді?
- 2 Күлгін, шымды-күлгін және шымды топырақтарға сипаттама беріңіз.
- 3 Күлгін топырақтардың шымды-күлгін топырақтардан айырмашылығы қандай?
- 4 Ормандық қоныр топырақтарға сипаттама беріңіз.
- 5 Ормандық сұр топырақтардың негізгі қасиеттерін атаңыз.

9 Тақырып Қара топырақтар

Мақсаты: қара топырақтардың құрылу жағдайлары, процестері, құрылышы және қасиеттерін оқып білу

Дәріс сұрақтары:

- 9.1 Қара топырақтардың түзілу жағдайлары
- 9.2 Қара топырақтардың пайда болуы және қара топырақтар кескінінің қалыптасуы жайындағы қазіргі түсініктер
- 9.3 Қара топырақтың құрылышы
- 9.4 Қара топырақтардың класификациясы (жіктеу)
- 9.5 Қара топырақтың қасиеттері
- 9.6 Қара топырақтар құнарлылығын арттыру, эрозия және құргақшылықпен құресу шаралары

9.1 Қара топырақтар солтүстік жарты шар материктегі – Еуразия және Солтүстік Америкада тараған, олар жалпы 260 млн. га (құрлықтың 1,7%) жерді алып жатыр.

ТМД елдерінде қара топырақтар 191 млн. га ауданда тараған, немесе осы елдер аумағының 8,6 % қамтиды. Ресей, Украина, Молдова мемлекеттерінде қара топырақтар кең тараған.

Орманды даға және даға аймақтарында қара типті аймақтық топырақ болып қалыптасқан. Бұл топырақтар Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақмола облыстарында көнінен тараған, ал Павлодар, Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарында шамалы аудандарды алады.

Қара топырақтар мерзімдік қонтрастығы бар климаттық жағдайларда дамиды. Олар көбінесе платформалық жазықтықта тарлаған. Қара топырақтардың топырақ түзуші тау жыныстары болып төрттік лесс тәрізділер (дақ қуысты, сарғыш қоңыр немесе жалын түсті шөгінді тау жыныстары) және карбонатты, қуысты лесты тау жыныстары саналады. Гранулометриялық құрамы көп жағдайларда құмбалшықты немесе балшықты келеді.

Қара топырақтар – бұлар даға және орманда даға аймақтарына орайластырылған шөпті қауымдастылардың топырақтары.

Далалық шөпті қауымдастылар биологиялық айналымның негізгі ерекшеліктері мынада: 1) жылда топыраққа өніп-өсуге пайдаланған қоректік заттар құрып біткен тамырлармен толық қайтарылады; 2) бұл заттардың ең көп бөлігі топырақтың үстіңгі қабатына емес, тікелей топырақтың өзіне тамырлармен қайтарылады; 3) биологиялық айналымға қосылатын химиялық элементтер ішінде бірінші орында кремний, одан кейінгілері азот, калий, кальций.

Қара топырақтардың қалыптасуында биологиялық айналымның рөлі оның қарқындылығы, қалдықтардың тікелей топырақ ішіне түсуі және ыдырау процесінде бактериялар, актиномицеттер, омыртқасыздардың белсенді қатысуымен анықталады, үйткені қалдықтардың биохимиялық құрамы және жалпы биохимиялық жағдайы оларға оңтайлы жағдайлар туғызады.

Қара топырақтардың қалыптасуында мезофаянаның да үлкен рөлі бар, әсіресе жауын құрттарының рөлі өте маңызды. Өсімдіктердің өлген бөліктерімен жауын құрттары топырақ бөлшектерін ала келеді және қорыту барысында копролиттер түрінде шығарып тастайтын балшықты-гумусты кешендерді құрайды.

9.2 Қара топырақтардың пайда болуы немесе түзілуі жайында үш ғылыми тұжырымдар бар: өсімдікті-жер бетіндегі, батпақтық, және теңіздік шығу тегі.

В. В. Докучаев қара топырақтар жер бетінде аналық тау жыныстарының далалық өсімдіктер, климат және басқа да факторлар әсерінен ыдырау кезінде пайда болды деп тұжырымдады. Сонымен қатар, осындағы ғылыми тұжырымды ең алғашқы М. В. Ломоносов 1763 ж. айтқаны да белгілі мәселе.

Академик П. С. Паллас қара топырақтардың шығу тегі теңіздегі тұнбалар, қамыстардың және басқа да өсімдіктердің органикалық қалдықтарының теңіздің шегілуі кезінде ыдырауынан пайда болды деп тұжырымдаған болатын.

Үшінші тұжырымда қара топырақтар батпактардың бірте-бірте құрғауынан пайда болғанын анықтайды. Бұл тұжырымның авторлары Э. И. Эйхвальд, Н. Д. Борисяк. Осындай тұжырымды Ф. Ф. Вангенгейм де қолдаған, ол қара топырақтар мұз ағындарымен келген шымтезектің ұсақталған материалдарымен өсімдіктер қалдықтарының минералдық тұнбалармен араласуы арқылы пайда болды деп тұжырымдаған. В. В. Ковда (1933, 1966, 1974) осы тұжырымды дамытып қара топырақтың палеогидроморфтық түзілу жайын ұсынған.

Кейбір деректерде қара топырақтарды салыстырмалы жас топырақтар деп қарастырады, оған себеп болып радиокөміртегі арқылы жүргізген талдау материалдары, оған сүйенсек қара топырақтар мұзқайтудан кейінгі уақыттың ақырғы 10-12 мың жылдарындаа пайда болған.

Қазіргі қара топырақтардың шығу тегі жайындағы көзқарастар қара топырақтардың өсімдікті-жер бетіндегі тұжырымын дәлелдейді (Л. М. Прасолов, В. И. Тюрин, В.Р.Вильямс, Е.А.Афанасьев, М.М.Кононова және т.б. ғалымдар).

9.3 Қара топырақтар кескінінің құрылышы: А пах -A-B₁-B₂-Вк-С

Қара топырақтың тың жерлердегі құрылышы мынадай: A₀ (дала төсеніші-киізі-степной войлок), оның астында өте жақсы дамыған A – гумус жиналу қабаты, одан төмен B₁- гумусты аралық қабат, одан кейін B₂- гумус тілдері қабаты, ал оның астында аналық тау жыныстары орналасқан (A₀-A-B₁-B₂-С).

Гумус жиналу қабаты (A) қара-сұр немесе қара тұсті, дәнше, дәнше-кесекті құрылымды болады, қалындығы 25-30 см-ге дейін жетеді. B₁-B₂ қабаттарының қалындығы 50-70 см-ге дейін болады. Гумусты-аралық қабатының түсі біркелкі емес, жалпы қара-сұр тұсті қабатта күрен тұсті дақтар кездеседі. Гумусты тілдері (B₂) ұстінен төменге қарай бағытталған күңгірт тұсті гумусты тілдері және ашық тұсті ұшы жоғарыға қарай бағытталған тау жынысының сынашаларынан құрылған. Қара топырақтардың жалпы қалындығы 100-150 см-ге жетеді.

9.4 Қара топырақты жеке тип ретінде қарастырып оның классификациясын құруды қолға алған В.В.Докучаев (1896) болды. Одан кейін қара топырақтарды типшелерге бөлу жұмыстарын Н.М.Сибирцев (1899, 1901) жалғастырды. Қара топырақ класификациясын құруға С.И.Коржинский, Л.И. Прасолов, Н.Н. Розов, Е.Н. Иванова және т.б. ғалымдар қатысты. Ұзақ жолдар бойы қара топырақты зерттеген мәліметтерді жинақтап талдап қорытындағы келе топырақтың ТМД мемлекеттерінде қазіргі қолданып жүрген класификациясы жасалды. Осы класификация бойынша қара топырақтардың 5 типшелерін бөледі: күлгінденген, сілтісізденген, нағыз, кәдімгі, онтүстік, ал тегі бойынша кәдімгідей, карбонатты, терен сілтісізденген, әлсіз дамыған, жетілмеген, кебірленген және б.

Тегі бойынша кәдімгідей, карбонатты, кебірленген, жетілмеген, әлсіз дамыған, теренге сілтісізденген және т. б. бөлінеді.

Тұрлерін гумус мөлшері, гумус қабатының қалындығы ($A+B_1$), ілесетін процестердің даму дәрежесіне қарай (элсіз, орташа және с. с.) бөледі.

Тұршелері – гранулометриялық (механикалық) құрамы бойынша (орташа-, ауыр құмбалшықты, балшықты және оның түршелері).

9.5 Қара топырақтарда минералдардың ұсақ фракцияларының бұзылу, өзгеру және орнын ауыстыру процестері нашар дамыған.

Олар гумуске ең бай топырақтар қатарына жатады (максималды мөлшері 10-12 %). Гумус құрамында гуминді құшқыл басым болады. Сонымен қатар микробтармен ыдырауға төзімді, сондықтан оны жиналуға мүмкіндік жасайды.

Қара топырақтардың катиондармен алмасу сиымдылығы жоғары келеді (35-70 мг-экв/100 г топырақта).

Топырақ ерітіндісінің реакциясы бейтарапқа жақын болады.

Қара топырақтардың су-физикалық қасиеттері ерекше жақсы келеді.

9.6 Жер шарында қара топырақтар ең көп игерілгін топырақтар болып саналады, оларды қебінесе астықты дақылдарды өсіріп өндіруге пайдаланады.

Қара топырақтар жоғары потенциалды құнарлылықпен қамтамасыз етілген, бірақ олардың тиімділіктері жылу- және ылғалмен қамтамасыз етілуіне, топырақтың биологиялық белсенділігіне байланысты болады.

Сонымен қатар қара топырақтар құрғақшылыққа шалдығады, сондықтан олардың су режимін жақсарту үшін көптеген агротехникалық шаралар кешенін қолдану керек.

Қара топырақты тиімді пайдаланудың маңызды шаралар қатарына жататындар: су және жел эрозиясын болдырмау, дұрыс ауыспалы егістерді игеру, ылғалды жинау және ұтымды пайдалану шаралары.

Әдебиет:

1, с.118-138; 2, с. 291-311; 3, 160-1726; 9, с.227-287; 11, 2006; 17, 55-59 б;

Бақылау сұрақтары:

1 Қара топырақтар қандай аймақтарда таралған?

2 Қара топырақтарда қандай топырақ тізілу процестері жүреді?

3 Қара топырақтар қандай типшелерге, тектерге, тұрлерге және түршелерге бөлінеді?

4 Қара топырақтардың негізгі қасиеттерін атаңыз?

5 Ауыл шаруашылығында қара топырақтар қалай пайдалынады?

10 Тақырып Қуан қала, шөлді-қала, шөлді және тауалды-шөлді-қала аймақтарының топырақтары

Мақсаты: Қуан қала, шөлді-қала, шөлді және тауалды-шөлді-қала аймақтары топырақтарының топырақ түзілу жағдайлары мен процестері, құрылышы мен қасиеттерін оқып білу.

Дәріс сұрақтары:

10.1 Қара қоңыр топырақтар, құрылышы және қасиеттері

- 10.2 Құба (боз) топырақтар, құрылсысы және қасиеттері
- 10.3 Қоңыр (бурые), сұршыл-қоңыр (серо-бурые пустынные) топырақтар, құрылсысы және қасиеттері
- 10.4 Тақырлар
- 10.5 Қуаң дала, шөлді және шөлейт аймақтары топырақтарының құнарлылығын арттыру шаралары

10.1 Қара-қоңыр топырақтар қуаң даланың аймақтық топырақтары болып саналады және шайылмалы емес су режимі бар жерлерде таралған. Ол ТМД жерінің 5% (107 млн. га) жақын алабын алып жатыр.

Табиғи-әкімшілік түрғысынан қара-қоңыр топырақтар Молдавия мен Украина оңтүстігін, Қара және Азов теңіздері жағалауын, Кавказдың шығыс беткейін, Еділ өзені ағысының орталық және төменгі бойын алып жатыр; одан әрі Қазақстан Республикасы жері, Батыс Сібір оңтүстік бөлігін (Құлынды бойы), Орталық Сібір мен Байкалдың арғы бетіндегі кеңістікті қамтиды.

Қазақстан жер аумағының 33,2% қамтиды. Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Павлодар, Қарағанды, облыстарының көп жерін, Қостанай, Ақмола, Шығыс Қазақстан облыстарының бірталай жерін алып жатыр.

Қара-қоңыр топырақтар қалыптасуы ұзақ, құрғақ жылды жазда және сүйк, жүқа қарлы қыста ызғарлы климат жағдайында өтеді.

Аймақтың басым белігі жазық және ойлы-қырлы құрылсық, оның бедері көлемді, ал түрпаты ойлы-қырлы келеді.

Топырақ негізінен лес (лесс) түрлі карбонатты құмбалшықтар мен аздал лөсте қалыптасады.

Сонымен қатар, басқа аналық тау жыныстарда (негізгілері кварциты, қарбонаттар, глауконитті құм, құмайт, палеотекті тұзды құмбалшық пен балшық, құмтастар, әктер мен мергелдердің үгіндісі) кездеседі.

Сарыарқа төнірегінде аналық тау жыныстары элювиальды-пролювиальды шеміршекті тастақ, құмбалшық пен құмайт, ал Ертіс өңірі жазықтығында көне дәуірдің құмы, құмайтты және жеңіл құмбалшығы.

Орал тауы қырларында төрттік дәуірдің қоңыр құмбалшықтары мен балшықтары төсеніш болған, кей жерлерде түпкі жыныстар үгіндісі-элювий кездеседі.

Батыс Сібір ойпатының оңтүстік бөлігіндегі негізгі топырақ құраушы жыныстар – көне аллювий, ол теңіздік тұзды шөгінділермен төсөлген.

Қазақстан Сарыарқасында топырақ құраушы жыныстар әдетте тас қаңқалы қарбонатты құмбалшықтар мен араларында үштік тұзды балшықтардан тұрады да, топырақ жамылғысында түрлі алалық туғызады.

Есімдіктер ксерофитті келеді және сиретілген. Табиғи есімдіктер жүйесі астық тұқымдас және шамалы мөлшерде тараған аралас шөптерден құралған (боз, бетеге, қазтабан және т.б.). Баянауылдың аласа таулы өнірінде және Наурзым-Аманқарағай антарларында карағайлыш, қайынды-қарағайлыш ормандар кездеседі.

Аймақтың топырақ жамылғысы кешенді келеді, қара-қоңыр топырақтар мен қатар кебірлер, сортаң топырақтар кездеседі.

Қара-қоңыр топырақтар кескінінің құрылышы: A-B₁-B₂-B_K-C.

Қара-қоңыр топырақтың тың жерлердегі құрылышы мынадай: A₀ (дала тесеніші- киізі-степной войлок), оның астында А – гумус жиналу қабаты, одан соң B₁- гумусты аралық қабат, одан төмен B₂- гумус тілдері қабаты, оның астында B_K – иллювиалды карбонатты қабат орнласқан, ол С аналық тау жынысы қабатымен шектеседі, олай болса құрылышы A₀-A-B₁-B₂- B_K-C.

Қара-қоңыр топырақтардың пайда болуы, генезисі бұл аймақтың климатының құрғақшылығымен өсімдік дүниесінің әлсіз дамуымен байланысты екендігін В.В. Докучаев, н:М. Сибирцев дәлелдеген, ал В.А. Ковда қара-қоңыр топырақтарының пайда болуы қуаң даланың ойпанды жазықтықтарында осыған дейінгі палеогидроморфты жағдаймен байланысты деп қаралған.

Қара-қоңыр топырақтарын жіктеуін бірінші рет В.В. Докучаев жасаған: онда А қабатындағы гумус мөлшеріне қарай екі типше-құңгірт қара-қоңыр (4%) және ашық қара-қоңыр(2-3%) топырақтар бөлінген.

Қазір қара-қоңыр тип 3 типшеге бөлінеді: құңгірт (қою) қара-қоңыр (А да гумус 4-5%), кәдімгі қара-қоңыр немесе нағыз қара-қоңыр (3-4%) және ашық қара-қоңыр(2-3%) топырақтар.

Типшелер мынандай тектерге бөлінеді: кәдімгі, кебірлі, сортанданған, кебірлі –кермекті, карбонатты, терең сортанданған, тұтасқан және шала дамыған.

Қара-қоңыр топырақтар қасиеттері: гумус мөшері 1-дан 5%-ға дейін, катиондармен алмасу сиымдылығы 100 г топырақта 45 мг-экв-ке дейін. Топырақ ортасының реакциясы сілтілі, сілтілігі карбонатты қабатта артады.

Қара-қоңыр топырақтары ауыл шаруашылығында (егін және мал шаруашылығы) кеңінен қолданылады. Олар игеріліп егістік алқаптар құрамына кірген. Бұл топырақтарда біріншіден ылғал мөлшері тапшы болып келеді. Соңдықтан ауыл шаруашылығында тыымды пайдалану үшін ылғал мөлшерін арттыру және сактау шаралары (қыста қар тоқтату, көктемде ылғалдың булануына жол бермеу, егістікте арамшөптерді бодлдырмау, топырақты терең қосыстып аудармау) қатаң түрде жүзеге асырылуы тиісті. Сонымен қатар органикалық және минералдық тыңайтқыштарды, әсіресе фосфор тыңайтқыштарын пайдалану, керекті жағдайларда азот тыңайтқыштарын қосып пайдалану керек. Топырақты жел және су эрозиясына шалдықтырмау шаралары да міндettі түрде игерілуі тиіс.

10.2 Құба топырақтар (сероземы) тау етегінде эфемерлі өсімдіктер бар шөлді аймақтарында таралған. Олар ТМД мемлекеттері Орта Азия, Қазақстан мен Әзіrbайжан республикаларының тау етегіндегі жартылай шөлді аймақтарында кездеседі. Құба топырақтың шабынды құба және шабынды топырақтарымен бірге көлемі 32 млн. га-н (ТМД-ның 1,5%) алып жатыр.

Таулы облыстарындағы тік аймақтық құба топырақтардан басталады. Бұл белдеу климаты континенталды құрғақ және ыстық, қысы жылы әрі жұмсақ.

Белдеудің құрылышы өзендері тау етегіндегі кең көлемді ылдилау жазықтық, ол өзендер мен оқтын-оқтын түсетін уақытша су арнасымен тілімденген. Жазықтықтан тауға қарай ол біртіндеп, кіші төбешікті адырларға ауысады.

Орталық Азияның құба топырағы негізінен бір борпылдақ жыныста – лөс пен лөстік құбалышықтарда қалыптасқан, олар көбінесе ірі малта тастармен төселген.

Кур-Аракс ойпатындағы (Әзіrbайжан) құба топырақтар алювилі-делювилик балышықты немесе ауыр балышықты шөгінділерде дамыған.

Тау етегіндегі жазықтықта жазғы температура деңгейі жоғары. Жауын аз болуы және топырақ ылғалы тым артық булануы салдарынан өсімдіктер жамылғысы шөл далаға тән. Негізгі өсімдіктер тобын эфемерлер мен эфемероидтар, яғни, өлең шөп, қоңырбас, т.б. түрлер қурайды. Эфемерлі (уақытша) шөптесіндер тек көктем айларында жақсы дамиды, жаз айларында олар қурап, тек шөлге төзімді көпжылдық шөптер ғана қалады. Өзен жайылмаларында тоғай ағаштары – жиде, тал, тораңғы, шенғел т.б. өседі.

Құба топырақтарының жаратылуын зерттегішen ғалымдар В.В. Докучаев, Н.М. Сибирцев, К.Д. Глинка, П.С. Коссович, Н.А. Димо, Л.И. Прасолов, А.И. Бессонов болды.

С.С. Неуструев (1908) өзінің «Сырдария облысының топырағы туралы жалпы мағлұмат» атты еңбегінде бірінші рет құба топырақ (серозем) атауын енгізіп, оның құрғақ және ыстық ауажайында, карбонатты жыныстарда қалыптасқанын атап көрсетті, содан кейін жеке типке жатқызылып, бұрынғы КСРО мен дүние жүзіне әйгіленді (Т.Т.Тазабеков және т.б., 2000).

Құба топырақтарының түзілу процесі ерекше гидротермика-ылғалжылулық режимде өтеді. Аталған гидротермикалық ерекшелікке орай, құба топырақта табиғи биологиялық процестерге байланысты. 1) олар жақсы дамыған, жылуы мен ылғалдылығы жеткілікті (мезотермикалық) қысқа көктемдік және 2) тіршілік толық тоқтайтын, топырақ кескінінде басым қабыршақты-тұтікшелі ылғал жоғары көтерілетін ұзақ ыстық және құрғақ (ксеротермикалық) екі жазғы кезеңдері айқындалған (Т.Т.Тазабеков және т.б., 2000).

Құба топырақтар суармалы егіншілікке игергенде табиғи топыраққұрылыу процесі мен заттар құбылымы да өзгереді. Шайылмайтын ылғал типті құбылымы суармалы (ирригациялық) типке ауысады.

Жоғарыда аталып көрсетілген топырақ жаралуы ерекшеліктері әсерінен бұл топырақта гумус мөлшері шамалы болып қалыптасады. Сонымен бірге жаз айларында топырақтың үстінгі қабаттарына, топырақ ылғалының булануына байланысты, карбонаттар мен тұздардың қөтерілуі байқалады, ал қыс және

көктем айларында олар жауыш-шашын ылғалымен төменгі қабаттарға шайылады. Көктем айларында топырақтағы минералдар үгілуге ұшырап, туынды минералдардың түзілуі, балшықтану процесі байқалуы мүмкін.

Құба топырақтар кескінінің құрылышы: А-В₁- В_К-С.

А – гумусты қабат, үстінде әлсіз шым қабат бар, қабаттың қалындығы 12-17 см.

В₁ – аралық қабат, қалындығы 15-26 см.

В_К – иллювиалды карбонатты қабат, карбонаттар «ақ көздер» немесе жұғында түрінде кездеседі, қалындығы 60-100 см.

С – аналық тау жыныстары, 1,5-2 м терендікте ғаныштың жиналагын кристалдары байқалады.

ТМД елдерінде құба топырақтарды үш типке бөледі: құба топырак, суармалы құба топырақ және шалғынды құба топырак.

Құба топырақтар типі үш типшеге бөлінеді: ашық құба топырак, нағыз құба топырақ және құнгірт құба топырақ.

Типшелер мынандай тектерге бөлінеді: кәдімгідей, сортанданған, қалдықты-сортанданған, қайтадан сортанданған, қырыршық тасты.

Құба топырақтар қасиеттері: гумус мөшері топырақтың үстінгі қабатында 1-3,5 %, құрамында фульвоқышқылдар мол, типі гуматты-фульватты, азотпен қанығуы жақсы. Алмаспалы сіңген катиондар көлемі 16 мг-экв 100 г топырақта, сіңіру кешені негізінен кальциймен қаныққан, топырақ ортасының реакциясы сілтілі.

Құба топырақтардың гранулометриялық құрамы шанды жеңіл саздақты, 0 шанды орташа саздақты болып келеді.

Құба топырақтардың ылғалдылық-физикалық қасиеттері жақсы болып келеді, су өткізгіштігі жақсы, ылғал тұтқыштығы қанағаттанарлық дәрежеде.

Құба топырақтар өте ерте заманнан бастап адамдармен игеріліп, бұл жерлерде өркениетті елдер қалыптасып дамыған. Қазіргі заманда да құба топырақтар суармалы егістікте кең көлемде игерілген. Бұл алқаптарда мақта, көкөніс, жеміс-жидек, жүзім шаруашылықтары дамыған. Сонымен бірге суармалы құба топырақтарда қанта қызылшасы, жүгері, темекі өсімдіктері мол өнім береді.

Тау етегіндегі шөлді-дала аймағының топырақтарының құнарлылығын сақтау және арттыру шаралары:

- суармалы жерде қайтадан сортандануды болдырмау және мол өнім алу үшін ғылыми негізделген дұрыс суару жүйесін пайдалану;

- өндөліп, жыртылатын қабаттың қалындығын (терендігін) арттыру;

- гумусты және қоректік заттар мөлшерін жақсарту үшін жасыл тыңайтқыштарды, минералды және органикалық тыңайтқыштарды, көпжылдық шөптерді егуді пайдалану;

- топырақтың жел және су эрозиясына шалдығу қаупі бұл аймақта жоғары болғандықтан эрозияға қарсы қолданылатын шараларды қатаң түрде жүзеге асыру;

- сортанданған топырақтарды түзден шаю шараларын жүзеге асыру.

10.3 Шөлейт аймағы ашық қара қоңыр топырақтары аймағының оңтүстігінде орналасады. Аймақтың алаңы – 46 млн га. – ТМД өлкелерінің 2%. Каспий маңайында, Арал маңайында және Қазақ ұсақ шоқының оңтүстігінде бұл аймаққа ерекше – қоңыр топырақтар кездеседі.

Климаттық шарттары: континенталды, өте құрғақ, жауын-шашын мөлшері 125-170 мм, оның басым бөлігі көктемде, біраз бөлігі күзде түседі, гидротермиялық коэффициенті – 0,1-0,3, ІК=0,2-0,25, қыс – қыска, сүйк, аз қарды. Жаз ұзақ, ыстық және құрғақ. Жылдық орташа температура – 6-7° С. Қыраусыз мерзімнің ұзақтығы – 160-190 күн.

Топырақ құралу жағдайлары. Жер бедерінде тегістік көпшілік көрсетеді, бірақ қыраттар да кездеседі: Торғай үстірті, Каспий ойпаты, Қазақ ұсақ шоқы (Сарыарқа). Топырақ құруши немесе түзуші жыныстар ретінде лесс тәрізді құмбалшықтар, құмдар, әктастар және балшықты сланцылар. Түзды жыныстар да кездеседі. Гранулометриялық құрамы жеңіл шөгінділер де көп тараған.

Өсімдік жамылғысы: ксерофитті шала бұта және тұзға төзімді шөптесін өсімдіктер басым. Дегенмен өте сирек келеді. Құмды топырақтарда біраз жиі, түзды құмбалшықты топырақтарда сирек. Өсімдік түрлері: құм жусаны, сүттіген, ерекшөп, астрагал, бұйырган, бетеге. Түзды топырақтарда жусан түрлері, изен, қараматау (камфоросма), көкпек, кесте жусан және т.б. Сексеуіл және тамарикс бұталары да кездеседі. Жалпы өсімдіктермен жабылуы 20-30% аспайды.

Аймақтың топырақ типі – қоңыр топырақтар-бурые почвы.

Топырақ қабаттары (топырақ кескінінің қабаттары жіктелуі өте қыын немесе әлсіз байқалады):

A_K - топырақ қабықшасы, қалындығы 2-4 см

A – гумусты-элювиалды қабат, Сұршыл-қоңыр түсті. Борпылдақ немесе қабатты түйіртпектілі болады, қалындығы 12-15 см.

B₁ – гумусты-тұнбалы қабат. Қоңыр, ашық-қоңыр түсті, өте тығыз. Түйіртпектілі ірі кесекті, қалындығы 12-15 см. HCl - -дан қайнайды. M=A+B₁=30-35 см.

B_K – карбонатты қабат, сары-қоңыр түсті, тығыз қабат. Кесекті-жанғақ тәрізді түйіртпектілігі. Қалындығы 25-40 см. Қарбонаттар көп мөлшерде кездеседі.

C_S – сұр түсті. 80-100 см терендікте гипс қабаты көрінеді C_r, оның астында түзды қабат орналасады C_C.

Аймақта топыраққа өте аз мөлшерде өсімдік қалдықтары қалады – орта 4-5 ц/га. Су тапшылығы, өте жоғары температура, топырақтағы аэробты процестер органикалық қалдықтардың ыдрауына себеп болады. Топырақ ерекшелігі: аз гумус мөлшерлерімен гумусты қабаттың аз қалықтығы. Органикалық қалдықтардың ыдрауы нәтижесінде топырақта Na тұздары жиналады.

Қоңыр топырақтардың жіктелуі:

3 типшеге бөлінеді: 1) Типті, шөл-дала қоңыр топырақтары – Каспий маңайы топырақтары гумус мөлшері 1,5-2,0 %. 2) Ашық түсті, шөл дала қоңыр топырақтары – Қазақстан қоңыр топырақтары гумус мөлшері 1-1,5%. 3)

Гипссіз, шөл дала қоңыр топырақтары – Орта Азия қоңыр топырақтары гумус мөлшері 1,5-2,0 %.

Негізгі тектері:

- қоңыр дала-шөл топырақтары – типшесі еркшеліктерін толық тасиды.
- карбонатты қ.т. – қарбонаттарда құрылышады, топырақ үлгілері HCl -дан қайнайды.
- кебірлі қ.т.-топырақ сіңіру кешенінде алмаспалы Na табылады (3-15%).
- шақатталған қ.т. – шақаттану процестері көрінеді (гумусты қабатта SiO_2 кремнезем бар).
- сортанды қ.т. – тұзды жыныстарда қалыптасады.
- борпылдақ құмды қ.т. – құмды жыныстарда қалыптасады, генетикалық қабаттарға бөлінуі өте белгісіз.
- аз дамыған қ.т. - өте тығыз жыныстарда қалыптасады, $A+B_1=15-20$ см.
- гипсті қ.т. – гипсті жыныстарда қалыптасады.
- гипссіз қ.т. – жеңіл механикалық құрлұы, тұзсыз қ.т.

Қоңыр топырақтардың қасиеттері:

- 1) Иллювийлену процесі көрінеді – тұнбалы заттардың В қабатына шайылады.
- 2) А қабатында Ca, Mg және тотықтар аз мөлшерде кездеседі. Бұлар В қабатына тасылады.

Гумус мөлшері 1-2,5 %. Гумус түрі гуматты-фульфатты. Азот мөлшері өте аз 0,1-0,2 %, фосфор мөлшері де аз – 0,1-0,2%, калий мөлшері жеткілікті. Сіңіру сиымдылығы – 3-5 мг-экв/100г топырақта – жеңіл топырақтарда 5-15 мг-экв/100г топырақта – құмбалшықтарда. Топырақ сіңіру кешенінде Ca, Mg көпшілік көрсетеді, Na кациондары да кездеседі. pH=7,5-9. Түйіртпектілігі нашар, су өткізгіштігі нашар. Өте тығыз топырақтар.

Ойпаттарда шалғынды-дала қоңыр топырақтары кездеседі. Гумуспен өте қою түске боялады. Гумусты қабатының қалықдығы 50-60 см. Топырақ жамылғысында кебірлер кездеседі.

Сұршыл-қоңыр топырақтар құрылышы поцесінің ерекшеліктері – қысқа мерзімді және үзілісті гумус жиналуы. Көктемде ылғалды шарттарды өсімдіктер өркендер, топырақта биологиялық процестер жылдам жүреді. Өсімдік қалдықтары бір мезгілде ыдырап, тонырақта аз мөлшердегумус түзіледі. Жаз мерзімінде топырақтағы биологиялық процестер тоқтайды. Органикалық қалдықтардың мөлшері 100 ц/га.

Топырақ қабаттары:

К – топырақ қабықшасы. Сұр түсті, 3-5 см қалындығы.

А – сұр түсті, қалындығы 5-7 см. Қабатты қалыптасады.

ВС – қою-қоңыр, немесе күрен түсті, тығыз, призмалы-ке секті түйіртпектілігі.

C – 40-50 см терендіктен басталады. Тұзды, гипсті болады.

Сұршыл-қоңыр топырақтардың жіктелуі:

1) Типті сұршыл-қоңыр карбонатты топырақтар.

2) Аз карбонатты сұршыл-қоңыр топырақтар.

Тектері:

- сүршыл-қоңыр шөл кәдімгі топырақтар – тегістік дерлерде, борпылдақ жыныстарда құрылышады;
- сүршыл-қоңыр кебірлі топырақтар – топырақтың жоғарғы қабатында тығыз призмалы түйіртпектілі қабатының табылуы. ТСК да Na^+ бар.
- сүршыл-қоңыр сортаң топырақтар – топырак қабатында жеңіл еритін тұздар табылады.
- сүршыл-қоңыр гипсті топырақтар – 40-50 см терендікте 50 % -ға дейін гипс табылады.

Топырақ қасиеттері:

Механикалық құрамы - құмдардан – құмбалышықтар арасында. Гумус мөлшері - 1%, азот мөлшері: 0,04-0,07%, фосфор мөлшері – 0,07-0,15 %. Гумус түрі фульфатты, сініру сиымдылығы – 5-10 мг-экв/100 г топырақта. ТСК-да Ca^{++} , Mg^{++} басымдылық көрсетеді. Тұзды топырақтар ($\text{Cl}-\text{SO}_4$ SO_4-Cl). Су өткізгіштігі өте нашар. Түйіртпектілігі өте нашар.

10.4 Тақырлар – шөл аймағында кездесетін ерекше топырақ типі. Олар Сырдария өзені сағасында, Қызылқұм, Үстірт, Бетпақдаға аумағында кездесетін тегістелген табақша тәрізді ойпаттармен, ойпатша жерлерде кездеседі.

Тақырлар көбінесе гранулометриялық құрамы балшықты қоңе дәуірдің аллювий шөгінділерінде, пролювиалды, делювиалды аналық тау жыныстары үстінде пайда болады, олар карбонатты және тұзды болып келеді.

Тақырдың үстінде жоғары сатыдағы өсімдіктер өспейді, оның бетінде тек қысқа мерзімді дамитын балдырлармен қыналар қоныстанады.

Тақырлардың жаратылуы туралы әр түрлі көзқарастар бар. Солардың ішінде И.П.Герасимов пен Е.Н.Иванова тақырларды гидроморфты топырақтар қатарына жатқызып, топырак түзілу сортаңдану кебірлену процестері әсерінен қалыптасып және топырақта қайталанып кезектесіп жүретін сортаңдану мен тұздардың шайылуы құбылыстарының топырақ түзілуіне ықпал тигізетінің көрсетеді. Ә.Оспанов пен А. Н. Розанов тақырлардың жаратылуын, кескінінің және физикалық қасиеттерінің қалыптасуын, олардың аналық тау жыныстарының балшықты болып келуімен байланыстырады. Шөл аймағының гидротермиялық жағдайлары және аналық тау жыныстарының гранулометриялық құрамы тақырлардың нашар қсиеттерінің қалыптасуына әдетте үлкен ықпал жасайды.

Тақырлардың басты морфологиялық белгілері келесідей:

Оның құрылышы ерекше болады. Үстінде тарамдалып жарылған қатты, қызылттау сарғыш түсті, қуысты кабыршақ қабат бар. Қалындығы 3 см болып келеді. Құрғак күйінде бұл қабат өте қатты дымқылданғанда тығыздалып, жабысқақ болады. Жарықтардың терендігі 15-20 см-ге жетеді. Кеүіп қалған балдырлар топырақ бетіне қызылттау түс береді. Қабыршақ қабаттан кейін, қабыршақ емес қабаты орналасқан, қалындығы 6-12 см-ге жетеді.

Өте қатты, түйіршіктері де тығыздалған, ал дымқылданғанда біртекті тығыз жабысқақ күйге көшеді. Бұл қабаттан кейін құрылымсыз тығыздалған

тоң кесекті қабат орналасады және ол аналық тау жынысына өте ұқсас больш келеді.

Тақырлардың өте тығыздалып, қатуы оның құрамында-коллоидты бөлшектердің мол болуымен байланысты, ал үстінде қабыршақтың пайда болуы құрамындағы натрий иондарының ылғалды топырақтың түйіршіктерін ірітіп, бұзуы және өте құрғақшылық жағдайда топырақ бетінің кебуімен байланысты болып келеді.

Тақырлар сортандануына, ылғалдылығына және қабыршақ қабаттың даму дәрежесіне байланысты екі типшеге бөлінеді:

- нағыз тақырлар (балдырлы);
 - шөллейттенген тақырлар (қыналы);
- Нағыз тақырлардың келесідей типтері бар:
- кәдімгідей;
 - сортандаған;
 - кебірленген;
 - тығыздалып кебірленген;
 - құмданған

Тақырлардың гранулометриялық құрамы әдетте балшықты болып келеді, ал кескінінің төменгі қабаттарында құмдардың жиналыш жеңілдеу гранулометриялық құрамға көшуі байқалады.

Тақырларда гумус мөлшері өте аз (0,3-0,8 %), гумусты заттары ішінде фульвоқышқылдар басым ($\text{Сг:Сф} = 0,4-0,5$), жалпы азоттың қоры 0,03-0,06% болып келеді. Жылжымалы фосфордың және алмаса сінген калийдің мөлшері аз. Сіңіру сыйымдылығы 100 г 5-10 м-экв. Сіңіру кешені құрамында $\text{Ca}^{2+}, \text{Mg}^{2+}$ иондарымен бірге, көбінесе Na^+ иондары да мол болады (>20%). Топырақ ерітіндісінің реакциясы өте сілтілі (рН 8-10). Тақырлардың көпшілігі сортанданған. Тұздар әсіресе қабыршақ астындағы қабатта жиналған. Карбонатты тақырлардың үстіңгі бетінен бастап кездеседі. Тақырлардың ылғалдылық және физикалық касиеттері нашар. Олардың ылғал өткізгіштігі шамалы, байланыстылығы үлкен, қыстылығы нашар. Құрғақ күйінде өте тығыздалған. Бұл топырақтың құрамында әрқашанда ылғалдың тапшылығы байқалады.

10.5 Қарастырылып отырған аймақтар ылғалмен қамтамасыз етілмеген аймақтарға жатады. Соңдықтан бұл аймақтарда негізінен ылғал жио және ылғал сақтау шаралары жүргізіледі. Сонымен қатар бұл аймақта кебірлер де көп таралған, соңдықтан кебірлерге қарсы шаралар қолданылады. Кей уақытта жел эрозиясы да байқалады, бұл жағдайларда оған да қарсы шаралар қолдану керек.

Сонымен қатар суару жүйесі, органикалық және минералды тыңайтқыштарды енгізу дұрыс жүргізілуі шарт.

Тау етегіндегі шөлді-дала аймағы топырақтарының құнарлылығын сақтау және арттыру шаралары жоғарыда қарастырылды.

Әдебиет:

1, с.164-166. 173-192; 2, с. 311-320; 337-355; 3, 73-81; 102-129; 160-172 б; 9, с.310-333.

Бақылау сұрақтары:

1 Қара-қоңыр, қоңыр, сұршыл-қоңыр, құба топырақтар және тақырлар қандай аймақтарда таралған?

2 Қара-қоңыр, қоңыр, сұршыл-қоңыр, құба топырақтар және тақырларда қандай топырақ түзілу процестері жүреді?

3 Қара-қоңыр топырақтар қандай типшелер, тектер және түршелерге бөлінеді?

4 Қара-қоңыр, қоңыр, сұршыл-қоңыр, құба топырақтар және тақырлардың қандай қасиеттері бар?

5 Қара-қоңыр, қоңыр, сұршыл-қоңыр, құба топырақтар және тақырлар ауыл шаруашылығында қалай пайдалынады?

11 Тақырып Интрааймақтық топырақтар

Мақсаты: Интрааймақтық топырақтардың құрылу жағдайлары мен процестері, құрылышы және қасиеттерін оқып білу.

Дәріс сұрақтары:

11.1 Кебірлер, құрылышы және қасиеттері

11.2 Сортандар, құрылышы және қасиеттері

11.3 Солодътар (кermекті топырақтар)

11.1 Кебірлер – шайылымды немесе иллювиальды (В) қабатында көп мөлшерде сінірілген алмаспалы натрий, кейде магний иондары да бар топырақтар. Онда сінірілген натрий мөлшері жалпы катиондар сиымдылығының 15-20 % тең, ал магний 45% артық.

Қазақстанда кебір топырақтар көлемі 9 млн. 84 мың га. Кебірлердің түзілуі туралы бірнеше ғылыми тұжырымдар бар және олардың барлығы кебірдің түзілуіне натрий иондарының қатысы бар екенін бір ауыздан мақұлдайды. К. Гедройцтың тұжырымдамасы бойынша кебірдің түзілуі натрий иондарының әсерінен топырақтың түйіршектерінің ыдырап, оның үстінгі бетінен коллоид бөлшектердің жылжып төмен түсіп, иллювиалды кебірленген қабаттың пайда болуымен байланысты. Жалпы бұл топырақ түзілу процесінің теориясын коллоидтық-химиялық деп атайды. К. Гедройцтың теориясы бойынша кебірлену процесі 2 кезеңде өтеді: а) топырақтың бейтарап тұздармен сортандануы немесе тұздануы, яғни сортаң топырақтың жаралуы, б) соңғының кебірлену құбылышына шалдығуы және ерекше қасиеттері бар кебір кескінінің құрылуы. К. Гедройц сортаң шайылудың үш сатысын ажыратқан: жеңіл еритін тұздар шайылуды; сода тұзының пайда болуы; топырақ түйірлерінің бытырап, кескін бойы төмен жылжуы.

Сонымен қатар кебірлердің түзілу процесі жайындағы ілімге К. Глинка, В. Вильямс, Е. Гильгард, В. Ковда, Н. Панов және б. үлесін қости.

Қазақстанда көбінесе кебірлердің пайда болуына тұзы көп топырақ түзуші аналық тау жыныстары немесе жер бетіне жақын орналасқан натрий тұздары мол ыза судың ықпалы себеп болады.

Кебірлер тегіс немесе ойпаттау жер бедері бар алқаптарда, аумақты Батыс Сібір жазықтығы, Каспий маңы ойпаты сияқты өңірлерде, өзен көл жайылмасынан жоғарылау орналасқан террасаларда жиі кездеседі.

Кебір топырақтар үстіндегі өсімдік жамылғысы кебірлерге бейімделетін ерекше өсімдіктер тобына жататын жусан, изен, кермек сияқты шөптердің басым болуымен сипатталады.

Кебір топырақтағы микроорганизмдер мөлшері мен тұр сандары аймақтық топырақтарға қарағанда біршама кем және топырақтың биологиялық белсенелілігі де шамалы. Әсіресе бұл көрсеткіштер кебір қабатта күрт кемиді. Бұл топырақтардың үстінде балдырлар көп және олар топырақ үстіндегі минаралдардың ыдырауына ықпал жасауды мүмкін. Сонымен қатар, бұл топырақтарда омыртқасыз жануарларда шамалы, осыған байланысты топырақты қосыту, араластыруға қатысушылардың аз екендігі байқалады.

Кебір топырақтар кескінінің құрылышы: A₁-B₁- B₂-C.

A₁ – гумусты-элювиальді қабат немесе кебірдің үстіңгі қабаты, қалындығы 2-18 см.

B₁ – иллювиальді кебір қабат, қалындығы орташа есеппен 7-12 см-ге жетеді.

B₂ – кебірдің астыңғы қабаты, бұл қабатта жиналған карбонатта ақ дақтар күйінде кездеседі, кейбір тұздардың жиналған белгілері көрінеді. Бұл қабат біртіндеп аналық тау жынысы қабатына ауысады.

C – жеңіл еритін тұзы көп аналық жыныс.

Кебірлердің класификациясы (жіктелуі) өте күрделі іс, өйткені олар әр аймақта, аймақ ішінде, түрлі геоморфологиялық (жер бедері) және гидрогеологиялық жайдайларда (грунттық су-ыза су) қалыптасады.

Қазіргі кезде ылғал және соған байланысты тұздану құбылымы қасиетіне, гумус мөлшеріне қарай кебірлер үш түршеге бөлінеді: автоморфты (ыза су 6 м терендейден әрі, оның түзілуіне әсер етпейді) немесе далалық типі, жартылай автоморфты (ыза су 3-6м терендейде болса) немесе шалғынды-далалық және гидроморфты (ыза су 3 м терендейден жоғары) немесе шалғындық кебір типіне жатады.

Кебір типшелерге аймақтық топырақтар ішіне орналасуына сәйкес жіктеледі. Мысалы, қара топырақты дала аймағында ол-кебір қара топырақ және т.с.с.

Сонымен қатар кебірлер тектерге, түрлерге оның құрамындағы тұздарға, олардың орналасу терендейгіне, натрий иондарының мөлшеріне, гумусты-иллювиальды қабатының қалындығына, B₁- қабатының құрылымына байланысты жіктеледі. Мысалы, тектері – содалы-сульфатты, содалы-хлоридті-сульфатты, сульфатты-хлоридті, хлоридті-сульфатты, сорланған (тұздар 5-30 м-де), жоғарғы қабатта сортанданған (тұздар 30-50 см-де), теренде сортанданған (тұздар 100-150 см-де), тұзы жок (тұздар 150 см-ден теренде) және т.с.; түрлері,

A_1 қабаты қалындығына сәйкес – 0-5 см-қабыршақты, 6-12 см с аяз, 13-18 см орташа, 18 см-ден артық терең және т.с.

Кебір топырақтар қасиеттері: құрылышының қабаттарға анық жіктелуі, топырақ ортасының реакциясы сілтілі болуы, иллювиалды қабатында нарий иондары мол болуы (алмаса сіңген иондар 10-40 %), иллювиалды қабаттың астында тұздардың жиналуды. Кебірдің үстіндегі A_1 қабатында гумус мөлшері аймақтық топырақтағы мөлшерден кемірек болып қалыптасады, гумустік затар құрамында кебірлі қабатта, әдетте фульфоқышқылдар гумин қышқылынан артық. Алмаспалы натрий мөлшері кебірлі B_1 қабатында 13-15, кейде 30% (сіңіру сиымдылығынан) жетеді. Әдеттегіде кебірлерде жылжымалы фосфор мөлшері жоғары емес.

Кебірлерге нашар су-физикалық және физикалық қасиеттер тән. Массасы кеүіп кетсе кебірлер қатып тығыздалады да, ылғалданса ісініп жабысқақ лайға айналады. Сондықтан олардың су өткізу қабілеті төмен және тиімсіз ылғал қоры жоғарылайды.

Кебір топырақтар ауыл шаруашылық алқаптар үлкен қоры, бірақ оларды игеру үшін түбегейлі жақсарту (мелиорация) керек. Кебірлердің нашар агрономиялық қасиеті-құрамындағы сіңірлген натрийдің көптігінде, сондықтар оның құнарлылығын көтерудің тиімді құралы болып, құрамындағы сіңірлген натрийді ғаныш (гипс) тұзы кальциіне алмастыру, осылай кебірдің су-физикалық және химиялық қасиеттері жақсарады. Жақсартатын затар ретінде гипстен басқа фосфогипсті немесе хлорлы кальцийді қолданады.

Шабынды далалық және далалық кебірлерді, әсіресе суармалы жағдайда пайдалану тиімді. Кебірлерді мәдениелендіруде басқа тәсілдер ұсынылған, мысалы, терең қайыра жыртып, топырақ кескініндегі карбонаттар мен гипс кальциін пайдалану (өзінді жақсарту). Сонымен қатар кебір топырақтарда оған төзімді, оның қасиеттерін жақсартатын өсімдіктер – түйе жоңышқа, қыша т.б. өсіреді (фитомелиорация).

11.2 Сортандар – кескінінде өсімдіктерге зиянды жеңіл еритін тұз көп шоғырланған топырақтар. Олардың 0-30 см қабатында 0,6%-дан артық сода, немесе 1%-дан артық хлоридтер, немесе 2%-дан артық сульфаттар болуы мүмкін. Былайша атіқанда тұзы мол топырақтарды сортандар дейміз.

Қазақстанның жазықтық жерінде сортаң топырақтар төмен орналасқан нашар құргалатын алқаптарда, ашы көлдердің жағалауында, өзендер аңғарында, көне өзен, теңіз террасаларында көне тартылып қалған көлдер орнында кездеседі.

Сортандар мол мөлшерде тұздардың жиналуды әсерінен яғни сортандану процесі ықпалынан түзіледі. Сортаң топырақ түзілу үшін біріншіден, ландшафта еркін қүйінде тұздар пайда болуы, ал екіншіден, олардың топырақта жиналуды байқалуы керек.

Сортандар көбінесе ыза деңгейі құрылышынан жақын жатқан жерлерде қалыптасады. Ол топырақтағы ылғал жіпсү құбылымы арқылы ашы ызының жоғары көтерілу құбылысының нәтижесі, сонымен қатар түтіктер арқылы буланған кезде, топырақтың жоғарғы қабатындағы жеңіл еритін тұздар да қоса

көтеріліп шоғырланады. Топырақтың сортаң тартуы аналық жыныстардың тұздылығынан да болады, мерзімді басым ыстықта уақытта, жыныстағы ылғал булануынан топыракта 500-1000 т/га-ға дейін жеңіл еритін қосымша тұздар жиналады. Суармалы егіншіліктегі суды ысырапты жұмсағанда топырақ қайта сортанданады, өткені қолдан берген су жеңін еритін тұздарды топырақ кескінінде таратады.

Сортаң топырақтың өсімдік жамылғысы кедей болады. Онда тұзға төзімді галофит өсімдіктер (кермек, қара жусан, ши) өсіп, оның бетін 20-40%-ға дейін жабады. Кейде олардың үстінде тұзға төзімді астық тұқымдас шөпттер өседі, ал өте тұзы көп сортаң топырақтарда өсімдік жамылғысы болмайды.

Сортаң топырақтар кескінінде құрылышы: А-В-С.

А қабаты жұқа болады, одан кейін жеңіл еритін тұздар жиналған В қабаты орналасады, осы қабат біртіндеп аналық тау жынысы қабатына -С ауысады.

Сортандар автоморфты және гидроморфты типтеріне бөлінеді. Автоморфты (құрғақ текті) сортандар екі типшеге бөлінеді, олар: нағыз және тақырланған сортандар. Гидроморфты (ылғал текті) сортандар келесі типшелерге бөлінеді: нағыз сортаң, шалғындық сортаң, батпақты сортаң, сор топырақ, жанартаулы-батпақты сортаң, төмпешікті сортаң.

Сортандар түрлерге, тік кескінінде тұздардың жиналу сипатына байланысты екі түрге бөлінеді: үстінен сортанданған (тұздар 0-30 см үстіндегі қабатта жиналған), терең сортанданған (тұздароның тік кескінінде үстінен бастап терең астыңғы қабаттарына дейін жиналған). Сонымен қатар үстіндегі қабатының морфологиялық белгілеріне байланысты сортандар келесі түрлерге бөлінеді: қабыршақты (NaCl тұзы әсерінен қабыршық пайда болады), үлпілдеген (Na_2SO_4 тұзы әсерінен үлпілдек кристалдар пайда болған), ылғалданған (CaCl_2 және MgCl_2 ылғаал тұтқыш тұздары болып, әрқашан ылғалды болады), қара сортаң (Na_2CO_3 тұзы әсерінен гумус еріп топырақтың тік кескіні қараға боялған).

Сортаң топырақтарды жақсартуға өте көп қаражат керек. Соңдықтан оларды қазіргі уақытта Қазақстанда жақсартып игермейді. Кейбір аудандарда оның үстінен біршама өсімдік жамылғысы болса мал жайылымы ретінде пайдаланады.

11.3 Кермекті топырақтар – негізінен орманды дала мен дала аймақтарында, көбінесе Батыс Сібір ойпатында, аздаپ құрғақ дала мен шөл дала да кездеседі. Кермекті топырақ кескінінде мынадай қабаттар айқындалған: А₀, А₁, А₂, А₂В, В (В₁В₂), С.

А₀ – орман төсөніші немесе шым, А₂ – кермектелген, одан әрі өтпелі А₂В қабат жатыр, келесі В – иллювили-шайылмалы қабат, кейде қабатшаларға бөлінген, иллювили В₂ –нің төменгі жағы, С – топырақ құраушы жыныс.

К. Гедройц көз қарасынша кермектілер кебір топырақ бұзылуынан ондағы алмаспалы натрий сутегіне алмасуынан пайда болған. Сонымен қатар кермекті топырақтардың басты белгісі құрамында 5% калий сілтісіндегі еритін аморфты кремний қышқылының болуы. Жалпы ғалымдардың пікірлері бойынша кермектілер құралуы тек арнайы физикалық-химиялық және химиялық

құбылыстарға байланысты емес, бұл процесс – анықталған биологиялық және биохимиялық әрекеттер жиынтығы.

Гумус мөлшері бұл топырақта кең ауытқымалы (1,5-10%) құбылмалы, әсіресе ол дала лимандарында шымды кермектілерде көп, гумустық заттар құрамында фульвоқышқылдар үлесі артық, негіздер сініру сиымы кермектелген қабатта төмен (10-15), иллювилі қабатта жоғары (30-40 мг/экв 100 г топырақта), сінірілген катиондар ішінде кальций мен магний артық, натриймен сутегі аз. Топырақ ортасының реакциясы А₂ – ліктің реакциясы қышқыл немесе сәл қышқыл, ал төменгі қабатта бейтарапты немесе сәл сілтілі.

Қалыптасу жағдайына қара кермектілер үш: шабынды далалық, шабынды (шымды-глейлі) және шабынды-батпақты (шымтезекті) типшелерге бөлінеді.

Шабынды далалық кермектілер ақ қайынды шұбар орман астында, ойпаң жерлерде, шөптесін астында құралады.

Шабынды-батпақты кермектілер ойпандарда, шабынды-батпақты өсімдіктер астында, ыза деңгейі жақын жатқан (1 м) жағдайда дамиды.

Шабынды кермектілер лиман типті ойпандарда, шөптесін жамылғысы астында қалыптасады.

Шабынды-батпақты кермектілер арасында торфты-глейлі (A₀- 5-10 см, және A₀- 5-10 см) түрлері бөлінеді. Сортандану дәрежесіне қарай шабынды-батпақты, шабынды-кермекті сортанды жеңіл еритін жоғары тұздар жататын (3 м қабатта) және сортанданған (тұздар одан төмен жатады) түрлері бар

Шабынды далаалық кермектілерде әдетте, тұщы және кебірленбегендері артық болады.

Кермектілерді ауыл шаруашылығында пайдалану мен олардың құнарлылығын арттыру үшін органикалық және минералдық тыңайтқыштар қолданады. Көбіnde жоғарғы жақ ортасы қышқыл болатындықтан, оған қосып бейтараптау үшін әктеу қажет. Бұндай топырақтар суфизикалық қасиеттерінің нашарлығымен ерекшеленеді, оларды жақсартудың агротехникалық шаралары ішіндегі ең тиімдісі – топырақты терең қосыту және органикалық заттармен байыту болмақ.

Кермекті топырақ ауыл шаруашылық дақылдарын егуде құрылық бедері кедергі жасайды. Сондықтан кермекті жерлерде көбінесе ағаш өсіру пайдалы. Дала лимандарында қалыптасқан шымды-кермекті топырақ жақсы гумустілігімен ажыратылады, олай болса лимандар өнімді шабындыққа пайдалынады.

Әдебиет:

1, с.148-163; 2, с. 320-337; 3, 81-102 б; 9, с.333-353.

Бақылау сұрақтары:

1 Кебірлер, сортандар, кермектілер қандай аймақтарда көп таралған?

2 Осы аталған топырақтарда қандай топырақ түзілі процестері жүреді?

3 Кебірлер, сортандар, кермектілер қандай типшелер, түрлер және тектерге бөлінеді?

4 Кебірлер, сортандар, кермектілердің қасиеттерін атаңыз.

5 Осы аталған топырақтар ауыл шаруашылығында қалай пайдалынады және қандай шаралар қолданылады?

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Негізгі:

1 Почвоведение. Под ред. И.С. Кауричева. – М.: Агропромиздат, 1989. - 719с.

2 Почвоведение с основами геологии. Под ред. В.П.Ковриго. – М.: КолосС, 2008. - 439 с.

3 Топырақтар географиясы. Жалпы редакциясын басқараған Т.Т.Тазабеков. – Алматы, Агрониверситет, 2000. - 180б.

4 Почвоведение. Под ред. В.А.Ковды, Б.Г. Розанова. – М.: В.школа, 1988. – 400с.

5 Практикум по почвоведению. Под ред. Кауричева И.С. - М.: Агропромиздат, 1986.-336 с.

6 Толстой М.П. Геология с основами минералогии.- М.. Агропромиздат, 1991. – 315с.

Қосымша:

7 Евстифеев Ю.Г. Почвы Каз.ССР в 16 томах. Вып. 6. Почвы Кустанайской области.– А.–А.: Наука, 1966. - 318 с.

8 Добровольский В.В. География почв с основами почвоведения.– М.: Владос, 2001. – 384с.

9 Муха В.Д. и др. Агропочвоведение. – М.: Колос С, 2003. – 528с.

10 Мамонтов В.Г. и др. Общее почвоведение. – М.: КолосС, 2006. – 456с.

11 Тазабеков Т., Тазабекова Е. Орысша-қазақша топырақтану түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1994. – 2006.

12 Качинский Н.А. Физика почвы. – М.: В.шк, 1970.- 306 с.

13 Плодородие почв Казахстана. Вып 2 – 3 – й .– А.–А.: Наука, 1987. – 123с.

14 Дурасов А., Тазабеков Т. Почвы Казахстана.-Алматы, Кайнар, 1981. – 152 с.

15 Вальков В.Ф., Казеев К.Ш., Колесников С.И. Почвоведение. – М. : МарТ, 2006. - 496 с.

16 Маланын А.Н., Чехова Т.И. Морфология почв, Костанай: КГУ им. А.Байтурсынова, 2002. – 19с.

17 Блисов Т.М., Наумов Н.С. Топырақтар экологиясы, Қостанай: А.Байтурсынов атындағы ҚМУ, 2008. – 88б.

18 Бекиров С. Геология негіздері: Оқу құралы. – Алматы, Санат, 1995. – 240 б.

19 Тұяқбаев Н., Арыстанов К., Әбішев Б. Жалпы геология курсы: Оқу қуралы. – Алматы: Білім, 1993. – 248б.

20 Әуезов Ә. Ә. және т. б. Егіншілік: Оқулық. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 344 б.

21 Агрономиялық атаулардың орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. – Целиноград, 1992. -216 б.

22 Орлов Д.С. Химия почвы.- М.: Издательство Московского университета, 1985.- 376 с.